

**«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ
«ҚИнЭУ Кәсіпкерлік колледжі» ЖМ**



***Қаныш Сәтпаевтың 125 жылдығына арналған
«ЖАС-ҒАЛЫМ - 2024»
Халықаралық студенттік ғылыми – тәжірибелік
конференцияның материалдары***



***материалы Международной студенческой
научно-практической конференции
«ЖАС-ҒАЛЫМ-2024»,
посвященной 125 летию Каныша Сатпаева***

Қостанай

ББК 74.47
УДК 377
С23

Сборник статей Международной студенческой научно-практической конференции «Жас-ғалым - 2024», посвященной юбилею Каныша Сатпаева/ Составители Жолдыбаева С.Б., Мамитанова Л.К. – Костанай, «Колледж предпринимательства КИНЭУ», 2024. – 702с.

В сборник включены тезисы выступлений студентов организаций технического и профессионального образования Республики Казахстан, Российской Федерации, принявших участие в Международной студенческой научно-практической конференции «Жас-ғалым - 2024», посвященной юбилею Каныша Сатпаева «Жастар – елдің инновациялық дамуының факторы және ресурсы» проведенного на базе ЧУ «Колледж предпринимательства КИНЭУ» при поддержке КГУ «Методический центр» Управления образования акимата Костанайской области. Статьи распределены в соответствии с тематикой и содержанием по секциям: «Информатика и информационные технологии»; «Транспорт, транспортная техника и транспортная технология»; «История и филология»; «Актуальные проблемы естественных наук»; «Педагогика и психология»; «Start-up. Будущее глазами тинейджеров» ; «Современные технологии пищевой отрасли»; «Экономика и менеджмент». Сборник издается в авторской редакции.

ББК 74.47
УДК 377
С23

АЛҒЫ СӨЗ

Жинаққа 2024 жылғы 22 ақпанда өткен «Жас-ҒАЛЫМ-2024» «Жастар – елдің инновациялық даму факторлары және ресурстары» халықаралық студенттік ғылыми – практикалық конференциясында ұсынылған ғылыми жобалардың тезистері кірді. «Жас ғалым-2024» халықаралық студенттік ғылыми – практикалық конференциясы көрнекті геолог, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған.

Конференцияның мақсаты - студенттердің ғылыми-зерттеу, ғылыми-тәжірибелік жетістіктерін насихаттау және зерттеу құзыреттілігін дамыту.

Конференцияға Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің 300-ден астам студенті қатысты.

Конференция аясында келесі секциялардың жұмысы ұйымдастырылды:

Секция 1. Информатика және ақпараттық технологиялар

Секция 2. Көлік, көліктік техника және көліктік технология

Секция 3. Тарих және филология

Секция 4. Жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері

Секция 5. Педагогика және психология

Секция 6. Start-up. Болашақ тинейджерлер көзімен

Секция 7. Тамақ өнеркәсібінің замануи технологиялары.

Секция 8. Экономика және менеджмент

«Жас ғалым – 2024» конференциясы екі тілде өтті: қазақ және орыс.

Конференцияда айтылған тақырыптардың мәселелері өзектілігімен ерекшеленді, қоғам дамуының заманауи аспектілерімен үндес болды.

Студенттердің жұмысын Қостанай облысының ғылыми қоғамының, әлеуметтік серіктестерінің, бизнес қоғамдастығының өкілдерінен тұратын құзыретті қазылар алқасы бағалады.

Біз студенттік ғылыми-тәжірибелік конференцияның барлық қатысушыларына алғыс білдіреміз.

ПРЕДИСЛОВИЕ

В сборник вошли тезисы научных проектов представленных на Международной студенческой научно-практической конференции «ЖАС-ҒАЛЫМ – 2024» «Жастар – елдің инновациялық дамуының факторы және ресурсы», которая прошла 22 февраля 2024 года. Международная студенческая научно-практическая конференция «Жас ғалым – 2024» посвящена 125-летию Каныша Имантаевича Сатпаева, видного ученого-геолога, общественного деятеля, первого президента Академии наук Казахской ССР.

Цель конференции – развитие исследовательской компетентности и пропаганда научно-исследовательских, научно-практических достижений студентов.

В конференции приняли участие более 300 студентов системы технического и профессионального, послесреднего образования Республики Казахстан, Российской Федерации.

В рамках конференции организована работа следующих секций:

Секция 1. Информатика и информационные технологии в обучении.

Секция 2. Транспорт, транспортная техника и транспортная технология.

Секция 3. История и филология.

Секция 4. Актуальные проблемы естественных наук.

Секция 5. Педагогика и психология.

Секция 6. Start-up. Будущее глазами тинейджеров.

Секция 7. Современные технологии пищевой отрасли.

Секция 8. Экономика и менеджмент.

Конференция «Жас ғалым – 2024» проводилась на двух языках: казахском и русском.

Проблематика заявленных тем на конференцию отличалась актуальностью, была созвучна современным аспектам развития общества.

Работы студентов оценивало компетентное жюри, состоящее из представителей научного общества, социальных партнеров, бизнес сообщества Костанайской области.

Мы багодарим всех участников студенческой научно-практической конференции.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

1 СЕКЦИЯ. «ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР/ИНФОРМАТИКА И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ»

1	Амандық Аружан	Мобилография менің тандауым!	20
2	Арапова Наргиз	Білім берудегі кері байланысты ұйымдастыру үшін интерактивті онлайн құралдарын қолдану	22
3	Ашықбай Гауһар	Сайт конструкторлары	25
4	Балгабаева Айжан Надирбекқызы	Білім беруде жасанды интеллектті қолдану: студенттердің үлгерімін талдау және болжау	28
5	Багиткереева Жанар Ерлановна	Портфолио: самопрезентация при трудоустройстве выпускника педагогического колледжа	31
6	Белогаш Дмитрий	Разработка автоматизированной системы подготовки к экзаменам кіркexams с использованием искусственного интеллекта	33
7	Биденко Владислав	Информационные технологии в нашей жизни	35
8	Болих Зайнура Хасановна	Эффективные способы применения интерактивных плакатов в начальной школе	37
9	Гриценко Евгений	Ассистент – бот классного руководителя	39
10	Горбунов Олег	Разработка и имплементация системы автоматического определения скорости транспортных средств в потоке движения	41
11	Данилин Никита	Обучающая игра по географии для студентов 1 курса	44
12	Джаналиева Раули Рустембековна	Білім берудегі виртуалды және кеңейтілген шындықты қолдану	47
13	Джусупеков Жаслан	Разработка 3d-модели кабинета основ предпринимательства	49
14	Епифанцев Никита	Буллинг и роль автоматизации в противодействии: современные тенденции и перспективы	52
15	Закария Нұрбол Мұратұлы	Мектепке арналған информатика пәні бойынша эо әзірлеу	54
16	Қайсар Мөлдір Атымтайқызы	Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технология құралдарын қолданудың мүмкіндіктері	56

17	Калиниченко София Александровна	Применение искусственного интеллекта в учебном процессе	59
18	Козловская Александра	Программные решения для эффективного геологического анализа	62
19	Куценко Арсений	ВІМ моделирование в задачах строительства и архитектуры	64
20	Лошкарев Богдан	Дистанционное управление освещением со смартфона	67
21	Маличев Ярослав	3Д моделирование в учебном процессе как способ раскрытия творческого потенциала обучающихся	69
22	Миниченко Мария	Разработка приложения “Управление бюджетом”	71
23	Мукашев Бекнұр	Жасыл ауыл	74
24	Мұратбек Ерназар	Значение развивающей платформы «я особенный» для логического развития особенных детей	76
25	Мұканова Ділназ Даниярқызы	Неузине интерактивті бағдарламасын білім беруде қолдану.	78
26	Мусапирова Айдана, Николенко Олег	Сайт-опросник для определения выбора профессии абитуриентами костанайского высшего педагогического колледжа	80
27	Овчинников Виталий	Использование нейронных сетей и компьютерного зрения для определения признаков засыпания водителя	82
28	Пестряков Станислав	Исследование возможности автоматизации рабочего процесса в учебном заведении с помощью 1с предприятия	84
29	Сатпанов Қазбек	HTML және оның басқа тілдермен байланысы	87
30	Силадий София, Швებель Оксана	Разработка и исследование умного рюкзака с применением интегрированных технологий	89
31	Смердин Алексей	Виртуальный 3d-тур по лицу как инновационная форма профориентационной работы	92
32	Султанов Данияр, Компаниец Александр	Создание видео-инструктажа по эксплуатации токарного станка с чпу	94
33	Тәуіржан Әділет	Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация	97
34	Федоренко Дмитрий	Интеллектуальная система регулирования розлива питьевой воды	100

35	Фишер Антон, Раченков Владимир, Горичев Кирилл	Компьютерная игра «безопасная железная дорога»	103
36	Хубаев Георгий Дмитриевич	Исследование возможности применения отечественных облачных хранилищ	105
37	Яковченко Валерий	История создания веб программирования	107

2СЕКЦИЯ. «КӨЛІК, КӨЛІКТІК ТЕХНИКА ЖӘНЕ КӨЛІКТІК ТЕХНОЛОГИЯ / ТРАНСПОРТ, ТРАНСПОРТНАЯ ТЕХНИКА И ТРАНСПОРТНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ»

1	Абикенова Айдана, Муха Алевтина	Цифровая трансформация в организации перевозок	110
2	Абдисаматова Ақгүл	Технологии электросамокатов и их влияние на городскую среду	112
3	Алтаев Арслан, Валиев Максим	Умные автомобильные стекла» - гарантия безопасности	115
4	Антонов Артем	Разработка технологического процесса изготовления детали «втулка»	118
5	Әмірбек Бекзат	СП-6 типті бағыттамалы электр жетегін жетілдірілген ALSTOM электр жетегіне ауыстыру	120
6	Бакин Владислав	Проект создания трицикла, на базе мотоцикла марки иж-юпитер 4	122
7	Бирюкова Анастасия	Вариант решения вопроса энергосбережения при отоплении железнодорожных вагонов	125
8	Бука Максим, Гирич Данил	Использование трехфазного асинхронного двигателя в сети однофазного переменного тока посредством частотного преобразователя	128
9	Валиева Виолетта	Микропроцессорные системы управления движения поездов	129
10	Есімбек Бекзат	Қашықтықтан басқару негізінде пойыздардың қозғалысын аралық реттеу жүйесінің тиімділігі	132
11	Иржанова Алма	Применение современных энергосберегающих материалов при строительстве дома для многодетной семьи	135
12	Каримжанов Алишер	Обоснование строительства высокоскоростной магистрали для пассажирских поездов	138
13	Кушкинбаева Айнура	Станциядағы сұрыптау дөңес құрылысын элементтермен толықтыру	141

14	Кадылбеков Ерасыл	Машина жасау саласын автоматтандыру	13
15	Качуровский Виктор	Плазменная резка металла	146
16	Кусаинов Алан	Водород – энергия будущего	149
17	Лебединский Данил	Внедрение Сортировочного Парка на Костанай Северный Парк	152
18	Майканова Аружан	Асоп-автоматизированная система оплаты проезда в городе Костанай	153
19	Мазитова Замира	Кузница профессионалов – колледж-мечта	154
20	Рашидов Ильяс	Автомобиль жолының көлік қатынасындағы маңыздылығы	157
21	Чадова Арина	Центр детского развития – веление времени	160
22	Шайхасламова Арина	Технические решения по повышению безопасности на железнодорожных переездах	163
3 СЕКЦИЯ. «ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ/ИСТОРИЯ И ФИЛОЛОГИЯ»			
1	Абрамова Анастасия	Влияние интернет-сленга на современную устную и письменную речь учащихся средних классов	165
2	Абдулла Әлия Бахтиярқызы	Көне түріктердің руникалық жазбалары	168
3	Альмагамбетов Жаслан	Шежіре – бірлікке үндейтін ұлы дала ағашы	170
4	Аймагамбетова Нурай	Бастауыш сыныпта ертегілержі жаңа технологиялар арқылы оқыту жолдары	172
5	Айгожина Юлия	Роль К.И.Сатпаева в становлении Евнея Букетова	174
6	Айбасова Индира, Сейілбек Айжан	Влияние социальных сетей на русский язык	176
7	Алданазарова Биназир	От письма к смс сообщениям	179
8	Акчурин Владислав	Языковые барьеры при изучении иностранного языка и пути их преодоления	182
9	Аманжан Тілекқабыл	Бақыт ғой «бауыр» деген	184
10	Әбнұр Гүлнәз	Қайсар тұлға қанышым	186
11	Байбусинов Алпамыс	Тұлға тәрбиесіндегі дін мәселелері (абай мен шәкәрім шығармалары аясында)	188

12	Бакирова Ұлбақыт	Қаныш сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі	191
13	Бәкіжан Бекнур	Мұхтар әуезов дәуірдің ойы мен жаны. Мұхтар әуезов «абай жолы»	194
14	Боровинский Тимур	Моя родословная	197
15	Бондарь Эльза	Трагедия человеческой души (на примере Ларисы Огудаловой и Катерины Кабановой)	199
16	Брага Виолетта, Уласевич Татьяна	Из истории памятников города костанай: стена расстрела	202
17	Бүркітбай Шыңғысхан	Әлихан бөкейханов және қазақ әдебиеті	204
18	Блинова Алёна	Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологияларды пайдалану әдістері	207
19	Гусакова Екатерина	Мотив пути в произведениях русских писателей	210
20	Григорьев Александр	Қазақ этнонимінің шығу тарихы	212
21	Дошанова Дильназ	Интерпретация англоязычных брендов в русскоязычной среде	214
22	Джумакулыев Руслан	Женщины железнодорожницы в годы Великой отечественной войны (1941-1945г.г)	217
23	Дүйсенбай Аяжан	Қ.а.ясауи еңбектерінің тәлім-тәрбиелік мәні	219
24	Дүйсенбы Айым	Алаштың асыл тұлғасы	221
25	Жибарева Полина	История Нагорного парка г. Барнаула	224
26	Жураев Хайдар	Значение слова «успех» в русском языке и представление студентов о факторах жизненного успеха	227
27	Жиличкин Г.	Баяндауыштың жасалу жолдары	230
28	Жарылқасынқызы Жанель	М.Әуезов шығармаларындағы топонимдердің тілдік-танымдық сипаты	232
29	Исмаилова Даниса, Жайнабай Азамат	Тарихтың қазақ тіліне әсері	233
30	Калашников Илья	Актуальность применения онлайн-переводчиков в техническом колледже	236
31	Каким Наргүл	Английские фразеологические единицы и идиомы	238
32	Қазтай Алтынай Қайратқызы	Мұхтар Әуезов туралы ой-толғамдар	240

33	Каирбекова Даяна	Роль Каныша Сатпаева в развитии педагогической науки в Казахстане	242
34	Краснова Вероника, Карасева Полина	Использование феминитивов в речи, как необходимость современного общества	244
35	Кудайбергенова Аяжан	Влияние SMS- коммуникации на культуру речи молодежи	246
36	Кабекенов Бекарыс	Сөз мәдениетінің маржан сөздері	249
37	Корнеев Василий	Неофициальные топонимы как подсистема языка города	252
38	Куркин Данил, Стёпина Анастасия	Методология в деятельности Каныша Сатпаева	255
39	Маданият Жания, Маданият Жамила	Семей қаласындағы алаш әскерінің құрылуы	256
40	Мейрамбек Тоғжан	Шешендік сөздерді ағылшын тілі сабағында қолдану-дың тәрбиелік мәні	258
41	Мирзабек Елнұр	Маңғыстауға ел қондырған батырлар	259
42	Мұқан Аяулым Болатқызы	Оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуда еңбек тәрбиесінің маңыздылығы	260
43	Мәсімжан Данияр	Қазақтың соңғы ханы кенесары қасымұлы қазақстан тарихындағы ақтаңдақ есім	263
44	Мазенова Алтынай, Энгельгардт Екатерина	Устное народное творчество как способ воспитания личности ребенка дошкольного возраста	266
45	Нағашыбек Құралай	Испан азамат соғысы және республикашылдарының соғыстан кейінгі өмірі	269
46	Нияскин Пётр	Неологизмы в речи будущих железнодорожников	272
47	Оспанова Аяна	Шобан Жаманқұлұлы – тарихи тұлға	274
48	Платонова В	Фольклор как источник развития семейных ценностей	276
49	Руди Валерия	Исторический альманах партии Алаш	279
50	Румянцева Карина	Древнейшие исторические памятники На территории житикаринского района	282
51	Саттыбаева Рамина	Актуальные проблемы насильственной депортации народов ССР в казахстан	284
52	Сушиева Камилям	Каныш Сатпаев: личность и свершения	287
53	Сереброва Дарья	Использование межпредметных связей на уроках литературы в среднем звене	289

54	Свечников Макар	Извещения о смерти (похоронки) великой отечественной войны как источник информации о военнослужащих косихинского района	292
55	Серікбай Жансая	Абай Құнанбаев шығармаларындағы бейбітшілік пен татулық концепциясы	295
56	Суендик Инабат	Ғұлама ғалым Қаныш Сәтпаев	296
57	Сәбит Көркем	Эвфемизмы как средство внедрения этических норм в речевом поведении	299
58	Темірхан Жанболат	Қазақ тілінің лексикасы. Жастар жаргоны және оның функциялары	302
59	Токтар Ботағоз	Культурологические характеристики молодежного жаргона (сленга) в русском и английском языках	304
60	Тажибаева Альбина	Способы изучения русского языка через интернет	307
61	Умирзакова Аружан	Шерхан шығармаларындағы наным-сенімдер мен символизм концепциясы	309
62	Фирсова Анна	Пәнаралық байланыс жүзеге асыру жолдары	310
63	Хажі А.Б	Қазақ тілін популяризациялаудағы дебат қозғалысы	312
64	Шаукимова Мадина	Әлеуметтік желідегі тіл сауаттылығының маңыздылығы	315
65	Ширнияз Әлия Әскерқызы	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі жануар атаулары бар фразеологизмдер	317
66	Юшко Алена	Наша Великая Отечественная война	320
67	Южакова Ксения	История села Ребриха	322

4 СЕКЦИЯ. «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ/ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК»

1	Амирова Екатерина, Гоф Виктория	Экологический проект «Спасем реку вместе!»	326
2	Амиргали Айғаным, Майбасова Альбина	Қызыл құлақты тасбақаларды зерттеу	328
3	Ахметов Асхат	Астрономические факторы происхождения озера Круглое	329
4	Ахат Сабина	Ұялы телефонның адам ағзасына әсері	331

5	Ахметқанов Бекәділ	Өсімдіктердің жоғарғы температураларға төзімділігін анықтау	334
6	Беседина Вероника	Оценка воздействия поселка на окружающую среду	337
7	Беляева Валерия	Определение устойчивости растений к засоленности почвы и воздействию воздуха	339
8	Болатбекқызы Толғанай	Салу есептерін шешуде геометриялық құралдарды қолдану мүмкіндіктерін зерттеу	342
9	Гардт Дарья	Исследование экологического состояния реки Пивоварка биоиндикационными методами	343
10	Давлетбоева Гулсин	Қатерлі ісіктерді емдеуде химияның ролі	346
11	Докучаева Анжелика, Осадчий Владимир	Строительные отделочные материалы и их влияние на здоровье человека	348
12	Даулет Айдана	Тема научно-исследовательской работы	351
13	Джилкибаева Аяна	Молекулярлық биология және биотехнология	352
14	Есенғалиев Талғат	Кәдімгі судың аз белгілі таңғажайып қасиеттері	354
15	Жалғасұлы Диас	Күнбағыс тұқымының қабығын ағаш-жаңқалы тақта (дсп) дайындауда қолдану	357
16	Жубаназарова Аружан	Каспий теңізінің қазіргі экологиялық жағдайын зерттеу	360
17	Каньшина Вероника	Изучение объектов природного наследия оренбургской области и развитие студенческого туризма	362
18	Қабыл Жансая	Су тіршілік көзі. Маңғыстаудағы су мәселесі	365
19	Кривоспицкий Даниил	Автоматизированная система отопления: беспроводной термостат	367
20	Қариев Диас	Жердің климаттық өзгеруі және адам денсаулығы	369
21	Кумусбекова Жансая	Математика пәнін оқытудағы өзекті ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	371
22	Мәлікова З.С., Рахим М.Н.	Қалампырдан жоғары эффективті қоспалар жасау	374
23	Мұстафа Айдана	Ағаштар мен бұталардың қабығын зерттеу	375
24	Наурузов Ибрагим	Беспроводная передача энергии посредством катушки тесла	378
25	Павлович Диана	Влияние деятельности горнодобывающей промышленности на состояние здоровья населения, пути решения экологических проблем	380

26	Патенова Ақбаян	Шымкент қаласының экологиясы	383
27	Постолов Максим	Оценка радиационного загрязнения города семей	386
28	Сарсебек Айым	Мұнайдың төгілуі және оның өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсері	389
29	Синельников Александр	Геометрия в архитектурном дизайне	392
30	Стренин Роман, Кашталинчук Станислав	Биологические механизмы сна, их влияние на учебные достижения и когнитивные функции подростков	393
31	Тагильцева Анна	Анализ перспектив развития экологического туризма и разработка экологической тропы на территории Республики Алтай	396
32	Харченко Полина	Ознакомление детей старшего дошкольного возраста с природными явлениями через проектную деятельность	399
33	Цыганок Антон, Торской Артем	Электричество вокруг нас	402
34	Шкуропатов Дмитрий	Экологический след: исследование проблем и перспектив обработки химических отходов	405

5 СЕКЦИЯ. «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ/ ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ»

1	Абдрахманова Инабат	Эстетикалық тәрбие берудегі табиғаттың рөлі	406
2	Акмурзина Дильназ	Приобщение детей дошкольного возраста к художественной литературы казахстана через образовательные веб-квесты	409
3	Аминова Аяна	Экскурсия как одна из форм патриотического воспитания младших школьников	412
4	Аманғали Данияр	Мұғалім мамандығының міндетіне сипаттама	415
5	Амангельдинова Альбина	Дәстүрден тыс сурет салу техникасы балалардың бейнелеу өнеріне ынтасын арттырудың құралы ретінде	418
6	Амержанова Асем	Практическое исследование проблемы смысла жизни современной молодежи	421
7	Ақжолова Анель, Халидоллина Нұрай	«Генеологиялық шежіре және отбасым»	424
8	Балапанова Асель	Использование технологии Шаталова В.Ф.	425

9	Бабари Ангелина	Вербально-поведенческий подход как фактор коррекционной работы с детьми аутического спектра	428
10	Базарбек Аяулы	Саналы тәртіп, өзін – өзі тәрбиелеу жолдары	431
11	Грибовская Полина	Социальный проект. Педагогическая мастерская: «Учись, создавая будущее»	433
12	Дүйсекова Аружан	Жеке тұлғаның дүниетанымы және рухани құндылық	436
13	Ерлан Гулим	Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	438
14	Жанабек Адина	Техникалық және кәсіптік білім беруде демонстрациялық емтиханның маңыздылығы	441
15	Жұмағали Қаракөз	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен ұлттық құндылықтарды арттыруда ұлттық ойынның мәні мен маңызы	444
16	Жолдыбаева Аяулым	«Бақыт мекені» түзету-дамыту тәжірибелік алаңы арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсету	447
17	Жунисова Камила	Гиперактивтілік және күнделікті қиыншылықтар	449
18	Жақсылық Аида	Білім беру жүйесінің қарқынды дамуы	452
19	Захарченко Анастасия	Вязаная игрушка как элемент предметно-развивающей среды	455
20	Имандосова Арай	Жастар бойында рухани құндылықтар қалыптастыруда Ыбырай Алтынсарин шығармаларының рөлі	458
21	Ильдисов Ислам	Роль эзотерики в современном мире.	461
22	Искандарова Рената	Психические особенности развития детей начальной школы	464
23	Иният Айдана	Қаныш Сәтбаевтың музыка өнеріне қосқан үлесі	466
24	Қадырбай Сандуғаш Әлжанқызы	Коммуникативтік дағдылар- мейіргердің негізгі құзыреті ретінде	469
25	Капсамун Маргарита	Внутрисемейные отношения как фактор, влияющий на успех в жизни для студента	472
26	Капустерницкая Ксения, Селютина Анна	Как мы проиграли время	475
27	Қуанышова Гүлназ	Бастауыш мектеп математикасында проблемалық оқыту технологиясын қолдану	477

28	Клейн Анастасия	Воспитание основ патриотизма у детей дошкольного возраста	479
29	Кумажанова Аружан	Дидактикалық ойындар арқылы баланың сөздік қорын дамыту	482
30	Қайратқызы Қаламқас	Ұлттық тәрбие негізінде мұғалімнің педагогикалық-психологиялық даму маңыздылығы	484
31	Қуанышбай Роза	Педагогикалық бағыт арқылы бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары	486
32	Куреной Кирилл	Взаимосвязь агрессии у подростков и стиля воспитания в семье	489
33	Коляденко Яна	«Что может заменить глаза человеку?»	492
34	Қуандық Нұрбақыт	Оқу жүйесінде релаксация әдісін қолданудың маңызы	493
35	Наумова Юлиана	Особенности использования дидактических игр на занятиях в старшем дошкольном возрасте	496
36	Насипбекова Аяулым	Дарынды дара тұлға	498
37	Платонова Виктория	Фольклор как источник развития семейных ценностей	501
38	Раимова Арна	Мектеп алды даярлық сыныбы оқушыларының сөйлеу тілін дидактикалық ойындар арқылы дамыту	504
39	Саматқызы Аяла	Мәтінмен жұмысты түрлендіру – оқушылардың функционалды дайындық деңгейін арттыру негізі ретінде	507
40	Сейдахметова Газиза Женисовна	Формирование мотивации достижения студентов в условиях среднего профессионального образования	510
41	Сартаева Аксымбат	Бастауыш сыныптарда мақал-мәтелдерді оқытудың тәрбиелік мәні	513
42	Соқабаета Аружан	Ұлттық және дидактикалық ойындарды оқыту үдерісіне қолдану жолдары	515
43	Сапабекова Нұрай	Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерінің педагогикалық даму жолдары	517
44	Сабуров Марат	Заемствования в речи современных студентов. Вред или польза?	520
45	Тұрғынбай Айжаным	Мектепке дейінгі шақта ойын баланың басты іс-әрекеті	523
46	Таныгина Ксения	Профессиональное самоопределение как основа жизнедеятельности и успешности подростка	525

47	Туребаева Сабина	Балаларды жанұяда тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері және қазіргі кездегі проблемалары	528
48	Хасенова Аида	Мульти-тренинг как форма воспитания нравственных качеств дошкольника	531
49	Честнейшина Виктория	Поколение Альфа: проблемы и возможности	532
50	Шаталова Арина	Проблемы обучения детей посковидного периода	534
51	Шилецкая Карина	«Магия утра» Хэла Элорда работает ли в реальной жизни	536

6 СЕКЦИЯ. «START-UP. БОЛАШАҚ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КӨЗІМЕН/ START-UP. БУДУЩЕЕ ГЛАЗАМИ ТИНЕЙДЖЕРОВ»

1	Алиев Ерасыл	Программа FAILEND	539
2	Апарин Руслан	Мини завод по производству шамотных кирпичей	541
3	Абайханов Алан	Chatgpt Және Chatgpt Жасанды Интеллектісін Білім Беруге Енгізу	543
4	Ахметов Амир Ибрашев Ануар	разработка приложения «BusinesslinkUp» на примере социальной сети	545
5	Бакин Илья	Создания и развития мини-фермы по выращиванию пушного зверька – шиншилла	547
6	Бақыт Бұлбұл	«AT FIRST» бизнес оқу орталығы- бизнес жобасы	548
7	Волочай Андрей	Предпринимательская направленность населения на базе колледжа	550
8	Глинов Станислав, Әмірғали Даниял, Рахметов Мұхаммед	ElectroMotion	552
9	Говако Роман	Волонтерское движение в эпоху автоматизации: новые возможности и вызовы	555
10	Досымқызы Назерке	«NATIONAL HOSTEL» - бизнес жобасы	557
11	Ердаулетов Алнур	Применение профильных труб для изготовления различных конструкций	559
12	Зиненко Екатерина, Оспанов Тимур	InnoEduNet: Мост к Образовательному Будущему	561
13	Искендинова Айдана	Разработка мобильного Приложения для КСК, ОСИ, ПТ	564
14	Қадырбек Аружан	“Ainalayn” қазақи нақыштағы дастархан (start-up анти-кафе)	566
15	Кожатаев Асылбек	Ветрогенератор – альте рнативный источник энергии	568

16	Кайыржанова Жансая	Нейрообразование: Перспективы и Инновации в Эпоху Искусственного Интеллекта	570
17	Қайсахмет Казина	Жастар арасындағы танымал стартаптар және шағын бизнес	571
18	Кенералов Алдияр, Арстан Малик	Благоустройство территории КИПК	574
19	Кусаинов Султан	Нетворкинг платформа стартаперов «SHEBER»	576
20	Куатов Мухамедали Адилевич	Enactus негізінде бизнес жоспарымды жүзеге асыру	579
21	Кужахметов Алдияр	Профилактика семейно-бытового насилия методами самообороны для женщин	581
22	Кузыбаев Алдияр, Мухлаев Магамед	«Школа первой помощи»	441
23	Серікбек Назгүл	Alimon кофеханасы	584
24	Сидорова Виктория, Кашамша Жалгас, Даулеткалиева Дильназ	Web-приложение a Genda	585
25	Сыдық Гүлнұр	«KINO 4U production» Қазақстан экономикасының дамуына киноиндустрияның қосар үлесі	587
26	Федорович Дмитрий	Зона выгула домашних животных	589
27	Шаер Алина	Группа продленного дня для детей с ментальными нарушениями	591
28	Шторм Игорь	Автомойка самообслуживания	593
7 СЕКЦИЯ. «ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЗАМАНУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ / СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПИЩЕВОЙ ОТРАСЛИ»			
1	Абенова Гаухар	Разработка технологии приготовления чечевичного хлеба	595
2	Әмірхан Бекзат	Ұлттық мұра-ұлттық қазына. Қымыз шайқауға арналған қондырғыны механикаландыру	597
3	Баймухаметова Айна	Тыквенные вафли как элемент фитнес питания	599
4	Богачёва Евгения	Технология производства безглютенового торта с использованием овсяной муки и сахарозаменителя	602
5	Гадирова Гүлсабат	Бүгін дәнді бидай ұнын пайдаланып крекер технологиясын жасау	605

6	Джесов Султан	Проектирование столовой в колледже с внедрением современных технологий	608
7	Жакупов Жанайдар	Қымыз-шипалы сусын	609
8	Жук Максим, Жуйкова Васелина	«Разработка рецептуры хлеба с учетом реологических свойств теста»	612
9	Жданова Камилла, Бобкова Анастасия	Разработка технологии приготовления хлеба из нутовой муки без глютена	615
10	Кожбанов Бахтияр	Инновационный подход к разработке блюд по средствам методики вкусовых сочетаний фудпейринг	618
11	Қорғанбекова Жібек	Шайдың ағзаға пайдасы	621
12	Көпеева Жұлдызай	«Балама ет өндірісінің пайдасы»	622
13	Мейірхан Мейірлан	Қазақ халқының байырғы тағамы-кұрт бренд қатарына енгізу	625
14	Охлупина Наталья	Какой хлеб полезнее в жизни человека?	627
15	Рыжова Полина	Разработка рецептуры и технологии приготовление изделия из песочного теста	629
16	Редкоус Эвелина	Меню и блюда, сгенерированные нейросетью	632
17	Тулеева Алина	Сүт сарысуы негізінде ірімшік өндірісінің технологиясын жетілдіру	634
18	Шлепель Алена	Применением метода фьюжн при разработке новых блюд	635

8 СЕКЦИЯ. «ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ / ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ»

1	Азат Балнұр	Төтенше жағдай кезінде кәсіпкерлікті қолдау шаралары	639
2	Айтубаев Бектас	Шағын және орта бизнесті дамыту	641
3	Айдарбек Арыстан	Трансформация времени и пространства Фотобудка как явление культуры и технологии	643
4	Алымова Дарья	Факторы определения, спрос и предложение на рынке частных жилых домов	649
5	Алымова Юлия	Особенности рынка земельных участков для индивидуального жилищного строительства	648
6	Белгородцева Дарья	Особенности вторичного рынка жилой недвижимости г. Барнаула	650
7	Гончарова Ирина	Проблема популяризации рабочих профессий среди молодежи	652
8	Гомель Анастасия	Влияние глобализации на развитие экономики	654

9	Егорычева Дарья, Панченко Виктория	Секреты успешных инвестиций: путеводитель по приобретению недвижимости	655
10	Ержан Ақжол	Студенттер арасындағы жанжалдардың алдын алудағы іскерлік қарым-қатынастың рөлі	658
11	Жазыкпаева Амина	Почему возникают мошеннические схемы	661
12	Кайратова Инкар	Экономиканы цифрландыру: мәселелері мен болашағы	663
13	Климова Ульяна	Современные тенденции рынка коммерческой недвижимости г. Барнаула	666
14	Кравец Реана Ковалевская Снежана	Экономия воды – залог развития экономики страны	668
15	Кусаинова Эльмира	Почему денег всегда не хватает? Финансовая грамотность населения п.Сарыколь	671
16	Марковский Ярослав	Оценка кластеризации в Республике Казахстан	674
17	Муратова Камила	«Жапондық менеджмент және кәсіпкерлік академиясы»	677
18	Насырова Гульназ	Проблемы и перспективы экономики Казахстана	679
19	Рахимбетова Дильназ	Қазақстан экономикасының бүгінгі таңдағы жағдайы	682
20	Сапар Самат, Нурмихаметов Ринат	Экономическое развитие города Аркалыка и Торгайского региона путем открытия производства цветного мела, лакокрасочных и керамических изделий	685
21	Салова Евгения	Налоговые риски государства и их государственное регулирование в условиях цифровой экономики	687
22	Сауленбаева Нурай, Муратқанқызы Сабина	Жаһандану және халықаралық менеджмент: мәдени айырмашылықтарды жену стратегиялары	689
23	Файзулла Ерболат	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын олардың ресурстық әлеуетін пайдалана отырып қайта өндеу	692
24	Чередниченко Полина	Изучение рынка труда и его влияние на экономическое развитие России	694
25	Шестаев Виталий	Экономическая целесообразность индивидуального строительства «своими руками» в городе Костанай	697
26	Каирдинова Жанар	Жастарға білім беруде инновацияның рөлі	700

1 СЕКЦИЯ
«ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ИНФОРМАТИКА И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В
ОБУЧЕНИИ»

МОБИЛОГРАФИЯ МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ!

Амандық Аружан Құлахметқызы, 2 курс, «№3 Байзақ колледжі» КМҚК
Кошпанова Гулшат Абдигалиевна, өндірістік оқыту шебері

Фотоөнердің бұл жаңа түрі жастар арасында барған сайын танымалдылыққа ие болып, «жұмысты қалтада алып жүруге» мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, «мобилография» ұғымы 2004 жылы енгізілген, бірақ салыстырмалы түрде жақында ғана ерекше танымалдыққа ие болды.

- Бұл ұялы телефонды құрал ретінде пайдаланатын фотоөнер жанры. Мобилограф смартфонның көмегімен креативті, трендті фото және бейне жасай білуі тиіс. Сондай-ақ, ХХІ ғасырдың жаңа кәсібі, соның арқасында кез келген адам ерекше фотосуреттерді түсіріп, ақша таба алады. Фотосуретке ерекше талаптар жоқ, ең бастысы сурет креативті, сапалы және өзіндік стилі болуы керек.

Өз тәжірибеме сүйене отырып, әрбір адам мұны өз бетінше үйрене алады деп сеніммен айта аламын! Сонымен қатар, мамандықтың өзектілігіне байланысты оқыту процесін жеделдететін түрлі курстар пайда болды.

Телефон камерасына суретке түсіруді ұнататындар түрлі әлеуметтік желілерде жиі пайда бола бастады, оларды суретке түсіруге, фотосессияға шақырады. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілерге арналған креативті суреттер үлкен сұранысқа ие және жақсы қаражат төленуі мүмкін.

Басқа қалалармен салыстыратын болсақ Алматы, Астана, Шымкент сияқты үлкен мегаполистерде мобилография ісі кеңінен таралған, өйткені үлкен қалаларда табиғат пен суретке түсіргіңіз келетін әдемі орындар көп.

Біздің өміріміз бір орында тұрмайды және әуесқойлыққа, жұмысқа, кейде екеуіне бір мезгілде әсер ететін жаңа технологиялардың енуімен үнемі өзгеріп отырады. Осындай құбылыстардың бірі мобилография болды. Үлкен қалаларда мұның не екенін бұрыннан біледі және мобилографтарды атаулы оқиғаларды, мерекелерді түсіруге жалдайды. Бірақ менің туған жерім – Жамбыл облысы, Байзақ ауданындағы, Түймекент сияқты шалғай ауылдарда бұл туралы әлі аз адам естіген, мен де ауыл тұрғындарының мобильдік түсірілімді зерттеп, пайдаланғанын қалаймын.

Мобилография дегеніміз не? Википедияда жазғандай, "бұл ұялы телефонды құрал ретінде пайдаланатын фотоөнер жанры. Мобилограф смартфонның көмегімен креативті, трендті фото және бейне жасай білуі тиіс.

Бұл ХХІ ғасырдың жаңа кәсібі, соның арқасында кез келген адам ерекше фотосуреттерді түсіріп, ақша таба алады. Шын мәнінде, бұл «қалтадағы жұмыс», өйткені смартфон әрқашан қолда.

Мамандықтың өзектілігіне байланысты қазір мобилографияның түрлі курстары пайда болды, бірақ өз тәжірибеме сүйене отырып, әрбір адам бұл өнерді өз бетінше үйрене алады деп сеніммен айта аламын!

Бәрінен бұрын адамдарды суретке, бейнеге түсіруді ұнатамын. Себебі әр адам өзінше әдемі. Мен бұл сұлулықты адамның ішінде ашуды ұнатамын. Эмоцияларды және олардың энергетикасын дайын фотосуреттер арқылы жеткізу ұнайды. Адамдардың гүлденуі, көз алдымызда өзгеруі, түсірілімде сенімдірек болуы ұнайды. Олар өздерінің шынайы эмоцияларын көрсете бастайды.

Жаңа бастаған мобилографқа не көруге болады?

1. OneSideMedia YouTube арнасы - «Мобильді кино әліппесі» бөлімінде жарық түсіру туралы оқыту роликтері, смартфонда бейне түсіруге арналған қосымшалар және т.б. жинақталған.
2. «Хохлов Сабатовский» YouTube арнасы - мобильдік түсірілім және «жаңадан келгендерге арналған» монтаждау бойынша оқыту роликтері, оған қоса операторлық лайфхактар.
3. WOW VIDEO SCHOOL YouTube арнасы - мұнда шеберлік сыныптары, сондай-ақ смартфонды озық пайдалану тәсілдері жинақталған.
4. «Мовави Влог» YouTube арнасы – әлеуметтік желілерге арналған трендтерді, креативті идеяларды талдау және бейнемонтаж бойынша қысқа туториалдар.

Адамдар түсірілімге жиі келеді, мен оларды суретке түсіріп, кадрда қаншалықты әдемі көрінетінін көрсете бастаймын. Осыдан кейін адам ашыла бастайды. Ол қолын қайда қоюды, аяқты қайда қоюды ойламайды. Ол бұл процесті жақсы көреді, ал сен бұл кадрларды ұстайсың. Осындай сәттерде ең керемет фотосуреттер шығады.

Мен ашық адаммын және адамдармен араласуды ұнатамын. Мен үшін мобилография – бұл танысу және қарым-қатынас, бұл көңіл көтеретін хобби: клиенттердің күлкісін көру, олардың күлкісін есту. Кәдімгі қарапайым кадрдан, мен күтпеген керемет, сапалы сурет шығатынын көргенде, өз хоббиімды одан әрі жақсы көремін. Содан кейін жақсы кадрлар үшін адамдардан алғыс тындаймын.

Бүкіл процесс, басынан аяғына дейін – мен үшін тұтастай рахат. Кадрларыма мән беруге, суреттердің қандай стильде түсірілетінін ойластыруға тырысамын. Мен әрқашан түсірілімге дайындаламын. Мен үшін бір нәрсені түсіруге тыйым жоқ. Бәрін түсіре аламын және оны жақсы көремін. Суретке түсіруден бас тартатын не ұсына алатынымды да білмеймін.

Қазір нарықта кәсіби камералармен тыныш бәсекелесетін тамаша смартфондар өте көп. Негізінен, біз әлеуметтік желілер үшін суретке түсіреміз және соңғы смартфондардың камералары тік болғандықтан, қай гаджетте түсірілгенін анықтау қиын.

Менің ойымша, Таразда бұл іс кеңінен таралған емес, бірақ өзекті. Біздің әдемі қаламызда көптеген әдемі орындар, әртүрлі студиялар және мобилографиямен айналысатындар телефон қосымшаларына орнатып, айфонға немесе смартфонға түсіруді ұнатады.

Мен кішкентай ауылда тұрамын ғой, бірақ бұл маған онлайнда жұмыс істеуге кедергі келтірмейді, монтаждауға тапсырыс беремін және бәрін өз үйімде құрастырамын. Сондай-ақ, шақыру бойынша облыс орталығына және басқа аудандарға барамын, маған өзіммен арнайы қымбат және көлемді жабдықтарды алып кетудің қажеті жоқ, өйткені менің ең басты құралым - смартфон. Оның мүмкіндіктерін біліп, пайдалану керек.

Бейне монтаждау және фотосуреттерді түзету үшін көптеген қосымшалар бар, мен өзім үшін ең қажетті және тиімді қосымшаларды таңдадым. Мысалы, монтаждау үшін тек үш негізгі қосымшаны қолданамын - бұл CapCut, inShot, Viva Video. inShot бағдарламасы көптеген адамдар біледі, бірақ бұл көпфункционалды видео редактордың құпияларын білмейді, CapCut-та көптеген әсерлер бар, бұл кез келген бейнені түрлі-түсті және ерекше етеді.

Фотосуреттерді түзету үшін мен тек екі бағдарламаны қолданамын: pixArt және lightroom. Бұл қосымшалармен кез келген суреттен жауһар жасауға болады, тек монтаждаудың барлық құпияларын білу қажет.

Жалпы, қолында смартфоны бар кез-келген адам суретке түсіру және бейнеге түсіру дағдыларын игере алады. Мен бұл құбылыстың еліміздің шағын бұрыштарына да жеткенін қалаймын. Ауылдардың өміріндегі жарқын сәттерді түсіру үшін, онда оларды әлемнің кез келген жерінен көруге және өздерін танытуға болады.

Мамандардың пікірінше, мобилографқа:

- бай қиял және ырғақ сезімі;
- ойлау қабілеті;
- әдеттегі заттардан сұлулық таба білу;
- ұтқыр камераны және монтаждау бағдарламаларын озық меңгеру;
- авторлық стиль;
- түрлі форматтарда түсіре білу керек.

Біздің Түймекент шағын ауыл болса да, онда 7400-ге жуық адам тұрады, бірақ мұнда адамдар керемет! Олар өте еңбекқор, алыс орналасқанына қарамастан (аудан орталығына дейін 20 шақырым, облыс орталығына дейін 40 шақырым), бізде тек мектеп, мәдениет үйі, балабақша ғана емес, сұлулық салоны, мейрамхана да бар. Біз мақтан тұтатын да, көрсететін де нәрсе бар! Ал мобилография бұған көмектесіп, біздің ауылды үлкен әлемнің бір бөлшегіне айналдырады.

Әдебиет

1. Информатика 10/ Н.С. Кольева, Е.В. Шевчук – Алматы «Мектеп» 2019

2. <https://egemen.kz/article/296632-qazaqstandyq-mobilograftar-alghash-ret-shymkentte-bas-qosty>

БІЛІМ БЕРУДЕГІ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮШІН ИНТЕРАКТИВТІ ОНЛАЙН ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Арапова Наргиз Қазесқызы, 4-курс

«Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі»

Ғылыми жетекшісі: Касенова Айша Амангельдыевна, информатика және арнайы пәндер оқытушысы

Қазіргі уақытта әрбір мұғалім білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырудың қиын жағдайына тап болады, өйткені біздің оқушылар ақпараттық ғасырдың балалары және әртүрлі ақпаратқа қол жеткізудің үлкен (іс жүзінде шексіз) мүмкіндіктері бар. Әр мұғалім өз қызметінің нәтижесінің сапасына алаңдай отырып, үнемі өзіне сұрақ қояды: "оқу процесін қалай тиімді етуге болады?" "Сабақты қалай қызықты және пайдалы етуге болады?"- сұрақтар. Дәл сол кезде бізге әр түрлі интерактивті қызметтер көмекке келеді, олардың көмегімен сіз өз сабақтарыңызды әртараптандыра аласыз, үй тапсырмаларын орындау процесін қызықты әрі қарапайым ете аласыз, осылайша студенттерді ғана емес, өзіңізді де тарта аласыз.

Әр мұғалімнің басты міндеті білім алушыларды оқуға үйрету емес, оқуға және шығармашылыққа деген қызығушылықты дамыту екенін бәріміз білеміз. Мұғалім әр оқушының сабақта белсенді және ынта-жігермен жұмыс істейтініне сенімді болуы керек. Сондықтан мұнда оқытудың әртүрлі ресурстары мен формалары маңызды рөл атқарады. Мұғалім оқу үдерісі мен нәтижелерін анықтайтын факторлардың өзара байланысын көріп, құзыреттілікті қалыптастырудың, дамытудың және бағалаудың тиімді әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдауы қажет. Сабақтардағы ойын-сауық ресурстары мен әдістерінің әртүрлілігі іс-әрекеттің жағымды эмоционалды фонын тудырады, қиын деп саналатын тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді және білімді игеру процесін тартымды етеді. Бірақ жаңа технологиялардың пайда болуымен және білім беру стандарттарындағы өзгерістермен білім мазмұнына баса назар оқытудың негізгі мақсаты ретінде пәндік білімнен, дағдылардан білім алушылардың жалпы академиялық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ауысқандықтан, бағалау жүйесінде өзгерістер болды.

Қазіргі уақытта білім алушылардың жетістіктерін бағалауға деген көзқарас өзекті болып табылады, бұл оқудағы жағымсыз сәттерді жоюға мүмкіндік береді, оқу процесін дараландыруға, білім алушылардың оқу мотивациясы мен оқу тәуелсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Бұл мақалада біз білім беру процесінде өте маңызды болып табылатын жедел кері байланыс беруге және алуға мүмкіндік беретін кейбір құралдар туралы сөйлесетін боламыз. Кері байланысты ұсыну өте уақытты қажет ететін процесс болғанымен, кейбір процестерді сандық құралдардың көмегімен автоматтандыруға болады. Бұл құралдар әр оқушыға қазір қандай деңгейде екенін, қандай қателіктері бар екенін және қайда бару керектігін анықтауға көмектеседі. Сондықтан бұл құралдар тек бақылау функциясын ғана емес, қолдау функциясын да орындайды.

Сондықтан онлайн ресурстарды пайдалану өзектілігін жоғалтпайды, өйткені олар үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отырады. Мен сіздермен әртүрлі электрондық білім беру ресурстары мен платформаларын пайдалану кезінде

кері байланысты ұйымдастыру әдістерін қолдану тәжірибеммен бөліскім келеді.

Төменде кері байланыс беруге арналған интерактивті онлайн ресурстар берілген.

Ментиметр (<https://www.mentimeter.com/>) - бұл қолданушыларға сабақтарда, жиналыстарда, конференцияларда және басқа топтық іс-шараларда презентация құруға және нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға мүмкіндік беретін бағдарлама. Пайдаланушылар сауалнамалар, викториналар, сөз бұлттары, сұрақ-жауап және презентацияға енгізілген басқа интерактивті мүмкіндіктерді қолдана алады.

Мен өз тәжірибемде [mentimeter.com](https://www.mentimeter.com/) онлайн қызметін фронтальді сұрау мен бекіту үшін де, ой жүгірту үшін де қолданамын. Әр оқушыдан кері байланыс алу үшін әдетте сабақтың соңында уақыт жеткіліксіз. Бұл қызмет нақты уақытта барлық жауаптарды жинауға және нәтижені бірден көрсетуге мүмкіндік береді.

AhaSlides-сауалнамалар, ашық сұрақтар, кері байланыс және басқа слайд түрлері бар интерактивті презентацияларды құруға арналған сандық құрал, осы программа арқылы аудиторияңыз мобильді құрылғыларын пайдаланып синхронды және асинхронды режимдерде өзара әрекеттесе алады.

Survio-2012 жылы іске қосылған Чех стартапы. Мен сіздерді әлемнің 196 елінде миллиондаған пайдаланушылары бар және көптеген оң пікірлері бар тамаша онлайн қызметпен таныстырғым келеді. 15 тілді қолдауы бар, бір мемлекеттің шеңберімен шектелмеген үлкен аудиторияны қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол үнемі жаңарып отырады, уақытпен бірге жүруге және барлық заманауи тенденцияларды ескеруге тырысады.

Қызметтің негізгі функционалдығы мыналарды қамтиды:

- Әр түрлі тақырыптағы 100-ден астам дайын сауалнама шаблондары
- Сұрақтардың 19 түрі
- Суреттер мен бейнелерді қосу
- Сауалнама түймелерін өңдеу
- Графиктермен нәтижелерді егжей-тегжейлі талдау.

Осылайша, егер бұрын білім алушылардың білімін тексеру кезінде мұғалім негізінен баспа материалдарын пайдаланса, бүгінде мұғалімнің кәсіби қызметінде компьютерлік технологиялар мен интернет-ресурстарды еркін және орынды пайдалануға мүмкіндігі бар.

Заманауи мұғалім онлайн-сауалнама сервистерінің көмегімен онлайн-тестілерді дербес құра алады, мұндай сервистердің көмегімен тестілеуді өткізу – білім алушылардың білімін тексерудің жылдам әрі ыңғайлы тәсілі. Заманауи құралдарды қолдана отырып, білім алушылардың білімін бақылау және тексеру оқу сағаттарын тиімді пайдалануға және бақылау нәтижелерін жедел өңдеуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, бұл материалды жақсы игеруге ықпал етеді, білімді қайталаудың және түзетудің дәстүрлі әдістерін де, білім алушылардың білімін тексерудің жаңа формаларын да бірыңғай кешенде қолдануға мүмкіндік

береді, бұл білім алушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. оқытуды барынша тиімді жүзеге асыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтыникова, Н. В. Оценивание сформированности рефлексивных умений студентов в образовательном процессе / Н. В. Алтыникова, А. Г. Ряписова // Вестник педагогических инноваций. — 2016. — № 3 (43)

2. Петрова, Н. С. Развитие у студентов рефлексивных умений в процессе обучения с применением средств ИКТ / Н. С. Петрова, А. Ю. Петров, Ю. Н. Петров; под науч. ред. Е. М. Дорожкина, В. А. Федорова Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании: Материалы 23-й Международной научно-практической конференции, Екатеринбург, 24-25 апреля 2018 года.

3. «Тиімді оқыту» Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы. Мұғалімге арналған бағдарлама. – Астана: ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. - 60 б

4. «ЖОО-ғы гуманитарлық білім беру технологиялары» кітабынан //О.В.Акулова, А.А.Ахаян, Е.Н.Глубокова, А.Е. Бахмутский, О.Б. Даутова, О.Н.Крылова, С.А.Писарева, Е.В.Пискунова, А.П. Тряпицына, // Под ред. С.А. Гончарова. Отв. ред. И.Ю.Гутник. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. —174 с.

5. «ТӘЖІРИБЕДЕГІ РЕФЛЕКСИЯ» Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы.- Астана: ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 88

САЙТ КОНСТРУКТОРЛАРЫ

Ашықбай Гауһар Қасқырқызы, I - курс,

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Халыкова Гауһар Алтаевна - информатика пәнінің оқытушысы

Өзектілігі. Біздің әрқайсымыз қазір Интернеттің дамуына өз үлесімізді қоса аламыз. Ол үшін өзіңіздің веб-сайтыңызды құрып, оны желіге орналастыру жеткілікті.

Мәселе: Қарапайым қолданушыға сайт құрудың қарапайым конструкторларының бар екендігін баяндау.

Зерттеудің мақсаты: Wix конструкторы арқылы профиліңізді құру үшін веб-сайттарды құру принциптерін талдау.

Зерттеу міндеттері:

- Wix конструкторының негізгі қасиеттері мен сипаттамаларын зерттеп, оның міндеттері мен функцияларын анықтаңыз.
- Сайттың аудиториясын, ол орындайтын функцияларды белгілеңіз.
- Ақпараттық компонентті анықтаңыз.

- Бар веб-сайттарды талдау және сипаттау; талдау негізінде Wix конструкторының оңтайлы құрылымын таңдау және әзірлеу.
- Веб-сайтты іске асыру және орналастыру үшін бағдарламалық құралдарды таңдаңыз.

Интернет-бұл әр түрлі ақпараттың шексіз көзі, ол біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, бұл кез-келген тақырыпқа сайттар құруды өзекті етеді. Қазіргі әлемде сіз веб-сайттарсыз өмір сүре алмайсыз. Олар көптеген адамдарға қажетті ақпаратты сақтауға және таратуға көмектеседі. Бұрын адамдар осы мақсатта басқа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланған, бұл қымбат болатын. Бірақ барлық нұсқалардың ішінде сайт ең ыңғайлы. [4, 17]

1. Веб-сайт туралы түсінік

1991 жылға дейін адамдар сайттың не екенін білмеді. Бірақ дәл осы жылдың қаңтарында Тимоти Джон Бернс алғашқы веб-ресурсты құрды және көрсетті. Өнертапқыш, шын мәнінде, Интернетте жаңа технологияны, дәлірек айтқанда World Wide Web-ті сипаттайтын беттердің шағын жиынтығын жариялады. Сайт-бұл сілтемелермен және жалпы құрылыммен біріктірілген құжаттарға енгізілген ресурс. Әр сайттың ерекше мекен-жайы бар, бірақ бұл мәліметтер массиві домендік атаумен байланысты. [5, 33]

2. Веб-сайттардың түрлері

Әртүрлі параметрлер мен сипаттамаларға негізделген көптеген веб-сайт классификациялары бар. Мен сізге веб-сайттың мақсатына негізделген жіктеуді ұсынамын. **Мақсатты жіктеу:** Веб-сайттар әртүрлі мәселелерді шешу үшін жасайды, осы критерий бойынша оларды бөлуге болады: коммерциялық, ақпараттық, коммерциялық емес.

Құрылымдық-функционалдық жіктеу: Осыған байланысты сайттарды бөлуге болады: **лендинг** - бұл қуатты жарнамалық базасы бар бір беттен тұратын сайт; **визитка сайты** - қарапайым құрылымы бар шағын ресурс; **интернет-дүкен** - тауарларды ыңғайлы таңдауға және тапсырыс беруге мүмкіндік беретін арнайы коммерциялық сайт форматы; **жеке блог** - сайттың бұл түрі белгілі бір адамға немесе оның қызметіне арналған; **қызмет көрсету сайттары** - құрылымы мен функционалдығы бизнеске өз қызметтерін ыңғайлы және тиімді ұсынуға мүмкіндік беретін ресурстар.

3. Сайт конструкторлары дегеніміз не?

Веб – сайт конструкторы - бұл әзірлеушілер үшін өте күрделі, бірақ пайдаланушылар үшін өзін-өзі басқаратын веб-сайт құру жүйесі. Сайт құрастырушылардың мамандандырылған жеткізушілері бар, сондай-ақ хостинг компаниялары осындай қызметтерді ұсынады. Конструктор қызметі ұсынатын «қорапта» сайтты жасау үшін қажет нәрсенің бәрі бар-шаблондар, плагиндер, кеңейтімдер, бет редакторы, Басқару тақтасы және т.б. [1, 3]

4. Сайт конструкторларының артықшылықтары

Конструктордағы сайтты сөзбе-сөз мағынада тегін жасауға болады. Әрине, толығымен тегін опция аз жұмыс істейді, бірақ бұл жеке блог үшін, тіпті визитка сайты үшін өте қолайлы. Кейіннен тегін сайтты ақылы тарифке аударуға және оның мүмкіндіктерін кеңейтуге болады.

Конструктордың көмегімен ең қарапайым типтік сайтты бірнеше сағат ішінде жасауға болады. [2, 4]

5. Сайт конструкторларының кемшіліктері

Сайт жасаушылармен жұмыс жасауда жағымсыз қасиеттерді табу қиын, бірақ шартты кемшіліктер бар, негізінен олар бизнес дамыған кезде пайда болады, сондықтан сайт жеке жобаға қол жеткізе алады. Дизайн сайттары бір-біріне ұқсас, өйткені олар типтік шаблондарда жасалған. [2, 5]

6. Үздік сайт конструкторлар

Wix (<https://ru.wix.com>) -жеке сайттар, портфолио, лендингтер, бизнес-сайттар үшін ең қолайлы әлемдегі ең танымал сайт құрастырушылардың бірі. Сайттар беттің кез келген жерінде жылжытуға және бекітуге болатын блоктар мен виджеттерден тұрады. Редакторда 600 шаблон бар, олардың мәзір, түймелер және басқа мүмкіндіктер жиынтығы бар виджет тақырыптары, ақылы және ақысыз қосымшалар дүкені бар.

WordPress (<https://ru.wordpress.org>) – әлемдегі ең танымал CMS. Кез-келген бағыттағы сайттарға арналған әмбебап дизайнер блогтар, корпоративті сайттар мен визиткалар, лонгридтер, форумдар құру үшін танымал.

Tilda (<https://tilda.cc>) – негізінен лендингтер мен дайын блоктардың көп беттік сайттары үшін танымал ресейлік дизайнер.

uCoz (<https://www.ucoz.ru/>) – алғашқы ресейлік дизайнерлердің бірі, онда сіз блогтар, визиткалар, лендингтер, дүкендер және басқа сайттар жасай аласыз.

uKit (<https://ukit.com/>) -негізінен бизнес-сайттар, визиткалар жасау үшін танымал Ucoz жасаушыларының дизайнері, төлем жүйелеріне қосылған шағын е-дүкен жасай аласыз.

Nethouse (<https://nethouse.ru/>)-дизайнер негізінен интернет-дүкендерді құруға арналған, ал дизайн мен функционалдылық бөлек реттеледі. [3, 2]

InSales (<https://www.insales.ru/>), Битрикс (<https://www.1c-bitrix.ru/>), Mottor (<https://lpmotor.ru>), Webasyst (<https://www.webasyst.ru/>), Ucraft (<https://www.ucraft.ru/>) т.б.

Зерттеу нәтижелері: Wix-тен онлайн-конструкторда веб-сайтты кезең-кезеңмен құру

1 кезең. Тіркеу/ авторизация: Толық жұмыс істеу үшін сайтта қарапайым тіркеуден өту керек: жылдам тіркелгеннен кейін сіз жоғарғы оң жақ бұрышта логиніңізді көресіз.

2 кезең. Сіз сайт әкімшілігінен «сайт құруды бастаңыз» деген шақыруды көресіз: барлығы қарапайым және интуитивті.

Языковой барьер — это сложность выражения собственных мыслей или сложность понимания иностранного языка, связанная со страхом или стыдом. Часто, изучая английский язык, казалось бы, во всех его проявлениях и сложностях, пройдя всевозможные тесты и точно зная свой уровень, вы вдруг сталкиваетесь с каким-то препятствием, которое может помешать вам. Вроде бы в книге все понятно: вы свободно читаете и переводите тексты, немного подумав, сами составляете предложения, владеете базовым запасом слов. Но стоит вам в жизни вырваться куда-то за пределы вашей привычной жизни и оказаться, например, на таможне, в аэропорту, заграничном отеле, как вас будто парализует, и вы не можете вспомнить даже элементарные слова.

Наиболее эффективным для снятия языкового барьера является коммуникативный подход в изучении английского языка, который позволяет учитывать личностные особенности учащихся, позволяет дать максимальную практику всех языковых навыков и речевых умений, который позволяет задавать ситуации, приближенные к реальности, позволяет влиять на эмоциональный мир обучающихся, вызывать и побуждать их к общению. Анализируя данные анкеты, мы пришли к выводу, что почти каждый сталкивается с языковым барьером при изучении английского языка.

Литература

1. <https://www.wallstreetenglish.ru/blog/>
2. <https://www.ef.ru/englishfirst/english-study/articles/barrier.aspx>
<https://englex.ru/how-to-overcome-language-barrier/>
3. <https://www.english-language.ru/articles/tips/yazyikovoij-barer-%E2%80%93-cto-eto-takoe-i-s-chem-ego-edyat>
4. <https://easyspeak.ru/blog/sovety-i-sekrety/kak-preodolet-yazykovoij-barer-v-anglijskom>

БАҚЫТ ҒОЙ «БАУЫР» ДЕГЕН

Аманжан Тілекқабыл, 1 курс студенті

«Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КҚМК

Ғылыми жетекшісі: Нұржанова Гүлмир Қарсаққызы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы

Өкінішке орай, қазіргі жаһандану қоғамымыздағы кейбір жастардың әдепсіз әдеттерге бой алдыруы, жат ағымның жетегінде кетіп, туған–туысы, достарынан теріс айналғаны былай тұрсын, өзінің туған ата–анасының қарсы шығып, ақырында болашағынан үміт күттірген өскелең ұрпақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық, рухани құндылықтарға қарсы келуінің басты себебі не? Өзін қоғамнан алшақ ұстауында, адам жаратылысынан бойында бар адамгершілік, бауырмалдық секілді асыл қасиеттер жоғалуына не ықпал етуде? Осы сұрақтарға жауап іздеу мақсатында өзімнің ғылыми жұмысымның **тақырыбын:** «Бақыт ғой «бауыр» деген»-деп бастадым. Жасырын емес, қазіргі таңда бір қарағаннан–ақ сыртқы келбетімен көпшіліктен ерекшеленіп тұратын деструктивті ағым жақтастары кездесіп жатады. Сауда орындары болсын, қоғамдық қатынас көліктерінде де кезігіп қалатынымыз рас. Байқап қарасақ, басым көпшілігі сізбен қарым–қатынас жасауда әдептілік, бауырмалдық деген қасиеттерді мүлдем танытпай, керісінше дөрекілік көрсетеді. Осы орайда ғылыми жұмысымның **мақсатын:** қазақ халқының «бауырым» деген сөзінің мағынасын ашып, талдап, оны көңілімізге бекіту және болашақ ұрпақты бауырмалдыққа тарту-деп қойдым. Осы мақсаттан шығатын **негізгі міндеттерім:**

- «Бауырым» сөзінің мағынасын ашып, қолдану аясын зерделеу;
- «Бауыр» туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жинақтау;
- «Сіз «бауырым» сөзін қалай түсінесіз?»- тақырыбында эссе өткізіп, нәтижелерін талқылау.

Өкініштісі, қазіргі таңда адамдар арасында достық, бауырмалдық мінездерден гөрі, алауыздық көбірек байқалатыны жасырын емес. Кейде адамдар болмашы бір дүниелік іске бола, өзінің бауырларымен қарым–қатынасын үзіп жатады. Елімізде халықтың атадан қалған асыл тәрбиелік құндылықтарын бойымызға сіңіріп, іске асыра білсек қана халқымыздың бірін–біріне деген бауырмашылдығы арта түсері ақиқат.

Сондықтан да жұмысымның **өзектілігін** «Адамзатты бауырлас ретінде сүйіңіз- деп Абай атамыздың даналық сөзімен алуды жөн көрдім. Жанымызда жүрген адамдарды жақсы көру, қоршаған ортамызға қамқорлық танытып, адамгершіліктің құнды қасиеттерінің бірі-бауырмашылдықты өсіп келе жатқан жас ұрпақ бойына сіңіру, терең ұғыну қазіргі қоғамымыздың негізгі өзектілігі деп танымын.

Зерттеу жұмысымның **кезеңдері** үш бөліктен тұрады:

- ✓ тақырып бойынша мәліметтермен танысу;
- ✓ эссе өткізіп, нәтижелерін талқылау;
- ✓ тақырып бойынша нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді жинақтау.

Бұл зерттеу жұмысымның практикалық **құндылығы** оны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында немесе қосымша материал ретінде қолдануға болады.

Зерттеу барысында **күтілетін нәтиже**: жалпы, жасы кіші бауырға кешірімді болу, қоғамда бір-бірімізге көмек беру, жәрдем қолын созу, адамдарды жақсы көру, жақындарыңның қателіктерін кешіре біліп, көркем мінезділік танытқан кезде бірлік пен татулық қанат жаяды, еліміз өсіп, ортамыз өркендейді.

Қортынды. Қазақ тілі әлемдегі ең бай, көркем тіл бола тұрса да, оны күнделікті ауыз-екі сөйлеуде дұрыс қолдана алмаймыз. Оған себеп сөздің лексикасына үнілмеу, оның мәні мен парқына бармау. Әрбір сөздің өзіне тән терминологиялық аспектісі, атауы, мағынасы және фонетикалық жағынан айтылу, жазылу ерекшеліктері болады.

«Бауырым» дейтін сөздерді заманауи елімізде жастар арасындағы ерлер қауымы көбірек қолданады. Кез келген ортада бірде «дос», бірде «бауыр» дегенін естіп, байқап жатамыз. Ал шындығында екі сөздің қандай мағынасы мен салмағы бар екен?!

«Бауыр» - қазақ тілінде туыстық атауды білдіреді. Ал адамға ең жақын ағзаның бірі де – бауыр. Сол секілді туған-туыс та жаныңның бір бөлшегі, жақының. Демек, бауыр деген – өмірдегі барың, досың, сүйенішің, жақының, ақылшың, қорғанышың. Туысқан басына іс түсіп қамыққан сәтте, қолыңдағы барыңды бергің келіп шыр-пыр болуың да сондықтан шығар.

«Бауырым» деп бауырға басудың өзі керемет сезім. Бізге келсін-келмесін досқа да «бауыр» деп, танысқан адамға да «бауыр» дейміз. Әр сөздің киесі, қадірі болады. Ендеше құны әлдеқайда биік тұратын бауыр сөзін кез келген ортада айту үлкен қателік. «Бауырым» деп бауырға басқан екенсіз, ол сіздің бір бөлшегіңіз, яғни оның үлкен жауапкершілігін сезіну керексіз.

Бауырмалдықтың салдары адамның не халықтың өзіне зиянды болмас үшін ол тәуелсіздік, ұлттық мүдде, ұлттық намыс сияқты ұлы құндылықтармен астаса көрініс табуы керек. Демек, ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымызды, жасы үлкен аға, әпкелерді құрмет тұту, қарындасты қарындас, ініні іні деп сыйлай білудің де елді құрметтеуге жататынын ұққан жөн. Әсіресе, бірге туғандар, достар жан-жақтан жиналғанда, әке-шешенің, бірге өскен достардың қуанышы ерекше. Олардың бір-біріне деген бауырмалдығы марқая түседі. Осындайда маған бауырдан асқан бақыт жоқтай көрінеді. Шындығында да солай емес пе?! Әр адамның, әрбір елдің бақытқа кеңеліп, мәнді де ұзақ, тату,

бейбіт өмір сүруге құштарланатыны сөзсіз. Қазіргі заманауи көп ұлтты мемлекетімізде ұлттар мен ұлыстар арасындағы қатынас, бір-біріне деген өзара құрмет, сыйластық, достық бұрынғыдан да қажет. Ғасырлар тереңінен келе жатқан ұлы Абай атамыз «Адамзатты бауырлас ретінде сүйіңіз» өсиеті де осыны жеткізеді. Халықтар достығын нығайту, татулықты арттыру, бейбіт өмірде бірлесе өмір сүру, бауырмалдықта болу бақыт емес пе?!

Әдебиеттер:

1. <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-j...>
2. <https://en.ppt-online.org/753452>
3. <https://ppt-online.org/753452>
4. <https://nurqanatbaizaq.islam.kz/ru/post/...>
5. <https://ppt-online.org/758735>

ҚАЙСАР ТҰЛҒА ҚАНЫШЫМ

Әбнұр Гүлнәз Думанбекқызы, II курс студенті,
«Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі» КМҚМ
Ғылыми жетекшісі: Оразова Гулхашима Куандыковна,
арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Қазақ халқының мақтанышы бола білген атағы Қазақ КСР одағына танымал қайсар тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылымға және жер асты қазба байлықтарымызды зерттеу жұмыстарына сіңірген еңбектерін зерттеу жұмыстарындағы еңбектерін насихаттау. Оның іздемпаздығы мен ғалымдық жолын кейінгі жастарға үлгі етуді өз зерттеу жұмысыма негіз еттім.

Мәселе: Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академигі Қаныш Имантайұлының өмір дастаны мен ғылымға деген ұмтылысын зерделеу, тану жұмыстары әле де өз дәрежесінде зерттеліп келе жатқан жоқ. Оның еңбек жолы әле де тереңірек зерттеуді жастар арасында белсенді насихаттау жұмысын қажет етеді.

Жұмыс мақсаты: Қаныштың Қаныш болғалы да міне 125 жыл өтіпті. Бірақ осындай нар тұлғаларымыздың еңбектері мерейтой шақтарында ғана емес жыл сайын атап өтілсе артық болмас еді. Қайталанбас тұлғаларымыздың еңбегін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастардың бетін зерттеушілік пен ғылымға бұру осы зерттеу жұмысымының басты мақсаты болып табылады.

Міндеттері: Өзімнің осы ізденіс зерттеу жұмысымды Қаныш Сәтбаевтың өмірбаяны ғана емес, өмір сүрген кезеңіндегі елдің хал-ахуалы, саяси-әлеуметтік жағдайы, Қазақ ғылымының дамуы, саясат басындағылардың әділетсіздіктер мен еліміздің қазба байлықтарына зерттеу жұмыстары, ғылымға бетбұрыс тақырыптарына зерделеу арқылы зерттеу жасадым.

12-сәуір-Ғылым күні мерекесі. Бұл дата қазақ ғылымының қара нары, қайталанбас тұлғасы, Қаныш Сәтбаевтың туған күні құрметіне қойылғаны белгілі. Парасатты ғұмырын еліне, жеріне арнаған ғалымның ұлт болашағы үшін атқарған еңбегі ұшан – теңіз. Қазақтың бай жерінен қазба байлықтарын

тауып ,өндіріс орындарын ашқан қазақтың тұңғыш академигі. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Омаров айтқандай: «Қаныштұтас дәуірдің жұлдыз тұлғасы. [1]

Ұлтымыздың кемеңгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға елу жылдан астам уақытын сарп етіп, біртуар ғалымның жарқын бейнесін тартымды һәм тұрлаулы еңбегімен қазақ қауымына танытқан қаламгерлер көп емес. Олардың ішінде Қаныш Имантайұлы өмірінің белестерін бүкпесіз ашып, ұлағатты ,ерлікке толы істерін саралап та, даралап та ұлықтаған, шоқтығы биік қаламгерлеріміздің бірегейі Медеу Сәрсекенің еңбектерін айтуға болады. Бұл да Қаныш Сәтбаев еңбектері әле де зерттеуді қажет ететіндігінің бір дәлелі. [3]

Қаныш Сәтбаевтың өмір дастаның 3 негізгі бөлімге бөліп қарауға болады. Олар : «Баянауыл аясында», «Сібір шамшырағы», « Ұлытау жотасында»

Қаныштың Алтынқазған, Күмістөбе, Қорғасынды, Темірші, Жезтөбе деген кен орындарыға барлау жүргізуде топонимикалық атауларға мән бергендігін қосалқы мәліметтердің нақтылығынан байқауға болады. Ізденіс зерттеу жұмысымда тарихи құжаттар мен естелік-эсселердегі деректерді кеңінен қолдандым. Сонымен қатар, Қаныш атамыздың көзін көргендерден сұхбат алып, мәлімет жинау мүмкіндігі болмаса да тарихи деректер мен естеліктерден де терең мағұлымат жинауға болатындығын айта кеткім келеді. Қазақстанды жаппай қаулаған 1932 жылғы ашаршылық, ата-анасына айырылуы, 1937 жылғы зобалаң жолындағы қиыншылықтардан өтіп-пісіп, жетілген жас зерттеуші бейнесі ақпараттар мен мақалаларда айқын бейнеленеді. [2] Бұндай қиын кездерден жол табудағы іс-әрекеттері жазушылардың қаламына шабыт берді туындыларының нағыз дамуы мен шиеленісуіне негіз болды. Әсіресе, империяның кезекті репрессиялық әрекеті басталып, «ұлтшылдықты іздеу» науқаны қабындаған 50-ші жылдар зардабын, сол кездегі Қ.Сәтбаевтың қатерлі де, қаһарлы сыны мол кезеңді бастан кешуі жазушылардың әр туындысының ең бір кульминациялық шыңы болғанына көз жеткізуге болады. Қаныш Сәтбаевтың өмір дастаны туралы деректерді оқи отырып ет жүректі пенденің шыдау-шыдамауы неғайбыл деректерде қазақтың Қаныш шын мәнінде парасаттылық пен даналықтың, азаматтық пен табандылықтың үлгісін көрсеткен.[3]

Зерттеу жұмысы барысымда өзіме ерекше ой салған туындылардың бірі , М.Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман эссесі. Өзіміздің өлкеміз Арқалықтың маңындағы Екідің елді мекеніне қарасты Маятас қыстағы «Қазақтың Қанышы» роман -эссесінде мән берген « Алтынқазған» топономикалық атауы осы өңірге тән. Маятас Ұлытау облысына жатса да біздің өңірмен іргелес жалғасып жатыр. Екідің Арқалық ауданына қарайды. Себебі, тарихтан белгілі ортағасырларда осы Маятас жерінен наймандар керейлер алтын қазған деседі. Маятас өзінің табиғат көрінісімен ғана емес, сондай-ақ оның қойнауында пайдалы қазбалар да бар. Егер ауылымның «Маятас» кен орынында қатты пайдалы қазбаларды өңдейтін тау-кен байыту комбинаты салынса, онда ауылым өркендеп, жұмыс қолы ұзарып, елдің әлеуеті артар еді, сондай-ақ, бүгінде жұмысы тоқтаған Торғай боксит кен кәсіпорынының

тамырына қан жүгіртер еді.[4] Бұл сайып келгенде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жол ашары сөзсіз.Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Назарбек Қонқабаевтың айтуынша, комбинат жылына 420 мың тонна полиметалл кендерінің концентратын және 1,9 тонна доре қорытпасын өндіруге мүмкіндік береді. [5] Осы орайда маған «Мемлекетіміздің өркендеуіне, дамуына үлес қосу үшін «Мен туған жерімнің болашағын қалай елестетемін және ол үшін мен істей аламын?»» ой келеді. Мені жиі мазалайтын сұрақтың жауабын табуға тырыстым. Нәтижесінде келесі зерттеу жұмысымды жүргіздім.

Зерттеу нәтижелері: Өзімнің әлеуметтік желімдегі жазылған 500 адамның ішінде төмендегідей сауалнама жүргіздім.

Қаныш Сәтбаевтың қазақ еліне сіңірген еңбектерін атап беріңіз
500 адамның ішінде 45 адам еңбектерін атады.

Қаныштай академик болғың келе ме? Деген сауалыма
450 адамның 25 ған ия деп жауап берді. Бұл сауалнамадан түйгенім Қаныш Сәтбаевтің өмір дастаны әле де зерттеуді және насихаттау жұмыстарын белсендіруді қажет етеді. Ал екінші сауал бойынша жастардың бетін ғылымға бұру жұмысын дамыту үшін елімізде ынталандыру шаралары ұйымдастырылу керек. Мысалы жастардың ғылым саласымен айналысуын көздеген Қаныш Сәтпаев атындағы гранттар, стипендиянттар мен жүлде қоры жарияланса жастар ғылыммен айналысуға қызығар еді.

Осы орайда сөзімді Қаныш атамның мына бір сөзімен байланыстырғым келеді: «Білімді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана «білім» деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да, жарқырай бермек!»

Қорытынды: Зерттеу жұмысы барысында түйген ойым: Елі үшін жанын беретін нағыз патриот, елім, жерім деген ортамның достарымның бар екеніне қуандым. Бұл шақта өз басым осы таңдаған мамандығымның иесі ретінде сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, туған жерімнің өркендеп өсуіне Қаныш атамыздай салмақты үлесімді қосу. Сондықтан, туған жеріміздің суын ішіп, топырағын басып жүрген соң оның дамуына үлес қосу - әрбір азаматтың мойнында.

Біздің әрбір туындымыз, ғылыми, ізденіс- зерттеу жұмысымыз Қаныштай дара дарын өмірін ұлықтаған мәңгілік ғұмырнама болуы керек және сол негізде жұмыс жасауға бел будым.

Әдебиет

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаныш_Имантайұлы_Сәтбаев,
2. https://infourok.ru/anysh_satpaev_ulyumi_zhmys-414436.htm
3. Медеу Сәрсекке. Қаныш Сәтбаев. Астана, «Фолиант», 2008
4. Оразов Т. Қаныштың жастық шағы. Алматы. «Жазушы», 1971
5. Сүтемген Бүкіров. Біздің Қаныш Имантайұлы. Нұр-сұлтан, «Кәусар»

ТҮЛҒА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ (АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫ АЯСЫНДА)

Байбусинов Алпамыс Ашенович

«Қарағанды агротехникалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Бекбергенов Асет Игликович
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Күрделі түсінік, қайшылыққа толы адам табиғатын түзеуге ұсынған ақындардың еңбектерін талдай отырып, діни танымның тұлға тәрбиесіндегі маңыздылығы мен қажеттілігін зерделеу.

Мәселе: «Толық адам» тәрбиелеудегі діни құндылықтар мен мүдделер. Абай, Шәкәрім туындыларындағы адам мен дін феноменінің біртұтастығы.

Жұмыс мақсаты: Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы дін мәселеріне қатысты тың деректер, жаңаша дәйектерді саралай отырып, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі орнын бағамдау, басымдықтарын бағдарлау.

Міндеттері:

- Адамның рухани дамуындағы діни танымның ықпалын тану;
- Абай шығармаларындағы Алланы сүюдің маңыздылығына тоқталу;
- Шәкәрімнің қағидаттық идеялары арқылы имандылықты, ізгілікті паш ету.

Адамзат өмірі мен танымына үңілсек талдасақ, дін де, ғылым да маңызды рөл атқарады. Адам баласына дін де, өнер де, ғылым да, тәрбие де, кәсіпкерлік те қажет. Алланы сүю, оны сезіну танымдық мәселелер арасындағы ең маңыздысы болса керек.

Адамның діни мүдделері мен құндылықтары оның қоғамдық мінез-құлықтарын белгілі дәрежеде анықтайды. Адам мен дін феноменінің өзара байланысы, олардың бір-біріне ықпалы Абайды да, Шәкәрімді де терең толғаныстарға бастайды. Олар діни сенімнің адамзат өркениетінің ажырамас бөлігі ретінде дамып келе жатқандығын терең түсінеді. Қасиетті Құран сүрелерінде мұсылман халықтарына дейін де болған пайғамбарлар өздерінің рухани беделінің арқасында адамзат өркениетін жасау мен жетілдіруде шешуші рөл атқарғандығы айтылады.

Абай ислам дінінің адам үшін ерекше маңыздылығына назар аудара отыра «Алланың сөзі де рас, өзі де рас. Рас сөз ешқашанда жалған болмас» - деп көрсетуі бекер емес. Абай отыз сегізінші қара сөзінде: «Ол - алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біз ғақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымаққа керек. Егер де ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла қиып болады. Біз алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгел, хикметіне ешбір хақим ақыл ерістіре алмады. Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз - өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды», - дей отыра Алла тағаланың ерекше белгісін көрсетеді.

Шәкәрім «Мұсылмандық шарты» еңбегінде: «Алла тағала барша адам баласына бір Алла тағаланың барлығын, бірлігін һәм өзін жаратқан иесі екенін біліп иман келтіріп, қылсын деп жаратқан.» деп жазады. Шәкәрім осы еңбегінде Жаратушы жайлы ойларын ары қарай былай береді: «Не үшін жаратты? Жаратқан иесін біліп, соған құлшылық қылсын деп жаратты».

Иман келтіру ықыласпен құлшылық қылу арқылы жасалынады. Осы мәселеге қатысты Абай он үшінші қара сөзінде барлық адамшылықтың бастауы иманнан деп есептейді. «Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен», - дейді. Ұстазы Абайдың иман туралы көзқарасын Шәкәрім шәкірт ары қарай байыппен жалғастырады. Шәкәрім: «Әлбетте әрқашан шын ықыласпен нанып иман айтып жүру керек. Егер де иман дұрыс болмаса қанша құлшылық ғибадат қылынса да ол қабыл болмайды», - дейді. Екі ойшыл адамның иманды болуының маңызын ерекше атап көрсетеді.

Абай қазақтың рухани дүниетанымына нәр беретін «үш сүю» мәселесін көтерсе, Шәкәрім осы «үш сүю» танымын «үш анық» танымы арқылы тереңдете дамытуға ұмтылады. «Алланың растығы, бірлігі, ақиқаттығын рас екендігінің өзегі ретінде «үш сүюдің» маңыздылығына тоқталады. Шәкәрім «Үш анық» еңбегін жазу барысында Абай үлгісіне сүйенгені даусыз. Абайдың «үш сүю» идеясын әлемдік гуманистік ойдың жетістіктерімен толықтыра отыра, Шәкәрім өзінің «Үш анық» идеясын ұсынады.

«Мұсылмандық шарты» еңбегінде ислам құндылықтарын қазақи қалыппен, қазақи дәстүрге лайықтап жазады.

Екі ойшылдың негізгі идеялары бір арнадан табылған. Олар қазақ халқын жамандық пен арсыздықтан құтқаратын сара жолды нұсқайды.

Бүгінгі ұрпақ алдында тұрған өзекті міндеттер: адамгершілікті, сақтау, әділетті болу, еңбексүйгіштік, жаңашылдық және отаншылдық сапаларын қалыптастыруда бірінші кезекте осы «үш сүюдің» болғаны тиімді. Әрине, «үш сүю» Алланы сүюден басталады. Абай қазақты азғындаудан сақтап қалатын ұлы күш дін, яғни Алланы сүю деп біледі. Қазақты азғындаудың құтқарудың жолы – адамгершілікті сақтау, имандылықты қалыптастыру деп есептейді. Алладан қорыққан халық алдауға, ұрлауға, зорлық жасауға бармайды. Олар үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетіп, өтірікке бармай, ала жіпті аттамай ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ ұлтының моралдық кодексімен өмір кешеді. Ислам діні талаптарының ұлттық салт-дәстүрмен үйлесіп тұрғандығын Абай өте жақсы ұғынған. Ойшыл исламдық догматтардың қатаң сақталуы туралы мәселе көтермейді. Иmandылықты сақтау арқылы ғана халық әділетті, өмір сүруге қолайлы қоғам жасайды деп есептейді.

Алланың сипатын, болмысын айшықтап, танытуда Абайдың, Шәкәрімнің мұраларының маңызы зор. Абай, Шәкәрім еңбектеріндегі осы тақырыптың айқындалуы ислам құндылықтары арқылы өрбіп отырады. Құран кәрімдегі Алланы танытатын, оның сөзін жеткізетін аяттар мен сүрелердегі негізгі желісті өз шығармаларына тірек етеді. Ойшылдар шығармаларындағы осы бағытты зерделеу күн тәртібінде тұрған мәселе. Алланы тану, адамтану мәселелерін пайымдауда құран кәрімдегі терең мәліметтер мен тәрбиелік жүйені талдап, қазақи қалыпқа салып, түсіндіреді. Алланың болмысын, сипатын Абай, Шәкәрім шығармаларында талданып, айқындалуы қазақ ортасын, Алланы сүюге, имандылыққа баулитын бірден-бір тірек. Күрделі мәселелердің қазақ тілінде насихатталуының қажеттілігін ойшылдар тереңнен түсіне білді. Оны Абайдың «Алланың сөзі де рас, өзі де рас», «Отыз сегізінші

қара сөзі» т.б., Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», «Үш анық», «Иманым» топтама өлеңдерінен көруге болады. Шәкәрімнің «Иманым» топтама өлеңдерінде Жаратушыны сүю, Оны тану, Оған мойынсұнып, құлшылық жасау мәселелері кеңінен суреттеледі.

Ойшылдық пен ақындықтың тізгінін қатар ұстап, ақын жанды жұртына, өлеңмен насихат қалдырып, ел мүддесі үшін, айтар сөзінен қорықпаған, халқына тағылым етер мол мұраларын қалдырған ұлт ұстаздары Абай, Шәкәрімнің әлі де ашылмай жатқан қырлары көп. Әсіресе, біз үшін олардың дінді дұрыс қабылдау үлгісінің маңызы зор. Дінді бұрмалау өте қауіпті. Діннің иманға бастауын алғанымыз дұрыс.

Тәуелсіздікпен келген өзгерістер, Қазақстанға тәуелсіздік ислам діннің жаңғыруын әкелді. Осыған орай қазақ ойшылдарының діни көзқарастарының маңызы арта түсті. Қос ғұламаның осы мәселе төңірегінде айтқан идеяларының маңыздылығы зор.

Зерттеу нәтижелері: Алла тағаланы сүйе алмаған адамдар барлық жаманшылықтарға, зорлық-зомбылықтарға саналы түрде баруға қорықпайды. Ондайлар Алланы қанша айтқанымен жалған сенімдегі адамдар. Алланың атын жамылып әділетсіз істерге барғандар міндетті түрде өз жазасын алады. Алдау, өтірік, әділетсіздік, зорлық-зомбылық, паракорлық пен жалақорлық сияқты зиянды сапалар - Алланың ісіне жат. Оларды ұстағандар Алла жолынан ауытқығандар. Адамзаттың әлсіреуі, жаманшылықтың көбеюі Алла деген сенімнің әлсіруінен, адамдардың адасуынан.

Қорытындылар: Адам қоғамдағы орнын, жеке басының тұлғалық сапасын өзін-өзі тану арқылы ғана айқындай алады. Абайдың «Үш сүю», Шәкәрімнің «Үш анық» идеялары арқылы адамгершілігі биік, әділ, еңбексүйгіш, жаңашылдық және отанға қалтқысыз қызмет ете алатын саналы ұрпақ қалыптастыруға болады.

Әдебиеттер:

1. Құнанбаев А. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер, 2011.
2. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Тұлғалар. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I.Т. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Ғылым, 1977.
2. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. Алматы: Қазақстан, 1991.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Бакирова Ұлбақыт Маратовна, 3 курс студенті

«Ы.Алтынсарин атындағы Рудный элеуметтік-гуманитарлық колледжі»

Жетекшісі: Жуматаева Зибатуль Жумағалиевна, арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Ғылым саласының өркендеп, қанат жаюына, үлкен күш жігерін жұмсап, айтулы нәтижелерге қол жеткізген, ғылымның әр саласы бойынша аса дарынды ізденімпаз, жастарды қанатының астына алып, оларға жол ашып, ұлт жанашырына айналған Қаныш Сәтбаевтай ұлы тұлғамыздың

еңбектерін ауыз толтырып айта аламыз. Оның ғылым салаларында энциклопедиялық білімінің болуы, еліміздің интеллектуалды ғылыми дамуына бағыт беруі арқылы, кәсіби деңгейге көтергені сөзсіз. Сәтбаевтың еңбектерімен танысу арқылы біз жас ұрпақ өз білімімізді шындай аламыз, жан-жақты дами аламыз. Сәтбаевтың ауыз әдебиетінің қазақ әдебиет саласында алар орны ерекше, өмірін ғылым жолына арнаған ұлы дарын иесі салған сара жолымен жүріп, өткен күннің озық тәжірибелерін бүгінгі күнге пайдалану үшін қазақ әдебиетінің маңызын түсіну қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі.

Мәселе: Қаныш Сәтбаев туған елінің тарихында өшпес із қалдырды. Алайда оның сан қырлы тұлғаның әдебиетке қосқан үлесі әлі де бағаланбайды. Бұл ғылыми еңбек Қаныш Сәтбаев шығармашылығының әдеби қырларын ашып, оның қазақ әдебиет сахнасына тигізген ықпалын тереңірек түсінуді көздейді.

Жұмыс мақсаты: Қаныш Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесін жақсы түсінуге және оның елдің мәдени мұрасына әсерін бағалауға мүмкіндік беретін қызметінің аспектілерін егжей-тегжейлі зерттеуді мақсат етеді.

Міндеттері:

- Қаныш Имантайұлының өмір жолы мен еңбегін жастарға үлгі ету;
- Қаныш Имантайұлының ғылымға, соның ішінде қазақ әдебиетіне қосқан үлесімен танысу;
- Сәтбаев шығармашылығының дамуын зерттеу, әдеби шығармаларда байқалатын негізгі тақырыптарды, мотивтер мен стильдерді анықтау.

Әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт – бағдар сілтеген, халқының тарихында ерекше есімдері аталған зор тұлғалар болатыны айқын. Зор тұлғалардың ішінде ерекше айтқым келіп отырғаны, ғылым басылымдардың бастауында тұрған, оған ұйытқы болған академик, геолог-ғалым, профессор, минерология ғылымдарының докторы, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, шын есімі – Ғабдулғани 12 сәуір 1899 жылы, Баянауыл ауданында дүниеге келген.

Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик. Сауатын ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым, кейін Шорман ауылында орналасқан мектепке қатынай бастайды. Төрт жылдық бағдарламаны үш жылда аяқтайды. 1911 жылдан бастап Павлодардағы 2-сыныпты орыс-қазақ училищесіне аттанады. Аталған білім ордасын мерзімінен бір жыл бұрын бітіріп шығады.

Ғұлама ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі де толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған [2,26].

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылым жолында алар орны ерекше. Оның араласпаған, қалам тартпаған, ғылым саласы кемде-кем. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кен геологиясына арналған. Сәтбаевтың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, өнер саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Өз білімін өмірдің өндірістің тәжірибелермен нығайтып, байытып отыратын тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын нағыз ұлы тұлғалардың бірі.

Қ.И.Сәтбаевтың өлкенің мәдени-әдеби өміріне белсене араласуының өзінде бір сыр бар. Ғылымның басқа салаларындағы сияқты Қ.И.Сәтбаевтың жан-жақты пайымдау өрісінде: бай ауыз әдебиеті – фольклор, қазақ жазба әдебиетінің, әдеби сын мен кәсіби өнердің дамуындағы бірқатар мәселелер – театр болды. музыка, балет және өнер тарихы. Қ.И.Сәтбаевтың әдебиет пен өнер туралы көптеген болжамдары филология мен өнертану ғылымының жекелеген мәселелерін ғылыми тұрғыдан әзірлеуде маңызды болды. Әрбір құбылыстағыдай фольклорға, әдебиетке, өнерге қатысты да эволюция, көзқарастардың қалыптасу және дамудың белгілі бір жүйесінің қалыптасуы жүреді. Сәтбаевтың «Қазақ совет әдебиетінің көрнекті шығармасы» зерттеу мақаласы алғашқы еңбектерінің бірі болды. Қаныш Сәтбаевтың көлемі үлкен, мазмұны терең, «Алғы сөз» ғылыми еңбегі бар. Өз қолымен жазған бұл тәжірибелі еңбегі, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың берік іргетасы болды. Бұл әдеби шығармасы, әдебиет сүйер қауымның қызығушылығын тудырғаны сөзсіз. Ертегілер мен халық шығармашылығының басқа да түрлері ғылым үшін үш жағынан маңызды деп ойлаймыз: 1) олардың құрамында бұрын қазақ тілінде болған, ұмытыла бастаған көптеген сөздер бар. Сөздік қорын зерттеуге және тілдің одан әрі дамуына құнды осы сөздерді білу; 2) халық ертегілерінің поэтикалық тараулары әдетте шеберлігімен, ою-өрнектерімен ерекшеленеді. Образдылығы, түсініктілігі мен әсерлілігі жағынан, ауызша шығармашылықтың кейбір поэтикалық түрлері қазіргі көптеген ақындарымызға оң үлгі бола алады. Бұл әдеби шығармада маңызды. Сонымен қатар, ауызша шығармаларды жинақтап, мұқият зерттемейінше, форма мен ауызша шығарманы толық және дұрыс шешу мүмкін емес. Қазақ әдебиетінің одан әрі даму жолдары 3) ауызша халық шығармашылығы шығармалары тарих үшін құнды өткен кезеңдердің өмірін, санасын, әдет-ғұрпын көрсетеді. Ал соңғы кездері халықтың жалпы мәдени деңгейінің өзгеруіне байланысты ауызша халық шығармашылығы шығармаларын менсінбеудің кейбір элементтері байқалып, олар бірте-бірте ұмытыла бастады. Сондықтан қазіргі таңда өлкетану ұйымдарында құрылып жатқан негізгі міндеттердің бірі қазақ халқының ауызша шығармашылығынан материалдарды жүйелі түрде жинақтау мәселелері болуы керек. Ғылым саласының өркендеп, қанат жаюына, үлкен күш жігерін жұмсап, айтулы нәтижелерге қол жеткізген, ғылымның әр саласы бойынша аса дарынды ізденімпаз, жастарды қанатының астына алып, оларға жол ашып, ұлт жанашырына айналған. Имантайұлының ғылым жолында ерекше көзге түскен, мені қызықтырған сала, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі. Қаныш Имантайұлының білімге деген құштарлығы, соның ішінде әдебиетке

деген қызығушылығы мені қызықтыра алды. Оның бала кезінен әдебиетке құштарлығы, ауыз әдебиет нұсқаларын жазып, талдап зерттеу жүргізу арқылы қазақ әдебиетін жоғары деңгейге көтерді, мұның өзі үлкен мәртебе деп білемін. Осы арқылы біздің болашақ жастар да қазақ әдебиеті туралы білу, қазақ әдебиетінің маңызын, мәртебесін біліп, оны дәріптей білуіміз керек. Сол үшін де, Сәтбаевтың әдебиет саласындағы еңбектерін зерттеуді мақсат етіп қойдым. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз, Қаныш Имантайұлына арналғандай, оның әдеби еңбектері бүгінгі күнде маңызы зор екені бізге мәлім.

Қаныш Имантайұлының өз халқы үшін қалдырып кеткен әдеби мұрасы орасан зор. Шоқтығы биік ұлы тұлғаның халқы үшін жазған еңбектері көп, соның ішінде қазақ әдебиет саласын зерттеу, ол саланың мәнін ашып, насихаттау жас ұрпақтың парызы.

Зерттеу нәтижелері: Геолог - ғалымның әдебиетке қосқан үлесінің ерекшелігін, мәнін анықтап, көркем әдеби стильдермен байланыстыра қазақ прозасы туралы жан-жақты білу. Қаныш Имантайұлының Сәтбаевтың әдебиет тарихы мен әдебиеттану мәселелеріне арналған мақалалары туралы білу.

Қорытынды: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі мен әдебиет саласына қосқан үлесін жеткіншектерге тереңірек таныстыра отырып, оның туған халқы үшін аянбай еткен еңбегін дәріптеу, ұрпаққа үлгі ету.

Әдебиеттер

1. Оразов Т. Қаныштың жастық шағы. Алматы: Жазушы, 1971 ж.
2. Сағындықова С.С. Абзал адам, ғұлама ғалым. Ақтөбе, 2009 ж.
3. Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев. Алматы: Жазушы, 1988 ж.
4. «<https://Satbayev University>», «<https://ust.kz>word» «<https://adebiportal>»

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ДӘУІРДІҢ ОЙЫ МЕН ЖАНЫ. МҰХТАР ӘУЕЗОВ «АБАЙ ЖОЛЫ»

Бәкіжан Бекнур 1 курс студенті
«Қостанай ауылшаруашылық колледжі» КМҚК,
Жетекші: Жумагулова Айнагуль Аманжоловна,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы.

Тақырыптың өзектілігі: Әлемдік ірі құбылыс, ғұлама жазушы М.Әуезов қазақ халқының рухани байлығын бүкіл дүние жүзіне паш етті. Өзінің саналы ғұмырын қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен ұлттық өнеріне арнады. Ол әдебиеттің бар саласында да қажырлы еңбек етті. Жазушының артынан қалдырған мол мұралары публицистика, драматургия, проза, көркем аударма тұрғысынан болса, ғылыми мұрасы фольклортану, әдебиеттану сияқты ірі салаларды қамтиды. Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ Мұхтар Әуезов еді. Ол ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырған бірден-бір қаламгер. Бұл идея ең алдымен оның басты шығармасы "Абай жолы" романында жүзеге асты.

Мәселе.М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол шәкірттік дәуірді басынан өткермей, әдеби майданға білек түре кіріскені тырнақалды шығармаларынан-ақ айқын аңғарылады. Көркем сөз күдіретін ерте ұғынған жазушы қазақ әдебиетіне құбылыс болып енді. Ұлттық сөзді биік белеске көтерді. Сол себепті М.Әуезовтің ұлы шығармалары қазақ халқының көнермес асыл мұрасы, ар-абыройы болып қала бермек.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақ әдебиетінің тарихындағы дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен толғаған "Абай жолы" роман-эпопеясының авторы Мұхтар Әуезовтің көпке дейін, дәлірек айтқанда, қырықтың үстіне шыққанша, ұлы ақынның өмірі, туған-өскен ортасы туралы шығарма жазу жоспары болмағанын ескерткені бар. Абай өлеңдерін бастыру, ғұмырбаянын жасау, зерттеу еңбектер жариялауды романға барар жол деп санамаған екен. Дегенмен, ескі жұртта әлі де көп естелік бар-ды. Абай заманының сан-салалы сырларын, дәуірдің қат-қабат тартыстарын, дәлді оқиғалар, аңыз-әңгімелерді даланың жезтаңдай, ескі көз, құйма құлақ адамдары кейде саф таза күйінде, кейде мың құбылтып жеткізген.

Зерттеу міндеттері:

- М.Әуезов Абай жолы романына әдеби талдау жасату арқылы автор мұратын ұғындыру;
- Жазушы Абай жолы романының тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашу;
- Жазушының тіл шеберлігін таныту.

Мұхтар Әуезовтың Абай мұрасын ғылыми тұрғыдан танып білу жолында жарты ғасырға таяу толассыз ізденіс үстінде туған көп салалы ғылыми зерттеу еңбектері абайтанудың қолы жетпес заңғар биігіне айналып отыр. Бұл еңбектердің нәтижесінде М.Әуезов қазақ әдебиеті тарихын іргелі де көрнекті саласы абайтанудың негізін салушы әрі ол мұраны ғылыми творчестволық жолмен бүкіл әлем халқына таныту арқылы да әдебиеттану саласында қайталанбас дарынды тұлға ретінде танылып, мойындалды. Абай мұрасын терең бойлай танып білу мен насихаттау жайында атқарған ұлан-ғайыр еңбегі қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ ұлттың рухани қазыналы байлығына айналып та үлгерді.

«Абай жолы» - Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы - қазақтың тұңғыш эпопеясы. Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1949), «Абай жолының» тұтас төрт томына Лениндік сыйлық (1959) берілді. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтіп, 19 ғасырдың 40-50-жылдарын М. О. Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды. Мұның өзі заңды да, өйткені «Абайдай» шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес».[1] «Бұл да аз,- деді француз жазушысы Луи Арагон,- әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қиын; бұл, менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі».

Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ Мұхтар Әуезов еді. Ол ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырған бірден-бір қаламгер. Бұл идея ең алдымен оның басты шығармасы "Абай жолы" романында жүзеге асты.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен толғаған "Абай жолы" роман-эпопеясының авторы Мұхтар Әуезовтің көпке дейін, дәлірек айтқанда, қырықтың үстіне шыққанша, ұлы ақынның өмірі, туған-өскен ортасы туралы шығарма жазу жоспары болмағанын ескерткені бар. Дегенмен, ескі жұртта әлі де көп естелік бар-ды. Абай заманының сан-салалы сырларын, дәуірдің қат-қабат тартыстарын, дәлді оқиғалар, аңыз-әңгімелерді даланың жезтаңдай, ескі көз, құйма құлақ адамдары кейде саф таза күйінде, кейде мың құбылтып жеткізген. Абайдың мінезіне қанықтырған қасындағы жары – Әйгерім, ұлы – Тұрағұл, інісі – Шәкәрім, шәкірттері – Көкбай, Қатпа, Баймағамбеттер. Көп нәрсенің түбіне, түкпірлі табанына үңілу керек болған. Ел аузы Қамқа мен Қодар нәпсі үшін қылмысқа барған деседі. Абай үш әйел алған кісі: Ділда, Әйгерім, Еркежан.

Абай бейнесін жасауда ақын өмірінің белгілі оқиғалары кеңінен суреттеледі, оның шығармаларындағы әуез-сарындар, мотивтер, идеялар пайдаланады. Бірақ жеке өлеңдерге иллюстрация, жалаңаш еліктеу, қайта баяндап беру дегеніңіз атымен жоқ, Абай сөздері, диалогтағы, монологтағы лебіздер түп-түгел ақын лексикасын, синтаксисті ескере отырып, тыңнан жасалған, Мұхтар тудырған. Осы сарынның тереңдеген тасқыны "Абай жолы" эпопеясының басынан аяғынан дейін ыңыранып ағып жатыр: Қодар мен Қамқаның зорлықпен жасалған қанды өлімі, намыстан күйіп кеткен Бөжейдің кекті өлімі, ауыр сырқаттан көктей қиылған Әбіштің аянышты өлімі, асарын асап, жасарын жасап, ұрпағын өсіріп болған Зеренің разы өлімі, қатыгез, тасжүрек ру басыларының құрбандығына шалынған титтей Кәмшәттің ащы өлімі, кезінде қылышынан қан тамған Құнанбайдың шымылдық артындағы сопылық, мінажат өлімі, ең ақырында халқының ары мен ұяты, жаны мен сыры, өлеңі мен үні болған дана Абайдың трагедиялық өлімі бар. М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген нағыз кемел шығарманың авторы ғана емес, талғампаз зерттеуші. М.Әуезов арқылы төрткүл дүние Абайды танып, Абай арқылы Азияның кіндігіндегі көшпенділер елі тарихын зерделеп, дала пәлсапасына қанығады. Ұлы Абайды жырлау үшін қазаққа Керек болды Мұқаң сынды бір дана. Мыңқ етпестен жалғыз өзі атқарып, - деп әлем әдебиетіне «Абай жолын» сыйлаған, Абайдай ақыны арқылы елін танытқан дарын иесін, бүкіл рухани өміріміздің қалыптасуында зор еңбек еткен ғұлама суреткер бейнесін беруде өз талантын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Ұлы жазушының бас шығармасында бейнеленген негізгі тартыс-әділет пен зорлық, тұтастық пен алауыздық, білім мен надандық, махаббат пен ғадауат майданында түптің түбінде жарқын өмірдің, нұр сәуленің, береке-бірліктің жеңетінін мадақтаған, өзі құлай сүйіп, сол жолға барлық

қайрат-жігерін, өр талантын, сапалы ғұмырын арнаған – қазақ халқының өрісті келешегі мәңгілік деген асқақ арманды үміттің оты маздап жанып тұр.

Қорытынды. Төрт томды эпопеялық көлемді роман қазақ қоғамының жарты ғасырлық әлеуметтік, тұрмыстық, отбасылық, ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Оқиғалар жыл маусымдарының төрт мезгіліне бірдей, тәуліктің әртүрлі сәттерінде, күн демей, түн демей, толассыз өтіп жатады. Аталар буыны Құнанбайлар өмірінің соңғы кезеңі, орта буын Абайлар өмірі түгелдей дерлік, жаңа буын Әзімбайлар өмірінің тал түсі, жас төл Рахымдар өмірінің басы – бірімен-бірі жалғас, үзілмейтін тіршілік көшінің керуені іспеттес, бірін-бірі қуалай жосыған дария толқындары секілді сабақтас, жалғас қалпында көрініс табады. Бұл бір мәңгілік толас таппас жақсылық пен жамандық, махаббат пен ғадауат, әділет пен зұлымдық шайқасы ретінде бейнеленеді.

Сөйтіп, М.Әуезов өнер адамы мен халық тағдырын тұтас бірлікке көрсететін зор реалистік шығарма жазудың жаңа көркемдік мектебін ашты. Негізінен, өмірде өткен адамдардың басында болған оқиғалардың жалпы сорабын сақтай отырып, жазушы көркемдік логика, эстетикалық мұратты, реалистік шығарма жасау талап-шарттарын бірінші орынға қойған. Өз атымен, өзінің тіршіліктері нақты, дәмді әрекеттерімен бейнеленген кейіпкерлердің өзін сомдауда жазушы қиялға, авторлық фантазияға мол орын береді. Тыңнан, ойдан шығарылған оқиғалар, ситуациялар, бейнелер толып жатыр. Бұл ретте Әуезов шеберлігі шомбал шұбар тасты ойып, қашап, жан бітіріп, көркем тұлға, жауһар туынды жасайтын тынымсыз еңбекқор мүсіншінің азапты да рахат әрекеттерін еске түсіреді.

Пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі

1. ҚР ҰҒА академигі, профессор Рымғали.
2. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы: «Рауан» 1997ж.
3. М.Әуезов.Әңгімелер. Алматы:Жалпы,1987ж.
4. «Қазақстан мектебі» №2.2008ж.

МОЯ РОДОСЛОВНАЯ

Боровинский Тимур, студент 2 курса Краевого государственного бюджетного профессионального образовательного учреждения «Барнаульский лицей железнодорожного транспорта»

Научный руководитель: Макота Валентина Михайловна, преподаватель

Актуальность данной работы заключается в том, что в современном обществе, в век компьютеризации, всё больше утрачивается связь поколений. Во многих семьях познание о собственном происхождении обрывается уже на третьем колене. Полученная информация может быть настолько ценной, что позволит ознакомиться с образом жизни, профессией, историческими событиями того времени и социальным положением родственников. Изучение родословной способствует более близкому общению членов семьи. Через

изучение своей родословной, человек изучает историю своей страны, сохраняет истории семьи для потомков, укрепляет детско-родительские отношения.

Проблему данной работы я вижу в моей низкой информированности о своей родословной.

Цель исследования: составить родословное (генеалогическое) древо моей семьи.

Задачи:

1. Выяснить, что такое родословная.
2. Познакомиться с чужим опытом по сбору информации о родословной.
3. Оформить конечный продукт в виде семейного дерева.

Моя родословная пока небольшая, в ней я расположил родственников, о которых собрал сведения. С этими людьми я состою в кровном родстве. Я планирую собрать больше сведений о своей семье, узнать о родственниках до седьмого поколения, изучить дополнительную литературу, записать рассказы живых родственников, побывать в архиве и написать историю моей семьи, которую я люблю и горжусь.

Изучая чужой опыт по сбору информации по теме "Моя родословная", мне показался интересен опыт по оформлению работы, по структуре, по конечному результату. Но собранная информация мне показалась достаточно объемной и ценной, поэтому я остановился на "Семейном альбоме". Так как подобный предмет мог бы передаваться как семейная реликвия из поколения в поколение и соответственно пополняться.

Фамилия Боровинский в большинстве случаев имеет польское происхождение и формируется либо из самой Польши, либо из соседних с ней государств (Белоруссия, Украина). Подавляющее большинство представителей фамилии Боровинский относились к польской шляхте. В 10% процентах носитель фамилии возможно является потомком древнего русского княжеского или боярского рода.

Результаты исследования. Моя семья. Моя семья состоит из четырех человек: мама, папа, сестра и я. Линия отца. Мои бабушки и дедушки. Мои прабабушки и прадедушки. Мои прапрабабушка и прапрадедушки.

Линия матери. Мои бабушки и дедушки. Мои прабабушки и прадедушки. Мои прапрабабушка и прапрадедушки.

Я считаю, что знать свои корни должен каждый, так как без этого не может развиваться история, не может успешно развиваться наша цивилизация. Я живу в дружной и трудолюбивой семье, которая с большим почтением относится к старшим поколениям, хорошо знает свой род. Ценными помощниками в этой работе стали для меня и мои бабушки и дедушки, которые с интересом занимались и занимаются изучением нашей родословной.

Чтобы выяснить, историю своего рода провел поисковую работу: это изучение литературы по теме, беседы, опросы родителей и родных, анкетирование одноклассников.

Литература

1. Ожегов С. И. Толковый словарь.

2. Интернет- ресурс : «Наградные листы второго украинского фронта», «Мемориал славы».
3. Википедия Генеалогия.
4. Интернет- ресурс «Архив погибших в ВОВ Алтайского края»
5. В.П. Петров, Е.В. Петрова «Как составить свою родословную» Улан-Удэ.

ТРАГЕДИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ДУШИ

(Лариса Огудалова пьеса «Бесприданница» и Катерина Кабанова пьеса «Гроза»
А.Н.Островского)

Бондарь Эльза, студентка 1 курса,
ЧУ «Колледж предпринимательства КИиЭУ»
Научный руководитель: Мамитанова Л.К., преподаватель
общеобразовательных дисциплин

Актуальность исследования заключается в уникальной возможности глубокого анализа душевных терзаний Ларисы и Катерины, их отражение на человеческой судьбе. Эта работа актуальна, поскольку она позволяет внести вклад в понимание психологических аспектов человеческой сущности, а также раскрыть актуальность классической литературы в контексте вечных вопросов о смысле жизни, любви и страданиях.

Проблема исследования: Идентификация и анализ факторов, приводящих к трагической динамике человеческой души в пьесах на примере Ларисы и Катерины из пьес А.Н. Островского, с учетом социокультурных и этических контекстов, с целью раскрытия глубоких аспектов человеческого опыта и взаимодействия с обществом.

Задачи работы:

1. Исследовать понятие трагедии человеческой души
2. Разобраться в причинах зарождения трагедии Ларисы и Катерины
3. Показать влияние общества на формирование трагедии человеческой души
4. Ответить на все стоящие вопросы
5. Сформировать целостное мнение о трагедии человеческой души

Цель исследовательской работы: Раскрыть трагические аспекты человеческой души, представленные на примере девушек в пьесах Н. А. Островского, с целью анализа и понимания глубоких психологических и философских моментов, отражающих сложные социальные реалии и внутренние конфликты персонажей.

Гипотеза: «Путем систематического анализа персонажей Ларисы Огудаловой и Катерины из пьес Островского мы можем выявить общие психологические мотивы, которые приводят к трагическим событиям в их жизни, и раскрыть глубинные аспекты человеческой души, формирующие подобные трагические сценарии. Это исследование направлено на более глубокое понимание психологических процессов, лежащих в основе трагедии, и может пролить свет на универсальные закономерности человеческой природы, подчеркивая их актуальность для современного общества».

Объект исследования: трагедия Ларисы Огудаловой и Катерины Кабановой

Этапы исследования:

1. Изучить понятия “душа” и “ трагедия”
2. Исследовать характер и психологические особенности Ларисы и Катерины
3. Рассмотреть влияние общества на главных героинь и их роль в формировании трагедии человеческой души
4. Разобраться во влиянии социально культурных норм и нравов того исторического периода.
5. Определить в чем же заключается трагедия человеческой души героинь пьес
6. Провести беседу и опрос учащихся колледжа
7. Подвести итоги исследования

Первостепенной задачей стало изучение понятий таких слов как “трагедия” и “душа”. Душа человека это то, что отражает истинные чувства и личность человека, все его мотивы каких-либо поступков, а также его истинное я, а также, что трагедия — это сильное личное потрясение, утрата или несчастье, которое оставляет глубокий след в жизни человека. В данных пьесах раскрывается множество проблем актуальных как во время написания произведения, так и по сей день. Главные проблемы: патриархальное общество, классовое неравенство, материальное неравенство и давление со стороны общества.

Последняя проблема является одной из самых актуальных, так как крайне часто встречается и в наше время. Огромная часть вины за произошедшее с главными героинями лежит на обществе, так как лишь из-за мнения посторонних людей героини не смогли продолжить свою жизнь, так как существование с таким общественным клеймом было бы невозможно.

Данные размышления подтолкнули к следующим выводам. Влияние общества на людей — это неоспоримый факт, который невозможно игнорировать как в реальной жизни, так и при разборе литературных произведений. Проанализировав героинь и причины возникновения трагедии человеческой души Ларисы Огудаловой из "Бесприданницы" и Катерина Кабанова из "Грозы" - обе являются персонажами Островского, их трагедии связаны с социальными и моральными аспектами общества того времени. Лариса сталкивается с бедностью и социальными ограничениями, пытается найти любовь и счастье. Её трагедия обусловлена борьбой за выживание и желанием быть любимой. Но в итоге данная героиня понимает, что для всех является лишь игрушкой и вещью без чувств, чего она в свою очередь не может пережить.

Подобные обстоятельства всё также актуальны и в наши дни, так как сейчас материальные проблемы стоят еще острее. Зачастую проблемы с финансами приводят к трагическим последствиям. Также проблема становления “игрушкой” для других до сих пор не исчерпана и продолжает оставаться актуальной.

Катерина Кабанова, с другой стороны, подавлена семейными узами и деспотизмом свекрови. Её трагедия истекает из конфликта между её чувствами и социальными ограничениями, а также из отсутствия свободы в выборе любви.

Огромному количеству женщин в наше время приходится переживать подобные сценарии после замужества, давление со стороны свекрови на молодые семьи как тогда, так и сейчас очень огромно и показывает актуальность данной темы. Конечно, в наше время свобода выбора партнера у женщин значительно возросла, но это не значит, что проблема принудительных браков в нашем мире изжила себя.

Оба персонажи отражают сложности человеческой души в борьбе с социальными и эмоциональными противоречиями, а их трагедии иллюстрируют драматические последствия конфликта между личными желаниями и общественными нормами.

Следующим этапом работы стало проведение беседы и анкетирования среди студентов моего колледжа. Анкетирование и проведение беседы с учащимися колледжа необходимы для сбора данных и обеспечения информированности участников исследования. Опрос обучающихся проводился среди студентов 1 курса, в общей сложности опрос прошли 98 учащихся. Первым этапом было необходимо выяснить кто из опрошиваемых студентом знаком с пьесами «Бесприданница» и «Гроза» А.Н.Островского.

После анализа полученных данных было решено провести два анкетирования. Первое анкетирование было проведено в группе респондентов, ознакомленных с пьесами. Во второй группе предварительно была проведена разъяснительная беседа для ознакомления с материалом. Обоим группам был задан одинаковый вопрос «Считаете ли вы проблему трагедии человеческой души, поднятой в произведениях А.Н Островского актуальной?»

Опрос первой группы показал:

67% считают проблему актуальной. 12% считают проблему актуальной лишь для того времени. 21% не считают проблему актуальной.

Опрос второй группы показал:

58% считают проблему актуальной. 17% считают проблему актуальной лишь для того времени. 25% не считают проблему актуальной.

. Его героини - сложные и противоречивые личности, которые борются за свою любовь и счастье, но часто терпят поражение. Творчество Островского напоминает нам о важности понимания и поддержки человека в сложных жизненных обстоятельствах, что актуально как в то время, так и на сегодняшний день.

Литература

1. Артамонова, Е. А. "Трагедия человеческой души в пьесах А. Н. Островского". Москва, 2005.
2. Островский, А. Н. "Бесприданница". Санкт-Петербург, 1859.
3. Островский, А. Н. "Гроза". Санкт-Петербург, 1859.
4. Толстой, Л. Н. "Трактовка понятия души в художественных произведениях". Москва, 1876
5. Юнг, К. Г. "Психология исследования бездны души". Цюрих, 1912.

ИЗ ИСТОРИИ ПАМЯТНИКОВ ГОРОДА КОСТАНАЙ: «СТЕНА РАССТРЕЛА»

Брага Виолетта, Уласевич Татьяна, студенты 2 курса
КГКП «Костанайский колледж автомобильного транспорта»
Научный руководитель: Сураганова Балшекер Байкенжеовна,
преподаватель общеобразовательных дисциплин

Бөтелкені сумен толтырыңыз, оған сіріңке бастарын лақтырыңыз (тамшуырды қолдануға болады) және қақпақты мықтап жабыңыз. Біз бұл заттардың су бетінде қалқып кететінін байқаймыз, бірақ олар батып бара жатқанда бөтелкені қысуымыз керек. Суды құрайтын молекулалар үнемі сырғып, бір-бірінің айналасында айналады. Бұл қозғалыстар су қысымы деп аталады. Біз бөтелкені қысқанда, бөтелкедегі судың қысымы, соның ішінде осы бастардың ішінде де артады және олардың ішіндегі ауаның қысылуына әкеледі.

Осыған байланысты ауа алатын көлем азаяды. Бұл судың қысымының жоғарылауы бұл сіріңке бастарын ішіндегі сумен бөтелкедегі қоршаған суға қарағанда тығызырақ етеді, сондықтан олар батып кетеді. Бөтелкені түсірген кезде оның ішіндегі судың қысымы төмендейді. Және олар қайтадан айналасындағы Судан жеңілірек болып, бетіне көтеріледі.

Төртінші тәжірибе: бұлттың пайда болуы

Жабдық: банка, резеңке қолғап, сіріңке, резеңке.

Құмыраның түбін толығымен жабу үшін жеткілікті мөлшерде су құйыңыз, содан кейін су оның қабырғаларын ылғалдандыратындай етіп құмыраны бұраңыз. Біз резеңке қолғапты мойынға тартамыз, бірақ оның саусақтары ішке қарай бағытталған. Содан кейін біз қолымызды қолғапқа салып, саусақтарымыз сыртқа қарай созылатындай етіп жоғары қарай созамыз. Біз сіріңкені жағып, бір сәтте қолғапты алып тастаймыз, содан кейін жанып тұрған сіріңкені банкаға тастаймыз.

Мен қолғапты саусақтарым ішке қарай бағыттайтындай етіп тартамын. Құмырадағы су сіріңкені сөндіріп, түтін пайда бола бастайды. Қолды қайтадан қолғапқа салып, оны сыртқа бұрыңыз. Бұлт банкте қалыптаса бастайды. Бұл барлық бөлшектер құмыраның түбіне түскенше жалғасады. Бұл осылай жұмыс

істейді, өйткені: ауа қолғаппен қысылады, өйткені ол құмырада біраз орын алады, қолғаптың саусақтарын сыртқа қарай созады, біз құмыраның ішіне біраз орын қосамыз; құмыраның ішіндегі ауа салқындатылады, ал сөнген сіріңкеден шыққан түтін молекулалардың қосылу механизмін іске қосады, олар түтін бөлшектеріне қосылып, бұлт түрінде конденсацияланады .

Бесінші тәжірибе: тұщы суда – батып кетеді, ал ауыр суда-жүзеді.

Жабдық: 2 кесе, 2 жұмыртқа, тұз.

Екі стаканды да сумен толтырыңыз, олардың біреуіне тұз құйыңыз (200 мл суға 1 ас қасық мөлшерінде). Әр стаканға жұмыртқаны салыңыз. Тұз жоқ құмырада жұмыртқа батып кетеді, ал тұзды су ыдысында жұмыртқа қалқып кетеді. Себебі тұзды су тұщы суға қарағанда ауыр, сондықтан итеру күші пайда болады (5-қосымша).

Алтыншы тәжірибе: капиллярлық қасиеттері

Жабдық: 2 кесе, майлық, бояу.

Бір стаканды боялған сумен толтырыңыз. Біз майлықты бұрап, оның бір ұшын стакан суға, ал екінші ұшын бос стаканға саламыз. Біраз уақыттан кейін (3, 4 сағатта) біз бос болған стаканның сумен толтырыла бастағанын көреміз. Біз судың төмен қарай ағып жатқанын білеміз, бірақ бұл жағдайда беттік керілуге байланысты су капиллярлық қасиеттерді көрсетеді, яғни ол көтеріле алады жердің тартылуына қарамастан.

Жетінші тәжірибе: тез қататын су

Жабдық: бөтелке, мұздатқыш.

Бөтелкені тазартылған сумен немесе өте таза сумен толтырыңыз, бөтелкенің жоғарғы жағына дейін үлессіз. Біз оны мұздатқышқа екі сағатқа қоямыз. Уақыт өткеннен кейін біз бөтелкені ақырын шығарып, қатты затқа қатты соққы береміз. Біз судың қата бастағанын байқаймыз (8-қосымша). Су салқындату орталықтары болған кезде ғана қатып қалады (мұндай орталықтар қоспалар, шаңдар немесе діріл болуы мүмкін).

Ал біз мұздатқыштан алған суды гипотермиялық деп атайды. Гипотермиялық су тек нуклеация орталықтарының болмауымен қатып қалудан сақталады. Сондықтан мұздату орталықтары пайда болғаннан кейін (бұл қарапайым дірілден болуы мүмкін), салқындатылған су тез қатып қалады.

Сегізінші тәжірибе: ыстық табадағы шарлар

Жабдық: ыстық табақ.

Ыстық табаға бір тамшы су құйыңыз. Біз шар тәрізді судың ысқырып, секіріп, табаның бетіне домалап, өте баяу буланып жатқанын көреміз (9-қосымша). Ыдыс пен тамшы арасында бу қабаты пайда болады және ол жылуды нашар өткізеді, сондықтан су баяу буланып кетеді.

Тоғызыншы тәжірибе: қозғалтқышы бар тіс тазалағыш

Жабдық: сабын, тіс тазалағыш, бассейн.

Бассейнді сумен толтырыңыз. Тіс тазалағыштың ұшын сабынмен жайып, оны суға батырыңыз. Біз тіс тазалағыштың су бетінде жүзе бастағанын байқаймыз, фотосуретте бұл іс жүзінде байқалмайды, бірақ мұқият қарасаңыз, тіс тазалағыштан кейінгі толқындар мен сабын қалдықтарын көре аласыз). Ол

қалқып жүреді, өйткені сабын судың беттік керілуін азайтады және гетерогенділік пайда болады, бұл оның алға жылжуына әкеледі.

Оныншы тәжірибе: оптикалық қасиеттер, спектр

Жабдық: тостаған, айна.

Қабырғаға немесе кез-келген бетке жарық спектрі көрінбеуі үшін айнаны сумен ыдысқа салыңыз. Бұл жағдайда су жарықты оның компоненттеріне ыдырататын призма рөлін атқарады.

Он бірінші тәжірибе: оптикалық қасиеттер

Жабдық: жартылай дөңгелек үстіңгі пластикалық бөтелке, қайшы, тығын, киізден жасалған қалам.

Киізден жасалған қалам мен тығынның көмегімен біз екі контурды белгілейміз. Осы екі жарты шарды кесіңіз. Біз екі бөлікті желіммен немесе пластилинмен байланыстырамыз және желімдейміз. Алынған сфераны сумен мұқият толтырыңыз, сонда ауа жоқ. Біз су ұлғайтқышын алдық. Егер біз оны кез-келген мәтінге бағыттайтын болсақ, онда сөздердің қалай үлкейе бастағанын байқаймыз. Осылайша біз судың оптикалық қасиеттері бар екенін білдік.

Қорытынды

Су барлық бар организмдердің өмірінде үлкен рөл атқарады. Ол нәрлендіреді, жылытады және салқындатады. Бұл су ортасының көптеген тұрғындары үшін тіршілік ету ортасы. Ол климатты қолдайды, соның арқасында Жер тұрғындары өте ыңғайлы. Және бұл тізім жалғасуда. "Су, сенің дәмің де, түсің де, иісің де жоқ, сені сипаттау мүмкін емес, сенің не екеніңді білмей рахаттанасың. Сіз өмір үшін қажет деп айта алмайсыз: сіз өмірдің өзісіз. Сіз бізді қуанышқа толтырасыз, бұл біздің сезімдерімізбен түсіндірілмейді".

Жүргізілген эксперименттердің нәтижесінде су шын мәнінде жұмбақ және таңғажайып қасиеттерге ие деген гипотезаны растауға болады. "Суды бақылай отырып, адам көп нәрсені біле алады".

Әдебиеттер

1. М.Қ.Оспанова, Қ.С.Аухадиева, Т.Г.Белаусова Химия 9-сынып жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық
2. Экология — 2011 жылы Астана қаласы «Фолиант» баспасы Ф. Иштаева, Л. Костарева, Ш. Набидоллина.
3. «Су – Википедия»

КҮНБАҒЫС ТҰҚЫМЫНЫҢ ҚАБЫҒЫН АҒАШ-ЖАҢҚАЛЫ ТАҚТА (ДСП) ДАЙЫНДАУДА ҚОЛДАНУ

Жалғасұлы Диас, 2 курс «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Нұрманбетова Алтынай Сабитбекқызы, биология пәнінің оқытушысы

Ғылыми жұмыстың өзектілігі:

Күнбағыс тұқымының қабығын жинау және қайта өңдеу ірі инвестиция және білікті мамандарды аса қажет етпейді, сонымен қатар, инвестицияның тез

қайтарылуымен сипатталады. Осыған байланысты, мен құрылыста күнбағыс тұқымының қабығын пайдалану осы мәселені жоюдың ең тиімді нұсқаларының бірі деп санаймын. Ғылыми-зерттеу жұмысымда күнбағыс тұқымының қалдықтарының тиімді пайдалану жолдары ұсынылды. Егер осы ұсыныстарым әрі қарай ел игілігіне жараса менің мақсатымның орындалғаны деп білемін.

Мәселе: Қазіргі қарқынды дамып келе жатқан әлемде адамзат ауқымды экологиялық проблемамен бетпе бет келді, себебі, өндірістік қалдықтардың түрлі жою әдістерін қолданса да олар қоршаған ортаға, яғни экологияға теріс әсерін тигізеді.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Күнбағыс тұқымының қабығына негізделген ағаш-жаңқалы тақта (ДСП) жасау және оның физикалық сипаттамаларын зерттеу.

Міндеттері:

- 1) Үй жағдайында ағаш-жаңқалы тақта (ДСП) жасаудың мүмкін әдістерін білу;
- 2) Күнбағыс тұқымдарының қабығынан ағаш-жаңқалы тақта (ДСП) жасау;
- 3) Ағаш үгінділерінен ағаш-жаңқалы тақта (ДСП) жасау;
- 4) Дайын болған ағаш-жаңқалы тақтаның (ДСП) физикалық сипаттамаларын салыстыру.

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Бізге де мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды» - деп атап көрсеткен еді.

Осыған орай, мен ғылыми жұмысым арқылы күнбағыс тұқымының қабығы қалдықтарын қайта өңдеу арқылы экологиялық таза өнім алу жолын ұсынамын. Бұл дамыған елдерде өзекті және оларды құрылыста қолдану арқылы қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосады.

Күнбағыс майы өндіруде ғана емес сонымен қатар, тұқымдарды өңдеу кезінде пайда болатын жанама өнімдері үшін де кеңінен танымал. Бұл күнбағыс қалдықтары ақуыздар мен дәрумендердің көптігіне байланысты ауылшаруашылық жануарлары үшін ең құнды және салыстырмалы түрде арзан жем болып саналады.[1] Күнбағыс дәнінен май бөлінген кезде пресстеу зауыттарында көп мөлшерде қабық пайда болады, тұқымның жалпы санына шаққанда шамамен 14%. Бұндай мөлшердегі қабықты тастау қымбат және қиын.

Қалдықтар қоршаған ортаның негізгі ластаушылары, сондай-ақ пайдалы компоненттердің тасымалдаушылары болып табылады, сондықтан қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды ұтымды пайдалану проблемаларын қалдықтарды өңдеу, сондай-ақ аз қалдықты технологияларды қолдану арқылы шешуге болады.[3]

Негізгі дайындалатын тақта көлемі-50×50 см-ден аспайды. Өндіру технологиясы-бұл шағын өндірістік процесс, онда автоматты кезеңдер қолмен атқарылатын жұмысқа ауыстырылады:

-ағаш үгінділерін кішкене контейнерде араластыру (10-15 л);

-желім қосу және үгінділердің толық сіңіуін қамтамасыз ету;

- аз қысыммен пішіндеу;

-алынған ДСП фрагментін ауада салқындату және шеттерін кесу. Жұмыста байланыстырушы зат ретінде ПВА-М және ағаш желімі қолданылады.

Ағаш-жаңқалы тақта (ДСП) жасауда жоғарыда сипатталған технология қолданылды, бірақ, арнайы жабдықтың болмауына байланысты ыстық пресстеу кезеңі қолданылмады. Өнімнің пішіні қалыптастырылғаннан кейін қалыпты температурадағы ауада кептірілді.[4]

ПВА-М желімі ылғалға төзімсіз болғандықтан және өнімнің орталық бөлігі ұзақ кебетіндіктен, байланыстырғыш ретінде тез құрғайтын, ылғалға төзімді ағаш желімін қолдана отырып, ағаш-жаңқалы тақтаның (ДСП) тағы бір данасын жасау туралы шешім қабылданды.[5]

Зерттеу нәтижелері:

1) Күнбағыс тұқымдарының қабығынан ПВА желім және ағаш желім қосылған екі түрлі ДСП жасалды,оған

2) Ағаш үгінділерінен ПВА желім және ағаш желім қосылған екі түрлі ДСП жасалды;

3) Жасалған үлгілердің физикалық сипаттамаларының салыстырмалы кестесі дайындалды.

Қорытынды. Тақырып бойынша зерттеу жұмысы барысында қойылған міндеттерді толығымен орындадым.

Мен күнбағыс тұқымының қабығын ДСП өндірісі үшін материал ретінде пайдалану үгінділер қоспасынан гөрі тиімдірек және маңыздырақ деп есептеймін, өйткені:

- Ағаш барлық жерде және әрқашан пайдаланылады, сондықтан үгінділердің орнына тұқым қауызын пайдалану қоршаған ортаның тазалығына әсер етеді;

- Жартылай дөңгелек пішінді болғандықтан, күнбағыс тұқымдарының қабығы үгінділерге қарағанда берік;

- Қабық негізінде жасалған өнім үгінділер қоспасы негізінде жасалған өнімге қарағанда әлдеқайда жеңіл және бұл физикалық сипаттама өндірісте маңызды;

- Қабық негізіндегі ДСП ағаш үгінділерінен жеңіл болғанымен, екеуінің де беріктігі бірдей.

Менің дайындаған ДСП үлгілерін дайындауға жалпы 4600 (төрт мың алты жүз) тг қаржы жұмсалды. Күнбағыс тұқымының қалдығынан үй жағдайында ағаш-жаңқалы тақта жасаудың жолын әрі қарай арнайы жабдықталған, шағын көлемдегі өндірісте немесе қосалқы шаруашылықта жүзеге асыруға болады.

Әдебиет

1) Атақұлов Т.А және басқалар «Өсімдік шаруашылығы» практикумы, «Агроуниверситет» баспасы

2) Жаңабаев Қ. Агрономия негіздері, «Фолиант» баспасы,2007 жыл

3) Иштаева Ф.,Костарева Л., Экология:Оқу құралы-Астана Фолиант,2011

4) <http://stroyres.net/lesnye-materialy/drevesnie-pliti/dsp/proizvodstvo.html>

- 5) <http://www.vzavtra.net/materialy/sheluxa-semyan-podsolnechnika-mozhet-byt-ispolzovana-dlya-izgotovleniya-betona.ht>

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

Жубаназарова Аружан Муратбайқызы, 1-курс студенті Астана қаласындағы

Қазақстандық Швейцария-Американдық колледжі

Ғылыми жетекші: Керімбай Арман Мейрамұлы, биология пәні оқытушысы

Өзектілігі: Егер біз Каспий теңізінің экологиялық жағдайын қолға алмасақ, енді басталып жатқан экологиялық катастрофа үлкен масштабқа кеңеюі мүмкін. Бұл экологиялық проблеманы шешу тек Қазақстан мойнында емес, сонымен қатар Ресей, Түрікменстан, Иран, Азербайджан елдері де барынша бірлесіп, атсалысуы керек.

Мәселе: Қазақстанның інжуіне айналып кеткен Каспий теңізінің бүгінгі күні табиғи экологиялық жағдайы соңғы жылдары нашарлап бара жатқанына барлығымыз куәміз. Соңғы бір жылда instagram, youtube, tiktok сияқты әлеуметтік желілерде Каспий теңізі жағасындағы табиғи апаттық жағдайдың бастапқы кезеңдерінің орын алған бейнелерін түрлі видеолар арқылы көре аламыз. Өзім батыс жақтан болғандықтан, Каспий теңізінің бұндай жағдайына бей-жай қарай алмаймын.

Жұмыс мақсаты: Соңғы кезде Каспий теңізінде туындаған, жылдан-жылға кеңейіп жатқан өзекті экологиялық проблемаға көпшіліктің назарын аударту.

Міндеттері:

- 1) Каспийдегі қырылып жатқан жануарлар мәселесін көтеру.
- 2) Каспий теңізі суының тартылуын қарастыру.
- 3) Адамдардың табиғатқа немқұрайлы қарауын жақсы жаққа қарай өзгерту.

2023 жылы эcobелсенділер әлеуметтік желілерде Каспий теңізі жағасы туралы өзекті экологиялық мәселелерді көтеріп, дабыл қаққан болатын. Каспий теңізінің тартылуы есебінен бірінші кезекте сол жерде тіршілік ететін жануарлар азап шегуде. Итбалықтардың, аққулардың саны күрт төмендеп кеткен. 2023 жылдың 8 маусымында Каспийдің экологиялық жағдайына байланысты төтенше жағдай жарияланған болатын. Каспий теңізінің экологиясының бұзылуы тікелей біздің елдің экономикасына қатты кері әсерін тигізері сөзсіз белгілі.

Зерттеу нәтижелері: Экологтардың пікірінше, егер адамзат осы проблемаға дұрыстап назар аудармаса, Каспий теңізі Арал теңізінің кешкен жағдайын қайталауы мүмкін. Соңғы 120 жылда Каспий теңізіндегі су деңгейі түсіп, мекендеуші жануарлар саны азайып кеткен. Қоғамға зиянын тигізетіндер мен өз жеке басы үшін мемлекетін ұятқа қалдыратындар саны аз болу үшін дұрыс тәрбие отбасынан басталуы керек. Тек Каспий емес, барша Қазақстанның табиғаты қашанғы адам іс-әрекетінен зардап шеге беруі жалғасады?

Соңғы жылы Каспий теңізінен жануарлардың өлекселері көбейген. Әсіресе аққулардың қырылуы жаныма қатты тиеді. Бұндай экологиялық трагедиядан кейін экологтар арнайы сараптамалық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, себептерін анықтауда. Өкінішке қарай, Маңғыстау облысындағы Қаракөл аумағынан 2023 жылдың желтоқсан айында құстардың ішіндегі ең әдемісі – аққудың 900 шақты өлексесі табылған. Бұл жағдай ветеринарларды да алаңдатуда. 2024 жылдың ақпан айының басында тағы да аққу өлімі артты, осы жолы байланысы бар деген себеппен Rixos Water World Aktau курорттық қонақ үйіне қатысты іс қозғалды. Мен өзім туризм мамандығында оқығандықтан, бұл түйіткіл мәселені зерттеу маған өте қызық болды. «Aktau Tourism Ltd» туристік компаниясы табиғатты қорғау заңнамасын сақтамағаны белгілі болды.

Каспийдің күннен күнге ластанып жатқаны әсерінен табиғатымыз жапа шегуде. Бұны тезірек қолға алып, кінәлілер экологиямызға тигізген зияндығы үшін тиісті жазасын алулары керек. Лас ағын сулары, өндіріс қалдықтары, қоқыстар Каспийімізге зиянын қатты тигізуде. Rixos Water World Aktau курорттық қонақ үйінің бұл бірінші жіберген қателігі емес. 2022 жылы бұл қонақ үй лас төгінді суды мөлшерден тыс ағызып, 76 млн теңге айыппұл төлеген. Осыған ұқсас экологиялық апат салдарынан 2020 жылы Каспий итбалығы Қызыл кітапқа енді. Бұл Каспий итбалықтарының да жағдайы мәз емес екендігін көрсетеді. Тек қонақ үй кінәлі емес, қарапайым қала тұрғындарының табиғатқа деген жауапсыз іс-әрекеті мен браконьерлердің жауыздығы да қосылып, зиянды нәтижесін көрсетуде. Жаз мезгілінде Ақтау қаласында демалған адамдардың Каспий итбалығын жауыздықпен таяқпен және тастармен ұрып, сабағаны барлығымыздың есімізде. Осы жануарларымызды, Каспий сияқты табиғи байлығымызды қолда бар кезінде бағалап, барынша қорғап, зияндық еткендерге қатаң шаралар қолданып, Қазақстанның болашақ ұрпағына аман-есен қалдыруды ойлауымыз керек. Каспий теңізіне қалай болса солай зиян тигізген қатігез адамдар қылмыстық кодекс бойынша жауап беруін адал азаматша ретінде талап етемін. 2020 жылы Каспий итбалығы Қызыл кітапқа енгенімен, 2022 жылы Маңғыстау облысында 390 Каспий итбалығы өлген. 1924 жылдан бері Каспий итбалығының популяциясы өте қатты кеміген.

Ал енді келесі кезекте Каспийдегі бекірені қарастырсақ. Оның саны 1990 жылдан бері күрт азайып, құлдырап барады. Қатты ысырапшылдықтың да шегі болу керек. Балық қоры стандартты деңгейден түсіп кетпеуін қадағалап отыру маңызды деп есептеймін. Браконьерлерді суқаным сүймейді және олардың жауыздығын ешқандай сылтау себептері ақтай алмайды. Батыстың ең бағалы тағамы – Қазақстандық бекіре уылдырығын барлығымыз білеміз. Браконьерлер бекірелерді уылдырық шашатын жасына жеткізбестен аулайды. Бекірелер тек қолайлы ортада және тиімді кезеңде ғана уылдырық шашатынын ескерсек, браконьерлер Каспийдің байлығын ұрлауынан қатты қапаландым. Жылдан жылға бізден сыртқа қарай 500-600 тонна бекіре ұрланып жатыр. Әрбір Каспий мекендеушісі біздің ел байлығы. Қалайша ел байлығының сыртқа кетуіне жол береміз? Заңсыз балық аулайтындарға өте қатты жаза берілсе екен деймін. 2023

жылы мамырда және қазан айларында Форт-Шевченкода 40 итбалық, 37 бекіре қырылыпты. Осындай жағдайлар кезінде балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы жұмысының маңыздылығы қарапайым халық көзіне көрінеді. Олар үнемі мониторингтер мен сынамалар алып, балықтардың не себепті қырылғандығын зерттейді

Осылай жалғаса берсе, жиырма жылда Каспийді мекендейтін балық қалмайды. Себебі екінші жақтан Каспий суының тартылуын да дабыл қағып көтерейік. Каспийдің су деңгейі төмендегені тек Батыс Қазақстанды ғана емес, бүкіл елімізді алаңдатуы қажет. Әлемдік климаттың әсерінен бөлек адами фактор да осыған өзінің кері үлесін тигізіп жатқаны белгілі. Каспий теңізі 1950 жылдан бері тартылып жатыр. Су айдынының эко жүйесі бұзылса, Батыс Қазақстан климатына және экологиясына тікелей кері әсерін тигізеді. Бұл адамзатқа қауіпті проблеманы 2023 жылы отандық телеарналар көтеріп келеді. XXI ғасыр соңында мүлдем құрғап жойылуы мүмкін дейді ғалымдар.

Қорытындылар: Ғылыми жетекшім Керімбай Арман Мейрамұлымен бірге Каспий теңізінің қазіргі экологиялық жағдайын зерттедім. Каспийдің экологиялық жағдайы жетекшім екеуміз қатты ойландырады, сондықтан осы тақырыпты таңдадық. Соңғы кезде Каспий теңізінде туындаған, жылдан-жылға кеңейіп жатқан өзекті экологиялық проблемаға көпшіліктің назарын аударту қолымыздан келді. Каспийдегі қырылып жатқан жануарлар мәселесін көтердік. Каспий теңізі суының тартылуын қарастырдық. Адамдардың табиғатқа немқұрайлы қарауын жақсы жаққа қарай өзгертуге тырыстық. Мен колледжде «Туризм» мамандығында оқығандықтан, алдымен Каспий теңізі экологиясын жөнге келтіріп, тек содан кейін туризмін жоғарғы тиісті деңгейге жеткізе аламыз деп ойлаймын. Экологиясы бұзылған жерге ешқандай турист келмейді, тиісінше экономикаға кіріс келмейді.

Адамдар кішкене пайда құмарлығын, ашкөздігін тыю керек. Құдай табиғатты адам есепсіз пайдалансын деп жаратқан жоқ. Табиғатта әр нәрсенің өзінің сұрауы мен шегі бар екендігін ақша табуды ғана ойлаған адамдар түсінсе екен деген ғылыми жетекшім екеуміздің тілегіміз бар.

Қолданылған әдебиет

- 1.[Электронды ресурсы] // ernur.kz. 2024. URL:<http://ernur.kz/kazakstan/akkulardyn-zhappai-kyrylu-okighasynan-keiin-rixos-aktau-gha-katysty-is-kozhaldy>.
- 2.[Электронды ресурсы] // informburo.kz. 2020. URL: <http://informburo.kz/kaz/end-ayurpl-8-million-tege-yzyl-ktapa-enu-kaspiy-itbalyyn-tara-ma.html>.
- 3.[Электронды ресурсы] // smartnews.kz. 2020. URL:<http://smartnews.kz/news/6377-kaspij-tenizindegi-itbalyktar-men-bekire-kyrylyp-zhatyr>.

ИЗУЧЕНИЕ ОБЪЕКТОВ ПРИРОДНОГО НАСЛЕДИЯ ОРЕНБУРГСКОЙ ОБЛАСТИ И РАЗВИТИЕ СТУДЕНЧЕСКОГО ТУРИЗМА

Каньшина Вероника Андреевна, студентка I курс, Оренбургский техникум железнодорожного транспорта - структурное подразделение Оренбургского

института путей сообщения – филиала ФГБОУ ВО «Самарский
государственный университет путей сообщения»
Научный руководитель: Патлахова Тамара Ивановна, преподаватель, высшая
категория

Цель работы: Познакомить студентов ОТЖТ с памятниками природы Оренбургской области, показать их уникальность и необходимость охраны от уничтожения, приобщить к движению экологического туризма.

Актуальность работы: В настоящее время уделяется большое внимание понятию природное наследие, которое представляет собой природные памятники - уникальные, невозполнимые, ценные в экологическом, научном, культурном и эстетическом отношении природные комплексы, а также объекты естественного и искусственного происхождения. Сохранение и эффективное использование этой уникальной зоны позволяет сформировать среду обитания, которая обладает культурным и природным разнообразием, характерными для данного региона и территории. Социальное значение темы выражено, в привлечении интереса студентов к экологическим и природным объектам своего края, к развитию экологического и краеведческого туризма, к сохранению культурно-исторических ценностей.

Задачи:

- дать характеристику наиболее известным памятникам природы Оренбургской области, находящимся вблизи г.Оренбурга и представляющим интерес для широкой публики;
- разработать примерные маршруты для самостоятельного посещения объектов природного наследия с целью их изучения и отдыха;
- ознакомить студентов ОТЖТ с результатами работы.

В настоящий момент на территории Оренбургской области действует 336 особо охраняемых природных территорий (ООПТ). Из них 3 ООПТ относятся к объектам федерального значения – государственные природные заповедники «Оренбургский» и «Шайтан-тау», а также национальный парк «Бузулукский бор». 333 объекта – отнесены к ООПТ областного значения: 330 памятников природы, биологический заказник «Светлинский» и заказники «Карагай-Губерлинское ущелье» и «Губерлинские горы». Только в одном Оренбургском районе насчитывается 10 памятников природы.

Прежде всего мы провели анкетирование среди первокурсников, с целью проверить насколько они информированы об особо охраняемых природных территориях Оренбургской области. Большинство ребят, ответило, что ничего не знают о таких территориях. Только два человека назвали национальный парк «Бузулукский бор».

Оренбургская область отличается уникальным своеобразием природных комплексов, как общепризнанных, так и малоизвестных. Мы подготовили информацию о памятниках природы и живописных уголках, расположенных недалеко от Оренбурга, которые студенты могут посетить самостоятельно. Объекты, которые мы описываем в нашей статье расположены недалеко от города Оренбурга (в пределах 30-40 км). Их можно посетить отдельно в рамках

маршрута выходного дня, можно совместить посещение нескольких объектов, так как они расположены рядом. Добраться до указанных объектов можно как на общественном транспорте, так и на личном, даже вело- транспорте.

Гора Гребени – эта небольшая гора, высотой около 100 метров является, пожалуй, самой известной и близкой к городу Оренбургу. Примерно в 3 километрах от гребенской горы расположена ее "соседка" гора Верблюжья. Две горы образуют так называемые Гребенские ворота, через которые проходит железная дорога Оренбург-Орск.

С Гребенской горой связано несколько легенд, связанных с восстанием Пугачева. У подножья горы проводился обжиг известняков для получения из них негашёной извести, сохранились обжиговые печи. В досоветское время известняки разрабатывались и использовались в виде тесанных блоков при строительстве Оренбурга.

Еще в 1982 году на горе была открыта зимняя туристическая база. В 2018 г. начался процесс реализации современного проекта, и турбаза была полностью реконструирована. Сейчас это современный центр активного отдыха, который в перспективе будет развиваться и совершенствоваться. С 2018 г. в центре активного отдыха работают 2 горнолыжные трассы, предназначенные для спуска опытных лыжников, и одна учебная трасса. Для катания на тюбингах есть отдельная зона. Под горой Гребени проложено 2 беговые трассы протяжённостью 1,5 км и 3 км, сделана зона катания на снегоходах и открыт сноуборд-парк.

Пороги на реке Каргалка. Недалеко от Оренбурга в сторону Татарской Каргалы на реке Средняя Каргалка можно увидеть необычные для нашей равнинной местности водопады и пейзажи в стиле Дикого запада– именно это зрелище неожиданно открывается перед нашими глазами в 30 км. от Оренбурга. Река, проходя по степи, вскрывает пласты красного песчаника, образуя пороги. Из-за особенностей климата наиболее полноводны они весной или в начале лета. Именно тогда сочная и яркая зелень вокруг создает контраст с породой. Если приехать в конце лета или осенью, водопады будут скромнее, но пейзаж вокруг все больше будет походить на «марсианский». Небольшая удаленность от Оренбурга позволяет добраться до места не только на машине, но и на велосипеде.

Урочище Крутой обрыв в окрестностях села Подгородняя Покровка. Хотите на пару часов ощутить себя героем американского вестерна? Для этого не нужно перелетать океан, достаточно посетить Оренбургский район и окрестности села Подгородняя Покровка. Самый глубокий участок называется Большой овраг. Находясь там, вполне можно представить себя путешественником по другому континенту: уж очень похоже это место на американские каньоны. Особенно, жарким солнечным днем. В этом же овраге были найдены кости крупных хищных звероподобных рептилий пермского периода учениками школы № 41 Оренбурга.

Водопад у села Черноречье. Водопад находится на Чёрной реке рядом с селом Черноречье недалеко от города Оренбурга (28 км). Черноречье является одним из старинных поселений Оренбургской области (1736 год), одной из

первых крепостей, заложенных экспедицией по реке Яик (Уралу). Здесь был берег старого русла Урала, а сейчас бежит маленькая речка Чёрная, впадающая в старицу Урала. Именно тут по каменистым выступам и образует река небольшие, но очень живописные водопады. Чернореченские водопады напоминают пороги на р. Каргалка и являются излюбленным местом отдыха для семей с детьми летними жаркими днями.

Большие возможности открываются для экологического туризма в Оренбургской области. Оренбуржье вошло в число регионов, которые получили грантовую поддержку от Ростуризма в 2023 году на развитие туристической отрасли в рамках нацпроекта «Туризм и индустрия гостеприимства». Студенты ОТЖТ также заинтересовались возможностями экотуризма в окрестностях г. Оренбурга. Нами были предложены варианты наиболее интересных для посещения мест и разработано несколько маршрутов.

Результаты исследования и выводы: Оренбургская область обладает историческими, культурными, спортивными традициями, имеет очень живописные ландшафты, памятники природы и уникальные природоохранные зоны. Всё это даёт возможность для развития популярных сегодня направлений туризма: культурно-познавательного, спортивного и экологического. Нами были разработаны туристические маршруты с целью посещения памятников природы, даны рекомендации по их охране. Изучение красот родного края - это не просто осмотр достопримечательностей. Во-первых, это активный отдых. Во-вторых, это единение с природой, умиротворение. Всё это приводит не только к развитию физического здоровья, но и духовному развитию.

Литература:

1. Семенов Е.А. Экономическая и социальная география Оренбургской области: учебное пособие / Е. А. Семенов, Т. И. Герасименко, Р. Ш. Ахметов; Оренбургский гос. ун-т. – Оренбург: ОГУ, 2011. – 134 с.
2. Чибилёв А.А., Павлейчик В.М., Чибилёв А.А. (мл.) Природное наследие Оренбургской области: особо охраняемые природные территории Вступительное слово: Коннов М.Ф. – Оренбург: УрО РАН, Печатный дом «Димур», 2009. – 328 с.
3. Чибилёв А.А. Оренбуржье - край благословенный. Атлас-альбом наследие Оренбургской области. / А.А. Чибилёв; Оренбургское книжное издательство. - Оренбург, 2008. - 256 с.: ил., карты.
4. Официальный сайт центра отдыха Гребени - URL: <https://grebeni.ru/GREBENI> - Центр активного отдыха.

СУ ТІРШЛІК КӨЗІ. МАҢҒЫСТАУДАҒЫ СУ МӘСЕЛЕСІ

Қабыл Жансая, I-курс. «Мейірбике» жоғары медициналық колледжі.
Ғылыми жетекшісі: Ермухамбетова Фариза Мейрамбекқызы, химия пәні
оқытушысы.

Жұмыстың өзектілігі: Су тіршілік көзі. Сусыз адам өмірде сүре алмайтыны ақиқат. Қай заманда болмасын судың орны адамзат үшін өмірдің мәні. Сондықтан су мәселесі Маңғыстау үшін өте өзекті.

Мәселе: Ауыз су мәселесі Маңғыстау өңіріндегі ең өзекті жайт. Тұздылығы жоғары теңіз суын тұшытып, пайдалану көлемін арттыруды көздеген өңірде талай тұрғынның қажетіне жарап отырған жер асты сулары. Жалпы еліміз су ресурстары тапшы елдер санатына жатады. Географиялық тұрғыдан алғанда бізде табиғи су қоры өте аз және негізгі су ресурсының көзі шекаралас мемлекеттер аумағында орналасқан. Осындай өзекті мәселені көріп біліп отырып, біз қолда бар су қорларын мақсатсыз пайдаланып отырған елдер қатарындамыз. БҰҰ мәліметінше бүгінде дүние жүзінде 2.2 млрд адам таза ауыз суға қол жеткізе алмай отыр. Қазақстан суды ең көп пайдаланатын елдер қатарына кіреді. Бұл статистикаға алаңдауға негіз бар.

Жұмыс мақсаты: Маңғыстау су ресурстары. Каспий маңы ішуге жарамды, тұщы суға әрқашан зәру. Қатаң континенттік климат, жауын шашынның аздығы өңірде қатты сезіледі. Маңғыстау өңірі өзен-көлдерге бай емес. Суы аз, құмға, сорға, шағын көлшіктерге сіңіп, кеуіп кететін соқыр өзендер де бар. Алайда аталған факторлардың барлығы Маңғыстау өңірінің ауыз суда да ағын суға да бай өңір емес екені айқындалған. Аталған мәселелерді шешу жолында ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізіп, өз өңіріме пайдамды тигізу. Ащы суларды тұщытуда және пайдаланылған суларды қайта өңдеу арқылы ауыл шаруашылығында пайдалануды жүзеге асыру ең басты мақсатым.

Жұмыстың міндеттері:

- Зерттеу тақырыбында іздену;
- Қажетті мағлұматтарды жинақтау;
- Жинақталған ақпараттарды талдау;
- Негізгі мәселені ашуға бағытталу;
- Тәжірибе жасау арқылы жұмысты жүйелендіру;

Мәтін: Маңғыстаудағы су мәселесін шешудегі ең үлкен қадам «МАЭК - Қазатомпромның» қуатын еселеуге ерекше мән берілу керек. Облыстың дамуына және халық санының артуына байланысты инженерлік желілерді жаңарту мәселесі басты назарда болуы тиіс. Аймаққа су жылу және электр энергиясын «МАЭК»компаниясы өндіретіні ақиқат. Алайда аталған компанияның ішкі материалдық базасының 80%-ы ескірген. Облыстағы су мәселесін түбегейлі шешу жолы аталған компанияның жұмыс жүйесін жаңғырту және заманауи жабдықтар мен қамтамасыз ету.

Зерттеу нәтижелері: Маңғыстау өңіріндегі су тапшылығын зерттеу нәтижелері бойынша қортындысы жерінің шөлейтті аймақта орналасуы ең басты фактор. Осы мақсатта су тапшылығын жою үшін 2022жылдан бастап тәжірибе ретінде жасанды жаңбыр қондырғылары пайдаланылды. Қазіргі таңда су тапшылығын жою мақсатында көптеген шаралар жасалуда. Осы мәселеге біз де өз үлесімізді қоссақ деген ниетте, жан-жақты зерттеу жүргізудеміз.

Қорытындылар: Өңірдегі су тапшылығын жою үшін жер асты су көздерін барлау және мөлшерін анықтау бойынша кешенді жұмыстарды жүргізу керек. Сондай-ақ Израил, сауд Арабия, БАӘ сияқты елдердің теңіз суын тұщыту технологияларын енгізу өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гүлайым Шынтемірқызы, «Егемен Қазақстан» Маңғыстау облысы
2. Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетий. Обзор ПрООН Алматы 2004
3. Қазақ энциклопедиясы
4. Экология (оқулық) Алматы-2008
2. BAQ.KZ материалынан.

АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ СИСТЕМА ОТОПЛЕНИЯ: БЕСПРОВОДНОЙ ТЕРМОСТАТ

Кривоспицкий Даниил, 3 курс,
«Колледж предпринимательства КИНЭУ»

Научный руководитель Астапова Татьяна Сергеевна преподаватель
спец.дисциплин

Актуальность: данной темы в том, что bluetooth-управление беспроводного термостата отопления удобнее и выгоднее обычных терморегуляторов.

Проблема: заключается в том, что беспроводной термостат отопления с bluetooth-управлением сам по себе является новинкой в использовании. Внешне он обыкновенный термостат, но совершенно другой по принципу действия. Применение таких приборов в Казахстане еще не развито, исследование показало, что в Костанае они не применяются.

Цели работы:

- узнать, что такое беспроводной термостат отопления
- предположить, эффективно ли применение беспроводных термостатов отопления в будущем.
- выяснить, чем беспроводной термостат отопления Oventrop mote 200 с bluetooth-управлением по мобильному телефону или планшету лучше и эффективнее обычных терморегуляторов.
- отразить положительные и отрицательные качества беспроводных термостатов отопления.

Задача: Наше исследование основывается на том, что беспроводной термостат отопления Oventrop mote 200 с bluetooth-управлением по мобильному телефону или планшету выгоден в применении т.к. является дешевле существующих терморегуляторов. Возникает необходимость выяснить, следует ли применять такие термостаты на практике в нашем районе Казахстана.

Новинка для современных систем отопления частных домов и квартир - беспроводный термостат отопления Oventrop mote 200 с bluetooth-управлением по мобильному телефону или планшету.

Особенность новинки - отсутствие необходимости использования для управления беспроводным термостатом комнатного регулятора (или контроллера). В роли устройства управления выступает смартфон (планшет) со специальным приложением mote 200. Беспроводные системы управления радиаторами отопления предлагаются уже достаточно давно, в том числе и от Oventrop (система R-Tronic) и от Valtec (система EQUICALOR), однако все существующие системы, кроме беспроводного терморегулятора, содержали в своем составе еще и комнатный регулятор (контроллер, программатор). Именно он обеспечивал выполнение алгоритма управления и передачу управляющего сигнала на беспроводную "термоголовку".

Новый беспроводный термостат отопления Oventrop mote 200 является "самостоятельным" устройством, не требующим применения дополнительного специального оборудования. Управление производится любым мобильным устройством с iOS и Android, которое есть практически у любого пользователя. Bluetooth-канал передачи данных обеспечивает любой "гаджет", а алгоритм управления обеспечивается бесплатным приложением mote 200. Кроме удобства для пользователя (смартфоном пользуется каждый, он большую часть времени "с собой"), такое решение существенно снижает стоимость беспроводной системы управления отоплением, ведь в предыдущих версиях комнатные программаторы стоили в два раза дороже самих "термоголовок".

Основные технические свойства нового беспроводного термостата отопления Oventrop mote 200:

- возможность установки температуры в помещении как при помощи смартфона по протоколу bluetooth, так и с помощью сенсорных кнопок на самом приборе;
- предусмотрено программирование по временным интервалам и дням недели;
- есть функции самообучения, защиты от детей, защиты от закисания штока вентиля и распознавания открытого окна;
- в приложении индикатор уровня заряда батареи.

Результаты исследования: является изучение информационных источников, обзор рынка, выявление эффективности применения, технико-экономические показатели (дисконтированный расчет).

Выводы: новинка дешевле и удобнее существующих аналогов, по сути, является новым поколением беспроводных систем управления отоплением. Беспроводные комнатные контроллеры, вероятнее всего, уйдут в прошлое.

Список литературы:

1. Апрелев Е. Сайт «Вентиляция ПРОФИ»
2. Боруцкий В. Интернет-энциклопедия по обустройству сетей инженерно-технического обеспечения

ЖЕРДІҢ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Қариев Диас, 1 курс «Алматы технология және флористика колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшілері: Оразбаева Акмаржан Канатовна – тарих және география
пәнінің оқытушысы, Оспанғалиева Гүлгерім Төленқызы - ағылшын тілі пәнінің
оқытушысы

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Жаһандық жылынудың түпкі себептеріне адами фактор мен табиғи фактордың әсері өте көп. Бірақ табиғи факторлар көбінде адамзаттың қолымен жасалатынын естен шығармағанымыз абзал, бір жағынан қарағанда, табиғи фактор — адамның қатысынсыз да болатын биологиялық құбылыстармен байланысты (мысалы, техногендік т.б.) әрекет етеді.

Зерттеу жұмысының мәселесі: Климаттың тұрақсыз өзгеруі және өзгерістің шешу жоларын анықтау.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Бүгінгі қоғамда жаһанды алаңдатып отырған басты мәселе – климаттың тұрақсыз өзгеруі. Сөзімнің нақты дәлелі - жаһандық жылыну. Жаһандық жылыну дегеніміз, бәрімізге белгілі температураның түрленіп, өзгеруінің әсерінен және басқа да жағдайлардан туындайтын өзекті мәселе. Ғылыми жобаның басты мақсаты климаттың тұрақсыз өзгеруі салдарларынан туындаған мәселелерге қарсы күрес жұмыстарын анықтау, зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Климаттың тұрақсыз өзгеруі және өзгеріс салдарынан табиғатқа, шаруашылыққа әсерін бақылау;
- Климаттың тұрақсыз өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтау;
- Анықталған деректерді қорытындылау.

Зерттеу жұмысының нәтижесі: Табиғат байлықтарын сақтау және толықтырып отыру, сол табиғатта өмір сүріп жатқан халықтың экологиялық жағдайын қалыпты ұстау бүгінгі күннің қажеттілігі ғана емес басты міндеті, келер күннің мәселелерімен де байланысты. Сондықтан осы ауқымды мәселе Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму бағдарламасындағы басым міндеттердің бірі және бірегейі ретінде белгіленген. Бізді қоршаған ортаның қазіргідей қиын жағдайында жердің болашақ иелерінің экологиялық сауаттылығын одан әрі арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Еліміздің аймақтарында атмосфералық қабаттың ластануының күн санап артуы табиғатты пайдаланудың бұзылысына алып келіп отыр, адам денсаулығына орасан зор зиян келтіруде. Қоғамның тұрақты даму тенденциясы ғаламдық экологиялық мәселелерді дер кезінде шешуден бастау алады. Негізгі міндеттер елдегі ірі экологиялық ластану ошақтарын жою бойынша тиісті шараларды жүзеге асыру болып табылады. Қарастырылып отырған мәселелердің ішінде экология мен табиғи ресурстардың қоғамда қалай пайдалану жолдарына баса назар аударылады, табиғат пен адам арасындағы кейбір маңызды қайшылықтар салыстырмалы түрде көрсетіледі. Бүгінгі қоғамда экология ең өзекті мәселе болып табылады. Ғаламдық жаһандық жылынудың негізгі себептерін толық ашып, қарастырмау Жер шарының тұрғындарын алаңдатып отыр. Сондықтан

әлемдік қоғамдастық ядролық сынақтардың алдын алу, жаппай қырып - жою қаруын жою бағытында Қазақстан жүргізіп жатқан барлық бастамаларға әлі де қолдау көрсетуі - көмек көрсетуі қажет. Бұл өз кезегінде жаһандық қауіпсіздікке де әсер етеді. Адамдардың ластанған суларды пайдалануы аймақтағы қатерлі ісік ауруының өсуіне әсер етеді. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында адамзат қоғамының даму мәселесі адамзат пен табиғат арасындағы тығыз қарым - қатынастың дұрыс бағытта жүргізілмеуіне байланысты толығымен шиеленісті. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің "Қазақстан — 2050" халыққа Жолдауында осы жағдайды мемлекеттік деңгейде түсіну қажеттігін бірнеше рет атап өтті, табиғат пен табиғи ресурстарды пайдалану процесінде әрбір азаматтың өмір бойы оны таза, бай, бай көркемдік күйінде мәңгі сақтау - бұл шұғыл міндет емес. [1]

Зерттеу жұмысының қорытындысы: Қоршаған ортадағы жалпы агрессияның өсуі, Генофондтың тұрақсыз өзгеруі, жер бетіндегі тірі ағзаларға жаңа әсерлердің пайда болуы экологиялық дағдарысты туындатып отыр. Экологиялық дағдарыс дегеніміз, адамзат әлеміндегі өндірістік тылсым күштердің қарым - қатынастарынан пайда болған биосфераның ресурстарының қоршаған ортаның экологиялық потенциалына сәйкес келмейтін адамзат пен табиғат арасындағы тығырыққа тірелген келеңсіз жағдай. Экология дағдарысының кең ауқымды мағынасы – биосфераның даму фазасы, бұл жерде кез – келген тірі заттың сапалық тұрғыдан жаңаруы, яғни жаңғыруы байқалады (бір түрлі заттың мүлдем жойылып, жаңа бір түрлі заттың пайда болуы). [2] Болжамды экологиялық дағдарыстар. Қазіргі таңдағы ластану кризисі (редуцент дағдарысы) мен минералды ресурстардың жетіспеушілігінің негізінде жер шарында екі дағдарысты жағдай түзілу қауіпі бар: Біріншісі - Ғаламдық жылыну кризисі; Екіншісі - экология жүйелерінің беріктігінен туындайтын ғаламдық кризис. Ал, климаттың тұрақсыз, мерзімсіз жылынуына келесідей қауіп туындауы мүмкін:

Біріншіден - кейбір өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің таралу аймағының полярлық зоналарға ығысу қауіпі; Екіншіден – аралдар мен дала зоналарында мекендейтін жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің жойылуы. Бұл жағдайда біз биологиялық алуан түрліліктің саны азаюын көріп отырмыз. [3]

Адамзаттың шаруашылықтағы қызметі қазіргі кезде биосфераны ластаушылардың ең негізгі көзі болып отыр. Табиғи ортаға әр күн сайын өнеркәсіптің сұйық, қатты және газ тәріздес қалдықтары түсіп отырады. Табиғи қоршаған ортаны ластаушы заттар әр түрлі болып келеді. Ол ластаушы заттар өзінің табиғи жаратылысына, шоғырлануына және адам ағзасына әсер ету уақытына қарай климатқа түрлі жағымсыз нәтижелер туындатады. Қазіргі қоғамда ауаны ластайтын улы заттардың 150 – ден астам түрі белгілі. Бұл ластаушы заттар ауада күн сәулесінің әсерімен бір – бірімен реакцияға түсіп, жаңа қосындылар түзеді. Ауадағы фторлы сутек (HF) өте улы, ол пластик қалдықтарын жаққанда пайда болады. Осы газбен тыныс алған адамның тыныс жолдарының кілегейлі қабығы зақымдалып, өкпенің ісік ауруына әкеп соғады. Осындай түрлі ластаушы факторлардың барлығы азық – түлік, энергетика,

шикізат мәселелерін шешу үшін жасалатынын да ескеруіміз керек. Табиғатты игеру еш уақытта толастамайды, керісінше, үдей түсуі заңды құбылыс. Ал оны тиімді әрі сауатты пайдалану – біздің міндетіміз. Біз қазір өмір сүріп отырған табиғат ертеңгі біздің ұрпағымыз үшін де қажет екенін үнемі санамызда сақталуы керек. [4]

Өкініштісі, бұл бір ғана ғаламдық жаһандық жылырудың әсері, ал бұдан басқа қаншама ғаламдық мәселелер бар, ал мұндай табиғат өзгерістерінен жер шары қаншама зардап шегіп жатыр.

Әдебиеттер

1. Қазақ энциклопедиясы
2. М.Ш.Алипов.Экология және тұрақты даму. Алматы 2012
3. Ә.Бейсенова., Ж.Шілдебаев. Экология. Алматы 2005.
4. Арутюнов В.С. Глобальное потепление: катастрофа или благо?// Химия и жизнь XXI век.

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Кумусбекова Жансая Ержанқызы, 4 курс,

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Сапарғалиева Гулмира Советхановна, математика пәнінің оқытушысы

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын
бір жаңалық болуы керек»

Ж.Аймауытов

Өзектілігі: Педагогикалық технологиялар оқыту процесін жоспарлау, ұйымдастыру мен өткізудің ойластырылған нұсқасы. Педагогикалық технологиялады қолдану арқылы сабақты тиімді әрі мазмұнды өткізуге болады. Әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып жүргізілген сабақ білімалушының шығармашылығы мен таным белсенділігін қалыптастырады.

Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы бірқатар ерекшеліктерді атап өтуге болады.

Мәселе: Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманда білім алушының шығармашылығын, дүниетанымын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің педагогы үшін негізгі мәселе болып табылады.

Білім беру жүйесі үнемі даму үстінде болады, өзгеріп отырады, осыған сәйкес білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар да жоғары. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін байланыстырып отыру ұстаздың жаңашылдығын айғақтайды.

Жұмыс мақсаты: Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда оқытушыға үлкен ізденіс қажет. Білім алушы шығармашылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, заманауи технологиялар қолдану мұғалімнің

сабағында назардан тыс қалмауы тиіс. Осыған орай, өзекті технологияларды ұсыну.

Міндеттері: 1. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері ҚР Білім туралы Заңында көзделінген. Бұл міндеттерді шешу үшін әрбір білім беру мекемесіндегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашатын жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы өзгерістерді қарастыру, тиімділігін көрсету. Сабақтың ортасында жаңа тақырыпты түсіндіру барысында интеллект-картасы арқылы жасалған жоспарлау тақырыпты түсінуді жеңілдетеді. XMind — диаграмма түріндегі графикалық жазбаны пайдалана отырып, ойды жүйелі түрде құрылымдау әдісі. Оны қарапайым тілмен түсіндірсек, ақпаратпен жұмыс істеудің ерекше тәсілі және ақпаратты өңдеуге болатын құрал.

1-сурет. Интеллект картада әзірленген тірек-сызба

Мұндай карталарды жасау өте оңай, ең бастысы негізгі қағидаларды ұстаныңыз:

- Ортасына ең маңыздысын жазыңыз. Бұл сіздің ой картаңыздың атауы немесе негізгі идеяңыз болуы мүмкін;
- Әрбір тармақты бір тақырыпқа арнаңыз, тақырыптарды шағын тақырыпшаларға бөліңіз. Түсінікті болу үшін тармақтарды нөмірлеңіз.
- XMind интеллект-картасында ойыңызды жүйелеп жазыңыз.
- Картаңызда әртүрлі түстерді, символдарды, смайликтерді пайдаланыңыз. Шығармашылығыңызды барынша танытыңыз!
- Ойыңызға жақсы идея келсе, бірден картаға түсіріңіз.
- Егер бос орын қалмаса, жаңа парақ бастаудың қажеті жоқ, картаның шетіне қосымша парақ жабыстыруға болады.
- Негізгі тақырып бірнеше ойды қамтуы мүмкін, олардың саны қанша болатынын сызықтар мен белгілер арқылы бейнелеу керек.

Білім алушылардың оқу танымдық іс-әрекетінің формаларының бірі-өзіндік жұмыс. Қазіргі кезде негізгі талап білім алушылардың белсенді іс-әрекеттік сезімін оята отырып, оларды басқара білу. Білім алушылардың өз бетінше ізденуі арқылы білімін көтеруі, біліктілікке талпынуы, есептілікке дағдылануы оқу процесінде белсенділігін арттырудың бір жолы екендігі ертеден белгілі.

Тарсия: білім алушылардың белсенділігін, пәнге құштарлығын, сыни ойлау қабілетін және ізденімпаздығын арттырады, «жасырынып» жатқан қабілеттерін ашуға көмектеседі, өзіне деген сенімділік пайда болады. Білім алушы негізгі ұғымдарды еске сақтайды, білім сапасы жақсара түседі, өз сыныптастарымен диалогқа қатысады, бір-біріне қолдау көрсетеді, топта жұмыс жасай білуге дағдыланады, басқаға сын көзбен қарап, тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік алады.

Тарсия – әр түрлі басқатырғыштар құрастыруға арналған бағдарлама. Тарсия бағдарламасы білім беру қызметін жеңілдетеді. Бұл бағдарламаның көмегімен сіз оңай әрі тез домино операциялары және тікбұрышты карталарды сақтап, шығара аласыз. Осы бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып, жасалған жұмыстар баспа түрінде ұсынылады және ол қиюға дайын болады. Бұл қосымша арқылы білімді бекітуге және үй тапсырмасын тексеруге мүмкіндік туады.

Қарастырылатын модуль бойынша жүргізілетін бақылау жұмыстарында тест тапсырмаларын құрастыру тиімді болып табылады. Осы мақсатта бізге көмекші қосымша – Classtime.

Classtime бұл- оқушылардың жетістікке жетудің айқын жолы. Pollock Technologies әзірлеген Classtime Gamification, Kahoot және Real-Time Analytics сияқты функцияларды қамтамасыз етуге арналған. Classtime ақысыз (және шектеулі) және жабық бағдарламалық жасақтама, көптеген платформаларда, соның ішінде вебте жұмыс істейді.

3-сурет. Classtime бағдарламасының жұмыс алгоритмі

Бұл платформаның басқалардан ерекшелігі:

- Оқушылар мен мұғалімдер платформаны түрлі гаджетпен пайдалана алады;
- Classtime орнатуды қажет етпейді, яғни сілтеме арқылы жұмыс жасайды;
- Оқушыларға аккаунт құруды талап етпейді;
- Мұғалімдер оқушылардың тапсырманы орындалуын бақылай алады.

Сонымен қатар, Classtime-да оқытып қана қоймай, оқушылардың деңгейіне қарай тапсырмаларды әзірлеп, оларды жылдам бағалауға, кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Әсіресе бұл платформаны сабақты бекіту кезінде пайдаланса тіптен керемет. Және де тапсырмаларды әр түрлі бағытта құрастыруға болады: бір немесе бірнеше жауабы дұрыс тапсырма; жалған/шындық; мәтін; сәйкестендіру; сурет арқылы бейнелеу тағы да басқа тапсырмалар.

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру.

Қорытынды: өзімнің баяндамамды қорыта келіп, мынадай түйін түюге болады.

1. Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артады.
2. Білім алушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.
3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.
4. Білім алушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс - әрекетке қабілеті артады.
5. Білім алушылардың білім сапасы көтеріледі.

Қолданылған әдебиеттер

2. А.Е. Абылкасымова, К.Д.Шойынбеков. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық. Алматы. мектеп, 2006
3. В.С.Лазарев, Б.П.Мартиросян. Педагогика №4, Мерзімді басылым/. - Педагогикалық инновация: объект, пән және негізгі ұғымдар, 2004:
4. М.И. Каченовский, Ю.М. Колягин., А.Д Кутасов Алгебра и начало математического анализа. Москва 1987 г.
5. А.Н. Колмогоров, А.М. Абрамов. Алгебра және анализ бастамалары. Орта мектептің 10-11 сыныбына арналған оқу құралы. Алматы. Мектеп,2004
- 5.А.В.Погорелов. Геометрия. Орта мектептің 7-11 сыныбына арналған оқулық. М.: просвещение, 2002

ҚАЛАМПЫРДАН ЖОҒАРЫ ЭФФЕКТИВТІ ҚОСПАЛАР ЖАСАУ

Мәлікова З.С., Рахим М.Н. 1 курс студенттері

«Қостанай жоғары педагогикалық колледжі» КМҚК

Брахметова А.А. жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы

Өзектілігі: Елімізде жыл сайын қатерлі ісікке, обыр ауруына шалдығатын адамдар санының көбеюі. Қалампырдан жасалған қоспалар обыр ауруына бірден бір ем, дертке шипа.

Мәселе: Қалампыр өсімдігі обыр ауруы әлі белгілі болмай тұрған кезде, инфекциялық процестердің алдын алу үшін қолданылды. Осыған байланысты қалампырдан антибактериалды гелдердің, яғни залалсыздандырғышты қолдан үй жағдайында да жасауға болатын тәжірибелерді ғылыми жоба барысында ұсынамыз. Бұл обыр ауруларының алдын алуының бір жолы екеніне сенімдіміз.

Соблюдение всех этих аспектов приведет к полноценному психическому развитию дошкольника, обеспечит психологическую готовность детей к школьному обучению, позволит свести к минимуму сложности и трудности в проявлении неадекватных поведенческих реакций

Библиографический список

1. Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Психологическая помощь при ранних нарушениях эмоционального развития М: Полиграф сервис, 2001.
2. Башина В.М. Аутизм в детстве. - М.: Медицина, 1999.

САНАЛЫ ТӘРТІП, ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ

Базарбек Аяулым, 1 курс студенті

«Қостанай Гуманитарлық колледж» мекемесі

Ғылыми жетекшісі: Мешелова Р.Ж, педагогика ғылымының магистрі,
педагогика пәнінің оқытушысы

Өзін-өзі тәрбиелеу тұлғаның жетілуіне ұмтылу ретінде әрқашан да адамдарға тән болды, және ол өмірлік қажеттік ретінде басқа ұйымдастырылған тәрбие түрлерімен салыстырғанда анағұрлым ерте – адамзат тарихының алғашқы кезеңінде-ақ пайда болды. Өзін-өзі тәрбиелеудің гносеологиялық тамыры алғашқы қоғам дәуірінде жатыр. Сол кезде-ақ адамдардан өмірлік қажетті қасиеттерді дамытуды талап ететін салттар мен сенімдер болды.

Қоғамның дамуына байланысты өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі ертедегі ойшылдардың философиялық концепцияларына енді, жазушы, педагог және ғалымдардың назарын өзіне қаратты, педагогикалық, философиялық әдебиеттерде пайда болды. Біздегі мәліметтер бойынша алғаш педагогикалық іс-әрекетпен терең шұғылданған Ежелгі шығыс ойшылдары болып табылады. Қытай тарихындағы ең алғашқы мектептердің бірі ойшыл, педагог Конфуций ашқан мектеп болды. Ол өзін-өзі тәрбиелеуге көп көңіл бөлген ойшылдардың бірі. Конфуцийдің еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты былай делінген: «Көктің бергенінің бәрі табиғат деп аталады, табиғатқа табыну - бұл борыш жолы, осы жолды қолдап отыру оқыту мен тәрбиелеу болып табылады, ал өз кезегінде оқыту мен тәрбиелеу өзін-өзі жетілдіру құралы».

Өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған жеке тұлғаның белсенділігін қарастыра отырып, өзін-өзі тәрбиелеу туралы айтылған біршама философиялық-педагогикалық тұжырымдарды кездестіруге болады. Өзін-өзі тәрбиелеудің әрекетті болуы жеке тұлғаның жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Адам өз алдына өзімді-өзім тәрбиелеймін деген мақсат қоймаған күннің өзінде де, өзіне тән жеке дара қасиеттерін қоршаған ортасындағы адамдармен өзара қарым-қатынасқа түсуі барысында, не болмаса, мәдениеттің, тағы да басқа факторлардың әсерінен өзгертуі мүмкін. Сондықтан өзін-өзі тәрбиелеу жеке тұлғаны өзгертуге әкеп соқса да, кез келген өзін-өзі өзгертуді өзін-өзі тәрбиелеу дей беруге болмайды.

Өзін-өзі тәрбиелеу түсінігін анықтау үшін алдымен осы үдерістің мақсатқа бағытталған сипатын ескеру керек. Мақсат адам іс-әрекетіндегі қажетті жағдайлардың бірі болғандықтан, бұнда негізгі рөл атқарады. Яғни, «мақсат қана адам іс-әрекетінің әдісі мен сипатын заң секілді анықтайды да, өзіне ерікті бағындырады. Өзін-өзі тәрбиелеудегі мақсатқа бағытталған жұмыстарға әсіресе психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде үнемі назар аударыла бермейді. Кейде бұл түсінікті адамның шын көңілмен қандай да бір

шығармашылық еңбекке ниет қылуы, яғни өзіндік іс-әрекет деп санайды. Мәселен, А. И. Кочетовтың пайымдауынша, жасөспірімдер «қажырлылық пен еңбекқорлық таныта отырып, тоқуды, тігуді тамақ дайындауды арамен ағаш кесуді, өрнек салуды үйренгісі келеді, ал бұл өзін-өзі еңбекпен тәрбиелеу болып табылады». Ю.А. Самарин, В.А. Немировская және т.б. да дәл осындай көзқарасты құптайды. Бірақ та ықыластың өзі өзін-өзі тәрбиелеудегі мақсат әсерінен туындамаған болуы керек.

Осы тұрғыда айта кететін бір жәйт, өзін-өзі тәрбиелеу мен өз бетімен жұмыс істеу түсініктерін салыстыра қарау әдепкіде қисынды көрінеді. Бірақ адам іс-әрекет барысында өз тұлғасын өзгертеді, өзін-өзі тәрбиелейді, ал өз бетімен жұмыс істеу әрдайым өзін-өзі тәрбиелеуге бағыттала бермейді және өз бетінше күш-жігерін билеуі арқылы өзгертілген тұлға өзін-өзі тәрбиелеу болып саналмайды. Неше түрлі бағытқа бағытталған адамның іс-әрекеті өзін тәрбиелеуге адам ұмтыла ма, жоқ па, оған қарамай-ақ оның тұлғалығында көрініс беріп отырады.

Зерттеу мақсаты: колледжде білім алып жатқан балалардың саналы тәртіп, өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын дамытуды қарастыру.

Зерттеу міндеттері:

1. Білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетінің теориясын қарастыру.
2. Танымдық қабілетін айқындау.
3. Өзін –өзі тану сабағында саналы тәртібін және өзін –өзі тану қабілеттіліктерінің дамуын көрсету.

Адамдардық қоғамдағы мінез-құлқы белгілі бір ережелерге бағындырылады. Қоғам мүшелерінің белгілі бір ережелерге бағынылуы тәртіп деп аталады.

Оқу мекемесінің тәртібі осы қоғам адамдары арасындағы қатынасты білдіреді. Оқу мекемесінің тәртібі біздің қоғамымыздың жағдайында қоғамда қалыптасып отырған қатынастардан ешбір ерекшеленбейді. Тәртіптің негізгі қасиеттері: жауаптылық, саналылық -мектеп тәрбие жұмысының бағытын, мазмұны мен методика әдістемесін анықтап береді. Тәртіп - мақсат, әрі ойдағыдай тәрбиелеу мен оқытудық қажетті құралы және барлық оқу тәрбие процесінің нәтижесі. Тәртіп пен жауапкершілік сезім болмайынша оқуға дұрыс көзқарас тәрбиелеуге, сабақта үйге берілген тапсырмаларды орындау кезінде тәртіп сақтауға үйре-туге болмайды. Жауапкершілік сезімді арттыру бұл оқу-тәрбие жұмысына керекті жағдайлар жасау болып табылады. [2]Тәрбие жұмысында дұрыс бағыт ұстау үшін, мұғалім мектеп тәртібінің ерекшеліктерін біліп қана қоймай біздің қоғамымызда қандай адамды толық мәнінде тәртіпті адам деп атауға болатындығы жайлы да түсінігі болуға тиіс. А.С.Макаренко: кімді-кім әрқашан неғұрлым қоғамға пайдалы мінез-құлқы көрсете алса, сол адам ғана біздің қоғамымызда тәртіпті адам деп саналады деп жазды.

Қорытындылай келе, өзін-өзі кәсіби тәрбиелеу үдерісінің қозғаушы күштеріне ең алдымен қоғамдық талаптар мен сұраныстар, адамның жеке тұлға болып қалыптасу әрекеті, сонымен бірге заман талаптарына сай маман болып қалыптасуындағы адамның өз бойындағы кемшіліктерді жойып, білім мен

икемділіктерді жетілдіру үдерісіндегі қайшылықтар жататындығын айтып өткіміз келеді.[3]

Сонымен бірге болашақ мұғалімнің өз арманындағы идеалға ұмтылуы, өзін басқалармен салыстыруы, келешекте білгір де білікті, бәсекеге қабілетті, іскер маман болып қалыптасу ниеті оның өзін-өзі кәсіби тәрбиелеуіне, өзін үнемі жетілдіруіне өз әсерін тигізеді.

Студенттердің осы қайшылықтарды жеңіп, өзін-өзі кәсіби тәрбиелеу үдерісінде қажетті нәтижеге жетуінде жоғары оқу орнының берері мол. Бұл үшін ең алдымен студенттерді бірінші курстан бастап өзін-өзі кәсіби тәрбиелеу теориясымен таныстырып, әдістемелік ұсыныстар беріп, бағыттап отыру қажет.

Осы мақсатты арнайы курстар, дәріс сабақтарын ұйымдастыру арқылы, немесе студенттердің өз үстінде дербес жұмыс жасауына педагогикалық қолдау көрсету арқылы амалға асыруға болады.[1]

Тәртіп – бұл әрі мақсат, әрі ойдағыдай тәрбие мен оқытудың қажетті құралы, әрі барлық оқу-тәрбие процесінің нәтижесі. Оқушыларды еңбекке, өмірге даярлау үшін оларда саналы тәртіп дағдыларын тәрбиелеудің маңызы зор. Тәртіптілік өмірде кездесетін қиындықты жеңуге жәрдемдеседі, қоғам мүддесін өз басының мүддесінен жоғары қоюға үйретеді.

Тәртіптілік – тәрбиенің жемісі, ол қасиет адамгершілікке тәрбиелеу процесі барысында қалыптасады. Оқу мекемесіндесаналы тәртіпке тәрбиеленудің негізгі әдісі оқушылардың ой-санасына әсер ету немесе сендіру болып табылады.

Тәртіптілік мінездің маңызды сипаты болып табылады, ол адамның жеке басының басқа да қасиеттерімен тығыз байланысты, әсіресе балаларды ұстамдылыққа тәрбиелеудің үлкен маңызы бар. Мәдениетті қылық дағдысы мен әдетін тәрбиелеу. Саналы тәртіпке тәрбиелеу мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Тәртіпті оқушы адамға сезімталдықпен қарайды, қоғамдағы қабылданған моральдық нормаларды сақтайды.

Әдебиет

1. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы. 1995. – 232 б.
2. Елікбаев Н. Ұлттың психология. - Алматы. 2002. - 86 б.
3. Жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу түсінігінің мәні //Саясат-Policy, 2003, №10.- 28 б.

СОЦИАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ. ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МАСТЕРСКАЯ: «УЧИТЬСЯ, СОЗДАВАЯ БУДУЩЕЕ»

Грибовская Полина, 2 курс КГКП
«Костанайский индустриально-педагогический колледж»
Научный руководитель: Стаценко Наталья Николаевна,
преподаватель спец.дисциплин

Актуальность проект акцентирует внимание на актуальной задаче подготовки будущих педагогов к профессиональной деятельности, сфокусировавшись на сохранении и укреплении их психологического здоровья. В рамках проекта определены роли, направления работы, содержание и методики в области сохранения здоровья студентов, обучающихся на педагогических специальностях в учебных заведениях.

Проблема развитие внутреннего стимула и благоприятных убеждений в отношении будущей педагогической деятельности у студентов, изучающих педагогические специальности

Цель проекта по схеме SMART

S (Конкретность) – Разработка совокупности упражнений, методов и рекомендаций, направленных на смягчение негативного воздействия образовательного процесса, на психологическое благополучие будущих педагогов.

M (Измерительность) – диагностирование, апробирование упражнений и методик.

A (Достижимость) – наблюдение и оценка эмоциональных и психологических состояний студентов 2 курса обучающихся по специальности «Физическая культура и спорт», квалификация «Учитель физической культуры».

R (Релевантность) – совершенствование навыков стрессоустойчивости и приспособления организма будущих педагогов к стрессовым ситуациям во время образовательной деятельности.

T (Ограниченность во времени) – проект рассчитан на 10 месяцев.

Задачи работы:

1. Сформировать у студентов, изучающих педагогические специальности, позитивное отношение к учебному процессу и усилить их внутреннюю мотивацию в отношении будущей профессиональной карьеры.
2. Улучшить взаимодействие со своими педагогами и сверстниками.
3. Разработать комплекс мероприятий и рекомендаций для предупреждения эмоционального истощения, предоставляя необходимую информацию для выбора собственных стратегий, способствующих сохранению психологического благополучия.

Вид проекта: Практико-ориентировочный.

Практическая значимость данного проекта заключается в выборе диагностических материалов, разработке и подготовке занятий, включающих тренинги, семинары и упражнения, создании информационных материалов, а также предоставлении консультаций по вопросам культивирования позитивного отношения к педагогической профессии и профилактике эмоционального истощения среди будущих педагогов.

Одной из главных задач обеспечения психологической поддержки для поддержания профессионального здоровья будущих специалистов является предупреждение синдрома эмоционального истощения на ранних этапах, а также проведение коррекционной работы с теми, кто уже находится на разных

стадиях этого состояния. Психическое выгорание обычно возникает в результате долгосрочных стрессов.

В начале нашего исследования, мы осуществили диагностирование студентов.

Результаты проекта.

Для улучшения взаимоотношений в коллективе и с целью эмоционального разгруза студентов, мы разработали проект под названием "Педагогическая мастерская: 'Учись, создавая будущее'

Результаты нашего исследования показали, что проблема эмоционального истощения среди студентов педагогических специальностей на данный момент остается актуальной. Все студенты групп ФК 22 и ФК 1-22, участвующие в эксперименте, подвержены эмоциональному выгоранию в разной степени. Участие студентов в исследовании принесло следующие положительные результаты:

1. Помогло получить новые знания в области эмоционального выгорания.
2. Содействовало гармонизации взаимоотношений в группе.
3. Повысило мотивацию к будущей педагогической деятельности.
4. Способствовало профилактике и коррекции эмоционального выгорания, и сохранению психологического здоровья.

Хотя из-за ограничений по времени не удалось полностью отследить, как разработанный комплекс упражнений "Анти-стресс" повлиял на студентов, однако при его внедрении в учебную деятельность заметно улучшилось общее настроение в группе. Студенты проявили повышенный интерес к учебе, стали менее усталыми и меньше страдали от эмоционального истощения.

Выводы: В результате проекта было достигнуто следующее:

1. Расширились знания студентов о "Синдроме эмоционального выгорания", и они начали более заботиться о своем психологическом здоровье.
2. В коллективе улучшились взаимоотношения, и студенты стали более добрыми и терпимыми друг к другу.
3. Мотивация и интерес к учебе значительно возросли.
4. Студенты почувствовали себя лучше, были в лучшем настроении и менее раздражительны по отношению к одногруппникам.
5. Сформировались адекватные отношения, установки и эмоциональные реакции на будущую профессиональную деятельность.

Литература

1. Акиндинова И.А. Эмоциональное выгорание в профессиональной деятельности педагога: проявления и профилактика / И.А.Акиндинова, А.А.Баканова // Педагогические вести. - 2003. - №25.
2. Анциферова Л.И. Психологические закономерности развития личности взрослого человека и проблема непрерывного образования /
3. Л.И.Анциферова // Психологический журнал. -1980. - №2.- С.52-60.
4. Безносков С.П. Профессиональная деформация личности / С.П.Безносков. - СПб.: Речь, 2004. - 272 с.
5. Бикеева А. Уроки психологии для школьного учителя: советы усталому педагогу / А.Бикеева. - Ростов н/Д: Феникс, 2005. - 348 с.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

Дүйсекова Аружан Темірханқызы, 3курс

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Насрединова Акжаркын Есеметовна

педагогика ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Қазіргі кезде жұртшылығы аландатып жүрген іргелі мәселелердің бірі – жас ұрпақтың рухани құлазуы. Білім беру саласында халқымыздың руханилық дәстүрлерін кеңінен дамытып, өскелең ұрпақты рухани сезімдерінің биік, өз Отанын, халқын қастерлеп сүйетін, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтардың бүгінгі таңдағы маңыздылығын түсінетіндей етіп тәрбиелеудің қажеттілігіне баса назар аударуда.

Мәселе: Жеке тұлғаның құндылық дүниесінің қалыптасуына оның дүниетанымының ықпалы зор. Біз дүниетанымды педагогика оқулықтарында айтылып жүргеніндей, өмірдің әр саласындағы адамдардың әлеуметтік, рухани-адамгершілік ұстанымдарын анықтайтын және қоғамның, табиғаттың дамуына қатынасын айқындайтын, олардың білімдерінің, көзқарастарының, сенімдерінің және идеалдарының жүйесін қамтитын сананың бір түрі.

Жұмыс мақсаты: Балалардың бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарыту. Біртіндеп (кезеңмен) адами қарым-қатынас нормаларымен, жалпыадамзаттық адамгершілік қағидаттарымен таныстыру, олардың бойында азаматтық мәдениет пен имандылық қатынастарды қалыптастыру.

Міндеттері: Баланың жеке тұлғасын дүниетанымы және рухани құндылығын қалыптастыру; Жеке тұлғасына анықтама бере отырып, оның ерекшеліктерін қарастыру; Адамгершілік мәдениетіне тәрбиелеу жолдары.

Зерттеу нәтижелері: Халқымыздың асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – дәстүрлі келелі іс. Өйткені, рухани-адамгершілік құндылық идеялардың негізі-ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың жазба мұралары, ауыз әдебиеті, т.б. арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарап отырғанын зерттеу. Ұлттық мәдениетпен сусындау жастардың рухани құндылық әлемін байытып, имандылық, адамгершілік қасиеттерін дамытып қана қоймайды, олардың дүниетанымын дамытады, қоршаған ортамен үйлесімділігін арттырады. Ұлттық мәдениеттің дамуы ұлттық рухани өмірмен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда жан-жақты білім беретін оқу ордасы – біздің колледждің атқаратын қызметі шексіз деуге болады. Білімді маман даярлаумен қатар – еліміздің болашағын тәрбиелейтін орын. Ендеше осы колледж қабырғасынан шыққан терең білімді, зиялы, ертең ел басқаратын азаматтардың құндылық дүниесінің терең де рухани бай мазмұнда болғаны қажет-ақ. Болашақ маманның құндылық дүниесінің қалыптасуына колледждің барлық оқу-тәрбие үрдісі, тыныс-тіршілігі әсер етеді. Оқу-тәрбие үрдісінің мақсаты тарихи тәжірибеге сүйене отырып жеке тұлғасын терең ғылыми біліммен қатар өнер-білім машықтарын меңгеруге, еңбекке тәрбиелеуге, отбасы, ауыл-аймақтың, елдің ар-намысын қорғауға тағы басқа ізгі қасиеттерге баулуға, яғни, болашақ мамандардың құндылық дүниесін қалыптастыруға негізделген. Сондықтан қоғамда иманды,

инабатты ұрпақ тәрбиелеу әр ұлттың өз ерекшеліктерін ескерумен қатар салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын саралай отыра іске асырылуы қажет екені зерттелуі.

Қорытындылар: Жастардың алған білімі өзінің көзқарасы мен сеніміне айналған жағдайда ғана оның дүниетанымының қалыптасып дамуына өз әсерін тигізеді. Адамның көзқарасы дүниетанымына үлкен ықпал етеді, дегенмен іс-әрекет әрдайым көзқарасына байланысты бола бермейді. Қандайда бір теріс пиғылға қарсы бола тұрып адам сондай істі өзі де істеуі мүмкін. Мысалы, өтірік айтуды неғұрлық жасауды жаман әдет деп бағалай тұра кейбіреулер өздері де солай жағымсыз істерге барады. Демек, көзқарасы дұрыс болғанымен адамның іс-әрекеті әрдайым соған сай болады деп тұжырымдау асығыс болады.

Қоршаған ортаны, оның дамуының тарихи-әлеуметтік, табиғи заңдылықтарын толық түсініп меңгерумен қатар соның негізінде адамның өзінің ой-түйіні қалыптасса және өмірде соған ұмтылуға деген ынта-ықыласы болса, ол адамның берік сенімі бар дей аламыз. Сондықтан жеке тұлғаның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған және өзінің іс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін солардың негізінде құрған идеялардың жиынтығына сенім деп анықтама беруді жөн көріп отырмыз. Олай болса, адамның көзқарасы оның ішкі сеніміне айналған жағдайда ғана оның дүниетанымы, қоршаған ортаға деген қатынасы қалыптасты деуге болады. Сенім адамның санасындағы күрделі интеллектуалды және эмоционалды үрдістердің, сонымен қатар өмірлік тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасады. Осындай үрдістердің, тәжірибенің нәтижесінде тұлғаның меңгерген білімі оның өмірдегі атқаратын барлық істеріне, қоғамда, отбасында өзін ұстауға ұмтылдыратын түрткі дәрежесіне дейін көтеріледі. Халқымыздың адамгершілік әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, ілтипаттылық, қонақжайлылық сияқты абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт дәстүрлерді, әдет ғұрыптарды жан-жақты терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауға тиіс. Ұстаз ұлттық мәдениет үрдістерін өркениетті өмірмен байланыстырып тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге міндетті.

Дүниетанымның маңызды бір бөлігі – идеал. Жеке тұлғаның өмірдегі өзі ұмтылатын, армандайтын, пір тұтатын жоғары жетістікті идеал дейміз. Идеал жеке адамдарда, қоғамда, мемлекетте болады. Ендеше адамдар жастық шақ – студенттік кезеңде қиялға жол беріп, алдарына қандайда бір биік мақсат қойып, армандауға әуес болады. Ерік-жігері, сенімі қалыптасқан жағдайда сол армандарына жету жолында әрекеттер жасайды (оқиды, жұмыс істейді, өз халқының, басқа халықтардың әдеби, мәдени, т.б мұраларын меңгеруге талпынады). Осы іс-әрекеттердің барысында өзінің мақсат еткен идеалына байланысты адамда құндылықтар дүниесі қалыптасады[1.276]. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Белгілі философ Н.Бердяев *«Рух – сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттілікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта, т.б көрініс табады»* деп атап өткен.

Олай болса, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік құндылығы: оның сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, әділеттік, шығармашылық, еркіндік, борыш сезімдеріне, шығармашылық мүмкіндіктеріне негізделген ішкі жан дүниесінің көрініс табуы деуге болады. Қазіргі кезде осылардың ішінде шындық, қайырымдылық, сұлулық, әсемдік құндылықтардың шеттетіліп жүргенінің куәсі болып жүрміз. Оның себебін қоғам дамуының қазіргі кезеңінде еліміздегі болып жатқан түбегейлі өзгерістерден байқауға болады[2.130]. Жастар еңбек жолын таңдағанда бірінші кезекте жалақысының көбірек болғанын ескереді, олардың жоспарында: жақсы пәтерде немесе коттеджде тұрып, қымбат машина мініп, демалыс уақытын қызықты өткізгісі келеді, отбасының тұрмыс-тіршілігі неғұрлым жоғары болғанын көздейді және балаларына сапалы білім бергілері келеді. Ол орынды тілек, жастардың оған ұмтылып, өзінің қажеттілігін орындау жолында білім алып, еңбек етуге деген талпынысын қолдау қоғам алдында тұрған борыш. Бірақ, сол «заттық құндылықтар» жолында адамның рухани өсіп жетілуіне қажетті құндылықтардың басқа түрлері: жоғарыда айтылған шындық, қайырымдылық, сұлулық, әсемдік, т.с, елеусіз қалса, адам дүниеқұмар болып, барлық күш-құатын баюдың жолында сарп етіп, ішкі жан дүниесі күннен күнге жұтаң тартып рухани күйзеліске душар болуы әбден мүмкін. Өмірде, дүниеде ненің құндылығы бар екенің философияда этика (этика – грек тілінде ethika, ethos – салт, адамшылық ұстаным дегеннен алынған) адамгершілік, морал туралы ілімді зерттейді. Сонымен қатар этика адамның өзіне, басқа адамдарға қатысты өзін-өзі ұстауына, тәртібіне, мінез-құлқына байланысты әркімге өмірлік маңызы бар мәселелерді философиялық тұрғыдан зерттейді. Сонымен қатар этика адамның өзіне, басқа адамдарға қатысты өзін-өзі ұстауына, тәртібіне, мінез-құлқына байланысты әркімге өмірлік маңызы бар мәселелерді философиялық тұрғыдан зерттейді[3.576]. Қазақ халқының дәстүрінде терең рухани маңызы бар қасиеттерді ежелден «имандылық» деп атаған. Болашақ мамандық иесін терең біліммен қаруландырумен қатар биік имандылық қасиеттерді бойына сіңіру және өздері өмір сүретін қоғамға сай етіп тәрбиелеу арқылы рухани құндылық дүниесін қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бәшірова Ж.Р. Жастарды имандылыққа тәрбиелеудегі орта мектеп пен жоғары оқу орындарының арасындағы сабақтастық. В сб. Проблемы и перспективы развития педагогического образования в современных условиях / Материалы Международной научной конференции. Бишкек, 1997, 276-б
2. Бәшірова Ж.Р., Әлғожаева Н.С. Иман –тәрбие негізі. - Алматы, КазНИИ ЭО АПК, 1997. Бәшірова Ж.Р. Университеттік білім беру жүйесіндегі оқытушылардың құндылық дүниесі. Вестник НАН РК, №1, 2004, 130-131-б.
3. Философский энциклопедический словарь. - М., ИНФРА-М. 2001. 576-б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерлан Гүлім, 2 курс студенті

Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Аубакирова Толқын Утешовна, педагогика ғылымының
магистрі

Өзектілігі: Инклюзивтік білім беруді дамытудағы басты бағыт – дамудағы ауытқуларға ерте араласу – жеткіліксіз дамуда. Бүлдіршін жастағы балаларды түзету- педагогикалық көмекпен қамтудың төмендігі дамуында ауытқуы бар балаларды оңалтудың тиімділігіне кері әсерін тигізіп отыр. Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуында қазіргі заманға сай моделін құрудың басты бағыты – бұл білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдайларды жасау. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік білім беруде әдістемелік ұсынымды әзірлеуге түрткі болды. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа және толеранттылыққа тәрбиелей аламыз. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік ортаны бейімдеу; мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін пункттер құру; мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру болып табылады.

Мәселе: Мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;

-барлық балаға бірдей қарым-қатынас;

-балалар арасында дискриминация болдырмау;

-арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау.

Жұмыс мақсаты: Инклюзивтік білім беру кезінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Міндеттері: Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивтік ортаны бейімдеу; мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін пункттер құру;

Мектепке дейінгі ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларға оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыру.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзив сөзі – латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру

жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей, қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу ұйымдарында, ұйым өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері: Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы. Барлық адам бір-біріне қажет. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді. Әрбір бала үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балаларды оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

Зерттеу нәтижесі:

Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы.

Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.

Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісінің өзіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

Кіші жастағы балаларды дамыту қызметі жүйесінің жұмысының нормативті-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.

Мектепке дейінгі мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту үрдісінің мониторингін жасау.

Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата-анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым-қатынас қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, бала – ата-ана – педагог, отбасы және білім беретін ұйымдар арасындағы сабақтастықтың ойдағыдай жүзеге асуы тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің алғы шарттарының бірі болмақ. Біз, балалар үшін бала өз әрекетінің қатысы мен керектігін сезінетіндей жағдай жасауымыз керек. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Сонымен қатар, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек.

Мүмкіндігі шектеулі балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл? Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан- дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу – белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Соңғы уақытта елімізде атқарылып жатқан істер инклюзивті білім беру жүйесінің қалануына негіз болары анық. Жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.
2. «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» /Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру.
3. Г.Б.Алипқалиева «Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру».
4. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 2013ж

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Студент Жанабек Адина, 2 курс, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№3 Байзақ колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Хибатова Ляззат Азаматқызы, арнайы пән
оқытушысы

Өзектілігі: WorldSkills стандарттары бойынша десонстрациялық емтиханды ұйымдастыру жән өткізу мәселелеріне арналған – мемлекеттік деңгейде халықаралық стандарттар бойынша бағалаумен кәсіптік оқу орындары түлектерінің біліміне, іскерліктері мен дағдыларына біліктілік баға беруге арналған жаңаша деңгей.

Мәселе: Кәсіби білім беру мекемелерінің түлектері үшін де, білікті жұмысшы кадрлар талап етілетін өнеркәсіп және өндіріс салалары үшін де емтиханның осы түрі мен форматының маңыздылығы.

Жұмыс мақсаты: техникалық және кәсіптік білім беруде демонстарциялық емтиханның маңыздылығын көрсету.

Міндеттері: WorldSkills стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан түрінде орта кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды мемлекеттік қорытынды және аралық аттестаттауды дайындау және өткізу.

№3 Байзақ колледжінде WorldSkills стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан түрінде орта кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды мемлекеттік қорытынды және аралық аттестаттауды дайындау және өткізу тәжірибесі бар. Демонстрациялық емтихан – сапалы дайындықты растау үшін қажет тәуелсіз бағалау жүйесінің инновациялық элементі. Демоккзамен студенттерге өндірістік жағдайға жақын жағдайда игерілген кәсіби құзыреттіліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Жұмысты бағалау үшін әлеуметтік серіктес – сарапшылар тартылды.

WorldSkills стандарттары бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау нысаны бойынша демонстрациялық емтихан түлектердің кәсіби даярлық деңгейін тәуелсіз бағалауға бағытталған. Көрнекілік емтиханның мақсаты орта кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелерінің WorldSkills стандарттарының және тиісті құзыреттер бойынша орта кәсіптік білімнің мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтау болып табылады. Қазіргі жағдайда бұл тәсілдің маңыздылығы мен құндылығы айқын. Дегенмен, кез келген жаңалық сияқты, демо-емтихан енгізудің алғашқы кезеңдерінде белгілі бір қиындықтарға тап болады. Бірінші кезеңде жұмыс бағдарламаларын талдау және студенттердің теориялық дайындығының сапасын арттыруға көмектесетін барлық пәнаралық байланыстарды қадағалау қажет. Мұнда оқытушылар ұжымы жұмыс істеуі керек, тәжірибе көрсеткендей, бұл тек кәсіптік пәндердің оқытушылары ғана емес, сонымен қатар жалпы кәсіптік, математикалық және жаратылыстану пәндерінің оқытушылары. Демонстрациялық емтиханды тапсыру кезіндегі маңызды міндеттердің бірі – сызбаларды оқи білу. «Инженерлік графика» пәнін оқу барысында студенттер геометриялық, проекциялық және техникалық сызудың негізгі әдістерімен және ережелерімен танысады.

WorldSkills демонстрациялық емтиханына қатысу тәжірибе мен нәтижелерден басқа студенттерге не береді? Аукымды жоба көрсеткендей,

студенттер дағдылар төлқұжаты – қорытынды тестілеу нәтижесінде алған ұпайлары көрсетілген құзыреттер паспортын алады. Бұл жұмыспен қамту мәліметтер базасына енгізуге және басым, сұранысқа ие мамандықтар бойынша орта буын мамандарына немесе білікті жұмысшылар мен қызметкерлерге арналған бос орындарға алғашқы ұсыныстарды алуға негіз болып табылады.

WorldSkills демонстрациялық емтихан форматтары бойынша мемлекеттік қорытынды аттестацияға көшу кәсіптік білім беру ұйымына не береді?

WorldSkills стандарттары – біз қабылдаған кәсіптік білім беруді дамытудың заманауи идеологиясының бір түрі. Мысалы, біздің білім беру кешеніміз үшін көрнекілік біліктілік емтиханына көшу кадрларды даярлау нәтижелерін ұсынудың заманауи түріне айналды. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдары мен жұмыс беруші-кәсіпорындар студенттердің құзыреттіліктерінің жоғары сапасына бірдей мүдделі. Демонстрациялық емтихан ұжымның тиімділігін және түлектердің біліктілік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

«Көрсету емтиханы аттестаттау нысаны ретінде қабілетсіздік тәуекелдерін азайтады және жаңа білім беру технологиялары мен оқыту әдістерін іздеуді ынталандырады».

Сертификаттау нысаны ретінде демонстрациялық емтихан құзыретсіздік тәуекелдерін азайтады және жаңа білім беру технологиялары мен оқыту әдістерін іздеуді ынталандырады. Әрине, емтиханды мұндай формада өткізу эмоционалдық салаға әсер етеді, бірақ сонымен бірге оны студенттердің өздері де жоғары бағалайды: жарыс барысында олардың нәтижелерін жақсартуға деген ынтасы артып, жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

Демонстрациялық емтиханның ашық түрі бітірушілердің тек біліктілік сынақтары ғана емес, ашық жұмысқа орналасу жағдайында да бәсекеге қабілеттілігін көрсетті. Демонстрациялық емтихан колледж үшін нәтижелерді бағалаудың объективтілігіне, заманауилығы мен тиімділігіне арналған сынақ болды.

Зерттеу нәтижелері Демонстрациялық емтихан тапсырғаннан кейін студенттер Skills паспортын алады. Бұл паспорттық колледж түлегі үшін артықшылығы айқын. Ол тек бітіру емтиханын тапсырып қана қоймай, халықаралық стандарттарға сәйкес біліктілігін растайды.

Емтиханға келген жұмыс берушілер де студент іскерлігін бағалай алады. Олар өздерінің әлеуетті қызметкерлеріне кәсіби қызметі кезінде тікелей қарап, олармен кейінге қалдырылған еңбек шартына қол қоя алады.

Осылайша, демонстрациялық емтихан - бұл еңбек нарығына бейімделуге ықпал ететін сапалы дайындықты растау үшін қажет тәуелсіз бағалау жүйесінің инновациялық элементі.

Қорытындылар Жыл сайын Студенттер өз мамандықтары бойынша демонстрациялық емтихандар тапсырады. 2023 жылы барлық студенттер үшін міндетті ДЭ енгізу жарияланды. Бірақ демонстрациялық емтихан қорытынды емтиханды бірнеше жылдан кейін ғана алмастыруы мүмкін. Сертификаттаудың бұл түрінің артықшылығы көп, негізгі міндет әр түлектің нақты дағдыларын көрсету. Жұмыс берушілер емтиханға өз өкілдерін жиі жібереді, емтихан аяқталған соң студенттерді көп жағдайда жұмыс берушілер сұхбаттасуға

шақырып кетеді. Сондықтан сертификаттаудың бұл түрі дипломды әдеттегі қорғаудан әлдеқайда тиімді екендігімен келісуге болады. Дегенмен, ол кейбір қиындықтармен бірге келеді: мысалы, практикалық тапсырмаларға арналған жабдықтың жетіспеушілігі. Бірақ демонстрациялық емтиханды енгізу жұмыстары қазір белсенді жүргізілуде, сондықтан алдағы бірнеше жылда жағдай жақсарды деп күтуге болады.

Әдебиет

1. Шомин, И.И. WorldSkills стандарттарын қолдану арқылы біліктілік емтиханын өткізудің инновациялық түрі // Кәсіптік білім және еңбек нарығы. — 2018. — No 1. — 61–67 б. - Электронды мәтін. — URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=32724416>

2. Демонстрационные экзамены по требованиям WorldSkills будут внедряться в 36 казахстанских колледжей/ Finance/kz

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ АРТТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫННЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Жұмағали Қаракөз Ғалімбекқызы, 3 курс студенті
МКҚК «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі»
Ғылыми жетекшісі : Жолдыбаева Динара Сарсембаевна

Өзіктілігі: Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүрудегі арқылы дене мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артуда. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.

Мәселе: Жаһандану заманында қарқынды даму жолына түскен елімізде бүгінде халықтық ұлттық ойындар элементтерін жүйелі пайдалану арқылы тәрбиелеу өмірімізге еркін орынды түрде енуде. Бірақ, педагогикалық практика кезіндегі мәліметтерге талдау жүргізетін болсақ, атышулы бағдарламалар және тәрбие бағыттары ұлттық ойындарды оқыту үрдісі жүйесіне жеткілікті дәрежеде енгізе алмау, нәтижелі насихаттай алмау, бағдарламаларға жүйелі енгізе алмау мысалдары кездеседі.

Жұмыс мақсаты: Ұлттық ойындарды – теориялық және әдістемелік тұрғыда негіздеу. Мектепке дейінгі оқыту процесінде ұлттық ойындардың әдістемелік теориясын, қолдану ерекшеліктерін зерттеу.

Міндеттері:

- Ұлттық ойындарды бастауыш оқыту процесінде қолданудың ғылыми – теориялық негіздерін айқындау;

- Оқытудың теориялық моделін құру, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау, мазмұнын әдістемелік тұрғыда жүйелеу;
- Ұлттық ойындар қарастырылған оқу – іс әрекетінің кез – келгенімен байланыстыра жүргізудің нақты әдістемелік жүйесін көрсету;
- Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- Мектепке дейінгі оқыту процесінде ұлттық ойындарды қолданудың тәрбиелік негіздерін зерттеу;

Ұлттық ойындар балалардың ой - өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ұлттық ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Балалар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ұлттық ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Ұлттық ойын арқылы балалар нені меңгереді:

1. Балалар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
2. Балалар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.
3. Ұйымдастырылған қызмет кезінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.
4. Бала әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.
5. Уақытты үнемдеуге үйретеді.
6. Балалар үшін психологиялық жағымды.
7. Ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді.
8. Балалар үшін қауіпсіз.
9. Кейде қарапайым оқу қызметімен салыстырғанда көп уақыт мөлшерін алады.
10. Ұлттық ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.
11. Кейбір ұлттық ойын түрлерінде қатысушылардың саны шектеулі.
12. ұлттық ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді. Ұлттық ойын арқылы оқыту бастауыш сыныптарда кең қолданылады деп айтуға болмайды,өзіміз куә болып жүргендей бастауыш сынып мұғалімдері көбінесе дидактикалық ойындарға мән береді. Әр мұғалім ұлттық ойындарды қолдану нәтижесін дұрыс болуы үшін мынандай жағдайларды ескеруі қажет.

Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау.

Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу. Басты мақсат – ойын әрекеттері

арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жетелеу. Қазақ тілі сабақтарында рөлдік ойындардың маңызы зор. Ойын оқушылардың сол орындалатын іс-әрекеттер арқылы тіл үйренуге деген сенімін қалыптастырады.

Олар :

1. Қазақ тіліне ғана тән дыбыстарды дұрыс айтуға, жазуға жаттықтыруға;
2. Балаларды тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамытуға;
3. Жағдаяттар туғызып, іс-әрекеттер арқылы сөйлетіп үйренуге.

Белгілі педагог А.С.Макаренко баланың ойын үстінде түрлі таным түсініктері, қасиеттері дамып, қабілеті мен белсенділігі артатынын атап көрсеткен. Сабақта ойналатын дидактикалық ойындардың пайдасы өте зор. Ол ойындарды тақырып бойынша өзгертіп тұруға ыңғайлы болады. Ойынның мақсаты, шарты балаларға түсіндіріледі. Тәжірибелік-эксперименттік әдістемелік жұмыстар мынадай бағыттарда іске асырылды: Мектепке дейінгі балалардың оқу үрдісі, топ балаларымен жұмыс жүргізуде ұлттық ойындарды барынша пайдаланып, балалардың тұлғалық, шығармашылық дамуын анықтау үшін және жүргізілген әдістемелер арқылы олардың шығармашыл деңгейін сатысын жоғарылату мақсатталды. 1 – әдістеме. «кім тапқыр».

Бұл әдістеме баланың бағдарлама материалын игеруі сапасының диагностикасына арналған.

Зерттеу нәтижесі:

«Жақсы». 0 10 ұпай – тапсырманы толық орындау. Сұрақтарға жауап беріп, сурет бойынша жұмысты өз уақытында (5 минут) жасап біту.

«Орта». 0 7 ұпай – тапсырманы орындау. Сурет бойынша жұмыс істей алады. Сұрақтарға жауап береді, бірақ уақытында үлгере алмайды. (7 10 минутқа созылады)

«Төмен» 0 5 ұпай – тапсырманы жартылай және кеш орындайды.

Осы әдістемені біз бір мезгілде топтарға жүргіземіз, бағалау екі топқа салыстыра қатар қойылып отырады.

Даму деңгейінің нәтижесі:

10-8 ұпай – жоғары

7 5 ұпай – орта

4 0 ұпай – төмен

Екі топтың бірінші әдістеме «Кім тапқыр» ойын – әдістемесі арқылы көрсеткен білімдік бағаларының пайыздық кестелік көрсеткіші.

Топтар жоғары орта төмен

«АЛҒЫР» тобы 41% 28% 31%

«ДАРЫН» тобы 42,5% 25% 32,5%

Екі топтың бірінші әдістеме «Кім тапқыр» ойын – әдістемесі арқылы көрсеткен білімдерінің көрсеткіш диаграммасы.

Қорытынды:

Білім берудің қазіргі талабы – оның ашықтық кейпі, яғни тұлғаның жан-жақты іс-әрекеттік қабілетін кеңейтіп, оның компитенциясын (құзырын) арттыру, жалпы өмірлік және кәсіби компитенцияларын дамыту және

қалыптастыру. Жалпы білім беру саласының алдына қойылған осы мақсат ең алдымен, бірінші кезекте білім беру сапасын арттыру мәселелеріне келіп тірелетіні баршаға анық. Ежелгі замандардан бері білімнің алар орны, оның ғылым мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі, жас жеткіншіктерді тәрбиелеудегі маңыздылығы аз айтылған жоқ.

Әр педагогтың негізгі мақсаты — сабақ сапасын көтеру, балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденімін, танытып қалыптастыру.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім Заңы
2. Қазақ ұлттық энциклопедиясы, Алматы // -241б
3. С. Қалиев, Қ. Жарықбаев «Қазақ тәлім-тәрбиесінің негіздері» Алматы – 1995ж
4. Р. Жұмағожина «Ауыз әдебиеті үлгілерін бастауыш сыныпта пайдалану» Алматы: Мектеп – 1999 ж.
5. ҚР «Білім» Заңы, 1999 ж.

«БАҚЫТ МЕКЕНІ» ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ТӘЖІРИБЕЛІК АЛАҢЫ АРҚЫЛЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Жолдыбаева Аяулым Жолдыбайқызы, II курс студенті,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Нурманова Ақтолқын Дархановна, арнайы пәндер
оқытушысы

Өзектілігі: Соңғы жылдарда Қазақстанда ерекше білімді қажет ететін бала тәрбиелеп отырған аз қамтылған отбасы өте көп. Қазіргі уақытта инклюзияға көп мән берілуде, алайда ол балалардың қоғамға араласып кетуі өте қиын. Ал барлық ата-аналардың өз балаларын түзету дамыту орталықтарына беруге мүмкіндіктері жете бермейді, ал мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің аздығы балаларды жаппай қамти алмайды. [1] Осыған орай мен өзімнің «Бақыт мекені» түзету-дамыту практикалық алаңының жоспарын ұсынамын. **Мақсаты:** «Бақыт мекені» түзету-дамыту практикалық алаңының бизнес жобасы екі түрлі білім беру ұйымына қатысты субектілерді қамтиды. Олар:

- ✚ Ерекше білім беруді қажет ететін балалар және ата-аналарын әлеуметтік педагогикалық қолдауды ұйымдастыру
- Колледж білім алушыларының практикалық іскерлік дағдыларын дамытуға бағытталған тәжірибелік алаң ұйымдастыру
- **Міндеттері** Жоба бірнеше мәселелерді шешуге бағытталған. Атап айтар болсақ:
- Аз қамтылған отбасындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін педагогикалық-психологиялық көмек көрсетіп, балалардың вистибуляция, координация, сөйлеу, ойлау, моторика, тактильді сезімдерін дамыту

- Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін түзету дамыту қызметтерінің нарықтағы бағадан қолжетімді етіп ұйымдастыру
- Жалпы білім беру жағдайында инклюзивті білім беруді іске асыруда практикалық алаң ұйымдастыр

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Негізгі ресурстары: Жоба білім беру мекемесінің базасында құрылатын болғандықтан көп қаражатты қажет етпейді, өйткені балалар теориялық білімін практикалық алаңда тәжірибен өткізеді. Екіншіден аз да болса пайда табуға негізделеді. Сол табылған пайданы практикалық алаңды дамытуға жұмсалатын болады. Ал мамандар ерікті белсенді студенттерден, педагогика және психология пәндерінен сабақ беретін оқытушылардан және қажет болған жағдайда сала аралық мамандарды қамтуды қамтамасыз етеді.

❖ Басты іс-әрекеттер

- ✚ Арнаулы білім беру мекемелері мен түзету дамыту орталықтары, әлеуметтік мекемелерімен әлеуметтік серіктестік байланыс орнатып, меймарандумдарға қол қойып жүзеге асыру
- ✚ Өндірістік тәжірибе жинақтаудың яғни практикалық алаңның мазмұныны ашатын практика түрінің барысына енгізу
- ✚ Қажетті тәжірибелік алаңды жасақтау
- ✚ Әлеуметтік серіктестік тұрғысынан қажет мамандарды тарту

❖ Негізгі серіктестер

✚ Білім беру мекемесінің басшысы

✚ Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация

(ПМПК) қызметі

✚ Медициналық мамандардың қызметтері

✚ Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету *орталығы*

✚ Түзету- дамыту орталықтарының сала мамандары

❖ Кіріс ағындары

Қазіргі нарықтағы сағаттық есептеулер бойынша түзету дамыту орталықтарының орташа бағасы 3 және 6 мың теңгені құрайды, ал практикалық алаң әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасындағы ерекше білімді қажет ететін балалар үшін түзету дамыту сабақтарын ең минималды деңгейде өткізуді ұйымдастырады (мысалы 1 сағатына 600-700 теңгені құрайды)

✚ Желілер

Бақыт мекені түзету-дамыту практикалық алаңының тыныс- тіршілігін, біздің құндылықтарымызды практикалық алаңның жеке сайт беттерінен, инстаграмм парақшасынан тәулігіне 24 сағат ақпаратпен қамтамасыз етіліп қызмет көрсетеді.

✚ Бақыт мекені» түзету-дамыту практикалық алаңының @inclusive.school инстаграм парақшасы

✚ Бақыт мекені» түзету-дамыту практикалық алаңының жеке сайты

Қорытындылай келе, инклюзивті білім ғана емес, жалпы білім де негізделетін сегіз принципті бөліп көрсету керек: адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес; әр адам сезінуге және ойлауға

қабілетті; әр адам қарым-қатынас жасауға және тыңдауға құқылы; әртүрлілік адам өмірінің барлық аспектілерін күшейтеді; Шынайы білім тек нақты қарым-қатынас аясында жүзеге асырылуы мүмкін; барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж; барлық білім алушылар үшін прогреске жету мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығында болуы мүмкін; барлық адамдар бір-біріне мұқтаж. Сондай-ақ, барлық балалар, физикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық және басқа да ерекшеліктерге қарамастан, міндетті түрде білім беру жүйесіне қосылып, құрдастарымен бірге тәрбиеленуі керек деп айту керек.[2] Біздің мақсатымыз қарапайым бала мен ерекше білім беретін балалардың арасындағы кедергіні бұзып, «**Бақыт мекенін**» құру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алехина С.В., Алексеева М.Н., Агафона Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в современном образовании. М., 2011.

2. «Инклюзивті білім берудің теориялық және тәжірибелік өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның МАТЕРИАЛДАРЫ 20 қазан 2016ж

ГИПЕРАКТИВТІЛІК ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР

Жунисова Камила Глеубековна, 2 курс,

М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж

Ғылыми жетекші: Турбаева Меруерт Каирбековна

Мәселе: мұғалімдер жұмыс кезінде баланың шамадан тыс қозғалыс белсенділігі, тыныштық, импульсивтілік, бір нәрсені орындауға назар аудармау сияқты проблемаларға тап болады. Бұл белгілердің барлығы гиперактивті мінез-құлықты сипаттайды. Мұндай мінез-құлқы бар балалар көбінесе басқа мұғалімдердің шағымдарын тудырады, өйткені сабақтарда өз кезегін күте алмай, айқайлайды; тапсырманы орындауға қалай көңіл бөлуді білмейді; олар жанжалдар мен төбелестердің бастамашысы болады, өйткені олар өте мобильді ғана емес, сонымен қатар жиі ыңғайсыз және тіпті ебедейсіз.

Жұмыс мақсаты: біз білеміз НЖЖГС бар адамдар тұрмыстық мәселелерге тап болады және осы мақалада Мен осы синдромы бар адамдар туралы көбірек айтып, НЖЖГС-мы барлар бөліскен өмірлік қиындықтары туралы, инклюзивті балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің және менің жеке бақылауларым туралы жинаған қорытынды.

Міндеті: назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы бар адамдарға тұрмыстық қиындықтарын жеңілдетуге көмектесу.

Кілт сөздер: НЖЖГС, гиперактивтілік, зейін, импульсивтілік, ұйымдастыру, уақытты басқару, шығармашылық, салауатты өмір салты, лайфхактер.

Назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы (НЖЖГС) қыс.; ағылшын. Attention-Deficit / Hyperactivity Disorder (ADHD)) - балалық жастан

басталатын дамудың неврологиялық-мінез-құлықтық бұзылысы. Назар шоғырлаудағы қиыншықтар, гиперактивтілік және нашар басқарылатын қызбалық секілді симптомдарымен көрінеді.

Синдромның көрінуі: қозғалыстың тежелістері, белсенді назардың жетіспеуі, минималды милық дисфункция (ММД), күрсақішілік кезеңде немесе туылғаннан кейінгі бастапқы айларда бас миының ерте органикалық зақымдануы (жүктіліктің токсикоздары, резус-конфликт, асфиксия және босану жарақаттары, ерте сәбилік кезеңдегі ауыр жарақаттар) көрінісінің қалғанымен шартталады.

НЖжГС-ға тән күшті жақтар бар, олар әдетте гиперфокус, жоғары қуат және тапқыр әзіл сезімі сияқты нәрселерді қамтиды. Бірақ, сөзсіз, НЖжГС-да "артықшылық" деп аталатын ең көп таралған қасиет? Шығармашылық.

Бірақ бұл жерде шындық бар ма? НЖжГС бар адамдар шығармашылыққа бейім бе?

НЖжГС және шығармашылық ойлау

НЖжГС (НЖжГС деп те аталады) шығармашылыққа әкелетіні туралы нақты дәлелдер жоқ. Бірақ НЖжГС проблемаларының жағымды жақтары болуы мүмкін деген бірнеше зерттеулер бар. Мысалы, кезектерді орындауды немесе нұсқауларды орындауды қиындататын қасиеттер шығармашылық ойлауға ықпал етуі мүмкін.

НЖжГС-да шығармашылықты қалай дамытуға болады

НЖжГС бар адамдар жоғары шығармашылыққа ие болса да, НЖжГС проблемалары идеяларды шындыққа айналдыруды қиындатуы мүмкін. НЖжГС бар адамдар көбінесе жоспарлау, уақытты басқару және тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болады. Мысалы, НЖжГС бар балалар шығармашылық жазу сабағына арналған қысқа әңгіме идеяларымен сөйлесе алады. Бірақ олар идеяларды жазу үшін жеткілікті ұзақ есте сақтамауы мүмкін.

Мұғалім балалар ғылыми жәрмеңкесінің жобасы перспективалы деп айтуы мүмкін. Бірақ мұндай балаға жобаны бастау және оны уақытында аяқтау туралы айтпағанда, оны жасау үшін қажетті материалдардың тізімін жасау қиын болуы мүмкін. Дегенмен, балаларға шығармашылық қабілеттерін көрсетуге көмектесетін көптеген әдістер бар. Бірінші қадам-баланың шығармашылығын тану және оның күшін көру.

Гипер белсенді адамдар үшін олардың шығармашылық армандарының шындыққа айналуына кедергі болатын дағдылармен жұмыс істеу маңызды. Бұған ұйымшылдық және уақытты басқару сияқты дағдылар кіреді. Бұл дағдыларды жетілдіру шығармашылықтың өркендеуіне жол ашуға көмектеседі.

НЖжГС белгілері:

НЖжГС белгілерін екі негізгі топқа бөлуге болады:

1. Зейіннің бұзылуы

- Тапсырмаларға немесе сабақтарға назар аударудың қиындықтары
- Бөгде тітіркендіргіштерге оңай алаңдайды
- Нұсқауларды орындамаңыз немесе істі аяқтамаңыз
- Істер туралы немесе не істеу керек екенін ұмытады

2. Гиперактивтілік және импульсивтілік

- Шамадан тыс қозғалыс белсенділігі
- Орнында отыра алмайды
- Әрқашан қозғалыста
- Олар тыныш ойнай алмайды
- Жиі айтылады немесе айқайлайды
- Өз кезегін күте алмайды
- Басқа адамдардың әңгімелеріне немесе ойындарына жиі араласады

Зерттеу нәтижелері бойынша: НЖЖГС-мен өмір сүруді жеңілдететін 12 лайфхак

1. Күнтізбе

«Смартфондағы күнтізбе-бұл стандартты қосымша. Бірақ сіз басқаларын жүктеу аласыз, ерекше функционалдығы бар, әдемі және сүйкімді. Төменгі жол-күнтізбеге бәрін жазу. Дыбыстық еске салғыштарды ерекше маңызды мәселелерге қойыңыз.

Мен өзіме "Мен мұны ұмытпаймын" деп жиі айтамын, бірақ бәрібір ұмытып кетемін. Бірде мен қанша жаста екенімді ұмытып кеттім! Күнтізбедегі бұл еске салғыштар шынымен құтқарады.»

2. Жоғалған заттарға арналған табақ

«Мен табақты қолданамын. Шынымды айтсам, ең көп таралған тағам табақшасы. Мен оған қаламдар, үй кілттері, екінші телефон және шаш байламдарын салдым. Бұл Мен үнемі Жоғалтатын нәрселер. Олардың барлығы әртүрлі екенін ескеріңіз. Егер мен кілт ұстағышты сатып алсам, бұл мәселені тек кілттер үшін шешеді. Мен резеңке таспаларға арналған құмыраны сатып алып, телефонға арналған қорапты бөлемін, енді бір емес, үш орынды есте сақтауым керек. Сондықтан табақ өте қолайлы. Және оның орнын өзгертпеңіз.»

3. Дедлайндарды азайту

«НЖЖГС миы бар осындай оғаш нәрсе, ол әрқашан бәрін жасайды. Сондықтан мерзімін жасанды түрде азайту көмектеседі. Мысалы, кешкі тоғызға дейін бірдеңе жасау керек. Өзіңізді жетіге дейін не істеу керек деп ойлаңыз. Досыңызға уәде беріңіз онымен бірге жүріңіз немесе сегіз фильм көруді жоспарлаңыз. Жұмысты дәл жетіде аяқтау өте маңызды. Бұл процесті жылдамдатады.»

4. Қолмен жазылған жазбалар

«Ақпаратты үйрену және есте сақтау туралы сөз болғанда, мен жазғанды жөн көремін. Адам бірдеңе жазғанда, ол баяу қалам алып, басындағы сөзді айтады. Компьютермен жұмыс істеу кезінде бұл болмайды.»

5. Жеке істер бірінші орында

Бұл кеңес біреуге нәтижесіз болып көрінеді. Сіздің жеке істеріңізге уақыт болатынын түсіну жұмысқа назар аударуға көмектеседі. Сондықтан күнтізбеде алдымен "мен кешкі бесте пәте ойынын ойнағым келеді" сияқты жеке істерді, содан кейін міндеттерді шешіңіз. Мен әрқашан оқудан бұрын жеке нәрсе жасауға тырысамын. Содан кейін оқу кезінде мен басқа нәрселер туралы ойламаймын, демалуға/көңіл көтеруге/аниске уақытым жоқ деп алаңдамаймын. Себебі мен мұны қазірдің өзінде жасадым.

Қорытынды: Назардың жетіспеушілігі және гиперактивтілік синдромы (НЖЖГС) баланың өмірінің барлық аспектілеріне әсер етуі мүмкін. Шынында да, бұл балаға ғана емес, ата-аналарға, бауырларға да әсер етеді, бұл отбасында және ерлі-зайыптылардың жұмысында бұзылулар тудырады. НЖЖГС-ды балалар мен олардың отбасыларына жағымсыз әсері мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастауыш мектепке және жасөспірімге дейін өзгереді, бұзылыстың әртүрлі аспектілері әртүрлі кезеңдерде айқынырақ болады. НЖЖГС ересек жаста да сақталуы мүмкін, бұл кәсіби және жеке өмірде сәтсіздіктер тудырады. Бұл жұмыста ұсынылған лайфхактар НЖЖГС-ды адамдарға өмірін жақсартуға көмектеседі. Дегенмен, барлық лайфхактар барлық адамдар үшін бірдей тиімді бола бермейтінін ескеру маңызды.

Әдебиеттер

1. Taking Charge of Adult ADHD by Russell A. Barkley, PhD with Christine M. Berson
2. Арнайы педагогикалық және психология негіздері: оқу құралы. 2-бас./ 3. Б. Мадалиева, Б. А. Әрінова. - Алматы: Дарын, 2023
3. The science of ADHD and creativity: Thought patterns & medication effects - Sep 29, 2023
4. The creativity of ADHD by Holly White - March 5, 2019
5. 11 Guides for Making Life With ADHD a Little Easier by Dylan M. Austin - Jan 23, 2023

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ

Жақсылық Аида Бисенбайқызы, 3-курс,

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Абдильдина Куляш Султановна. Лауазымы: педагогика ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Әлемдік өркениетке қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызды. Әлемдік тәжірибе ХХІ ғасырда білім беру жүйесін қарқынды дамытудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Білім беру қоғам дамуының тұжырымдамасын анықтайды. Сонымен қатар білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын айқындау—қоғам талабы. Оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеті мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамасыз ету болып табылады.

Мәселе: Оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге, өз ойын нақты жеткізуге қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік

негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», - деп атап көрсетілген. Осы міндетке сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігі мен оқу іс-әрекетіне түсе алатын тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы білім беруге көшу екенін тәжірибе дәлелдеп отыр.

Жұмыс мақсаты: Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі туралы сипаттама бере отырып, республикамыздағы бастауыш білім берудің проблемалары мен перспективаларын айқындау.

Зерттеу міндеті: Білім берудің педагогикалық – психологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының оқыту жолдарын тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007ж), Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2030» халыққа Жолдау, жалпы орта білім беру тұжырымдамасының жобасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, мемлекеттік білім беру бағдарламалары мен тұжырымдамалары, білім беру мәселесіне арналған ресми құжаттары.

Орта білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Бастауыш мектеп жасы – баланың жеке тұлғасы мен оның ағзасының одан әрі дамуын айқындайтын өте маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл жастағы балалардың маңызды ерекшеліктері – олардың айналадағы өміріне: адамдарға, оқиғаларға, фактілерге қызығушылық танытуы болып табылады.

Олардың қоршаған ортадағы заттар туралы түсініктері бар, олар білуге құштар, жаңа ақпаратты да жақсы қабылдайды. Осы ынта мен құштарлықты бастауыш сынып мұғалімі өшіріп алмай, оның әрі қарай дами түсуіне көп көңіл бөлуі керек.

Білім берудің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері, ол психологияның методологиялық базасына сүйенеді және адамның санасы мен мінез-құлқын, іс-әрекетін зерттегенде оның тәсілдерін тиімді пайдаланады. Психологиялық педагогика білім берудің мәдени-тарихи теориясы мен практикасын дамытудағы елеулі қадам болып табылады.

Білім беру жағдайында бастауыш сынып оқытудың жолдары оқушы тұлғасы мен сапаның дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да, бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын да дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы қазақ мемлекеттілігінің құрылу кезеңінен бастап ұзақ уақыт бойы елдегі болып жатқан саяси-әлеуметтік және мәдени өзгерістердің көрсеткіші болып табылды. Көптеген кезеңдердегі болып жатқан білім беру үрдістеріндегі объективтік көріністердің қажеттілігі қазіргі отандық тарихи-педагогикалық ғылымда пісіп жетілгендей. Білім беру жүйесінің тарихы елдің тарихымен біте қайнасып және оның түбегейлі көріністері қоғамдық дамудың айтарлықтай барлық жақтарын

қозғағанын атап өтуге болады. Тарихи кезеңдердегі қоғамдық-мемлекеттік құрылыстың өзгеруі аз ба, әлде көп пе тікелей білім беру жүйесіне әсерін тигізіп отыр. Біз білім беру жүйесінің мектепке өтуі туралы сөз қозғамас бұрын білім берудің тарихына шолу жасауды жөн көріп отырмыз.

Қазақстандағы білім беру жүйесі өзінің қалыптасуы барысында екі кезеңді басынан кешті (XV–XVIII ғғ). Өз мемлекетіміздің құрылуы қазақ халқының бұған дейінгі дәуірлердің логикалық жалғасы болып табылатын рухани мәдениеттің дамуы үшін маңызы зор. Оның негізіне мектеп пен медресе арқылы жүзеге асырылған ағартушылық, білімділіктің де алатын орны аз емес. Аталмыш оқу мекемелерінде оқыту араб-парсы тілдерінде жүргізілген. Оқушыларға әр түрлі ғылым салалары бойынша білім берілді (дін, математика, философия, логика, шығыс әдебиеті).

Білім беру құрылымы мен мазмұнының түбегейлі жаңаруы еліміздің болашағына ие болар білікті жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ете отырып, Қазақстанның өркениетті ел ретінде дамыған 50 елдің қатарынан орын алуына кепіл бола алады. Білім берудің нәтижесінде біз тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай тудырамыз және мүмкіншіліктерін жүзеге асыра аламыз.

Мәдениет, экономика, ғылым, техника мен технология аясында болып жатқан жаңа өзгерістер білім мазмұнының әрдайым жаңаруына ықпал етеді. Ғылыми білім мен қабілеттілікті практикалық іс- әрекет барасында жан-жақты қолдана алуға үйретеді.

Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту білім беру деңгейлері мен сатылары арасындағы байланысты нығайта түседі әрі инновациялық іс-әрекетті жандандырады. Білім беруді ақпараттандыру мен компьютерлен- діру, қазіргі таңдағы жаңа ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялық технологияларды игеруге негіз бола алады. Дарынды балалар мен қабілетті жастарды оқыту мен тәрбиелеудің жоғары дамыған жүйесін жетілдіреді.

Алған тақырыбым күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын қамтып шығу мүмкін емес, білім беру жүйесіне көшу, жалпы еліміздегі білім беру жүйесінде бар түрлі олқылықтар мен кемшіліктерден арылуға жол ашады, өз алдына ел болған қазақ елінің ұлттық ерекшеліктеріне көңіл қойып, ой жіберуге және ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жете білуге, зерттей түсуге мүмкіндік береді, әлемдік білімге зер салып жете білуге, мейлінше көңіл аударуға мүмкіндік туғызады деп ойлай- мыз және білім берудегі кездесетін олқылықтарды толтыру сияқты мәселелерді зерттеу келешектің ісі болып табылады.

Мен жазу барысында мынандай қорытынды мен тұжырымға келдім: Қазақстан Республикасының білім беру негізі жеке адамның жеке тұлға болып тумайды, ол өмір сүру барысында тәрбие арқылы қалыптасады. Білімді, шығармашылығы мол тұлғаны тәрбиелеу негізінде Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамалары жасалды. Өзін және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім бәсекеге қабілетті және күзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазіргі қоғамның дамуы өмірге жан-жақты

дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді адамдарды тәрбиелеу қажеттігін алға тартып отыр. Мұның барлығы орта білім мазмұнын қайта қараудың объективті факторы болып табылады.

Жалпы орта білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңартудың басты мақсаты - білім берудің сапасын арттыру, мектеп бітірушілердің даярлық деңгейін көтеру, оқу мен тәрбие үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру.

Зерттеу нәтижелері: 4 жылдық бастауыш, 5 жылдық негізгі және 2 жылдық жалпы орта білімді қамтитын құрылым, тұтастай алғанда, ғалым педагогтардың, психологтар мен мұғалімдер қауымының пікірінше, жас кезеңдерінің ауысуына: барлық шақ, жасөспірім шақ, бозбалалық шаққа - тұлғаның психологиялық жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Қорытынды: Әлемдік білім стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін іс жүзінде көрсетуге, өзін-өзі дамытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайын, өз мүддесі мен қоғам мүддесін іскерлікпен ұштастыра білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, Мектеп, 1984. – 87б.
2. Ғалиев Г.Г. Жүйелік негізде оқыту технологиясы. – Алматы, Наука, 2006. – 210 б.
3. Әбдіғалиева Қ.А., Нурахметов Н.Н. Оқушылардың шығармашылық қабілетін деңгейлеп оқыту. – А.: Қазақ университеті, 20037 – 426 б.
4. Пазылова Г.Ы. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. – Алматы, Қазақстан мектебі. 2007. – 206 б.
5. Байдельдинова Г.К. Научно – теоретические основы подготовки будущих учителей для организации взаимодействия школы и семьи. – А.: Ғылым, 1998- 81 б.

ВЯЗАНАЯ ИГРУШКА КАК ЭЛЕМЕНТ ПРЕДМЕТ-РАЗВИВАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Захарченко Анастасия, студентка 1 курса,
ЧУ «Колледж предпринимательства КИИЭУ»

Научный руководитель: Бектасова Алтынай Аргынгельдиновна,
преподаватель казахского языка и литературы, педагог-исследователь

Актуальность

Вязание – это полезное и увлекательное занятие. Оно развивает в ребенке усидчивость и терпение. Вязание крючком позволяет мне выразить свою индивидуальность. Во время процесса рукоделия, вязание очень сильно завораживает и затягивает. Вязание крючком очень просто, достаточно немного терпения для того, чтобы научиться основным приемам вязания. Связанная своими руками игрушка оказывается неповторимой и более доступной по цене,

чем готовое изделие. Возможность использовать разнообразные нитки сделало вязание крючком для меня самым любимым занятием.

Несмотря на свою простоту, оно позволяет создавать неповторимые, уникальные модели одежды, декоративные вещи и удивительные игрушки. К тому же пряжу можно использовать несколько раз без особых потерь.

Проблема: Многие хотят чем-нибудь заниматься, многие не могут или просто не умеют. Поэтому в современном обществе необходимо искать занятие для рук и души, которое было бы доступным для каждого и в то же время интересным.

Цель работы:

Разработать модели и связать игрушки крючком четырех домашних животных «төрт түлік мал»

Задачи:

- Познакомиться с историей вязания
- выявить преимущества вязания и какие навыки развивает;
- обосновать выбор модели вязаных игрушек;
- Подобрать материалы
- связать игрушки крючком по схеме

Ученые выдвигают подтверждения тому, что ручное вязание зародилось еще до нашей эры. Возраст первых известных человечеству вязанных артефактов подтверждается археологами в 4 тысячи лет! Их обнаружили в Древнем Египте.

Так, археологами найден носок с отдельно вывязанным большим пальцем. Благодаря этому крою такие носочки можно было надевать под сандалии с ремешком между большим и указательным пальцами. В Европу вязание пришло гораздо позднее: В Италию и Испанию – в 12 веке, чуть позже во Францию. Постепенно это прикладное искусство стало набирать популярность и превращаться в выгодную промышленную отрасль по изготовлению одежды и предметов быта. Спустя 2-3 века вязание покорило всю Европу. Изначально, вещи вязались на пальцах, лишь позднее появились специальные приспособления – спицы и крючок. «Первоначально вязать могли только мужчины, женщин работодатели не принимали на работу, им разрешалось только прясть пряжу». Поскольку вещи вязались только вручную, производительность такого ремесла была крайне низкой, а стоимость готовых изделий – крайне высокой. И уже можно догадаться, что такие вещи были доступны только богатому населению. [1]

Искусство ткачества - одна из древнейших сфер ремесел казахского народа. На территории Казахстана ткачество было распространено повсеместно. Роль и значение этого вида в прикладном искусстве казахского народа подчеркивается количеством изготавливаемых предметов и широким диапазоном сферы их использования. Народные мастерицы изготавливали более 25 видов тканых изделий. В широком ассортименте мастерицы ткали и различные небольшие изделия, необходимые в быту: төсеніш – дорожка, кілемше – коврик, жәйнамаз – молитвенный коврик, сумы и чехлы различного

назначения. Переметные сумы коржын использовались в хозяйстве для перевозки поклажи на вьючных животных.

Вместе с руководителем мы решили попробовать связать игрушки 4 домашних животных: лошадь, верблюда, корову и барана. В казахской культуре существует понятие «төрт түлік - мал». Это понятие обозначает единство четырех видов скота: верблюдов, лошадей, коров и овец-коз. Они являются покровителями домашних животных у казахов, которых называли: Қамбар Ата (покровитель Лошадей), Зенги Баба (покровитель Коров), Ойсыл Қара (покровитель Верблюдов) и Шопан Ата (покровитель Овец). Эти четыре вида домашнего скота являлись основным и главным источником существования и проживания казахского народа. [2]

Игра и игрушка, по мнению ученых, – важнейшие составляющие любой культуры. Какова культура, таковы и игрушки. Игрушка – культурное орудие, посредством которого передается в особой «свернутой форме» состояние современной культуры (цивилизации). [3]

Играя этими вязаными игрушками, ребенок приобщается к истории, к традициям своего народа и воспитывает любовь и уважение к своим предкам, к своей родине.

Каждая игрушка может нести развивающую функцию. После того как, мы свяжем игрушки сами, а не купим в магазине, то нам будет намного тяжелее расставаться с ней потому, что это игрушка была сделана вами, в которую вы вложили свой труд и душу, провели столько времени с ней, она станет самой любимой игрушкой.

Вязание развивает внимательность, тренирует память. Развивает математические способности, усидчивость, повышает стрессоустойчивость и снижает тревожность. Развивает мелкую моторику. Учит планировать свое время.

Для вязания крючком необходимы такие материалы как маркер, крючки, нитки, набивочные материалы. Подготовив материалы, приступила к вязанию. Так как вязанием занимаюсь недавно, воспользовалась мастер-классом Светланы Лютовой и по схеме связала овечку.

Вязание начинала с головы, набиваем по мере вязания, заканчиваю вязание, обрезаю нить. Далее вяжу туловище, набиваем по мере вязания, заканчиваю вязание, обрезаю нить. Вяжу уши одинаково (2 детали), не набиваю, заканчиваю вязание, оставляю нить для пришивания, складываю пополам, пришиваю к голове. Ноги (4 детали) вяжутся одинаково, заканчиваю вязание, оставляю нить для пришивания, ноги набиваю наполнителем. Вяжу хвост, складываю пополам, привязываю хвостик к телу за оба конца.

Также по схемам связала и остальные животные.

Вязание крючком занимаюсь недавно, первые свои изделия подарила своим родственникам, дети были рады такому подарку и мне тоже было приятно.

Связанные игрушки домашних животных можно использовать как на уроке казахского языка и литературы, так и на уроках истории.

Заключение.

В ходе выполнения проекта, вязание развило усидчивость, мелкую моторику, внимательность, математические способности, внимательность, научилась планировать время, что подтверждает мою гипотезу. Также выбрав модели для вязания домашних животных, узнала глубже историю вязания и традиции казахского народа, являющейся важнейшей составляющей любой культуры.

В результате работы над проектом сделала следующие выводы:

- вязание зародилось еще задолго до нашей эры, но на протяжении всей истории вязания крючком вязаные вещи были очень популярны, в моде, являлись показателем состоятельности и очень высоко ценились;

- чтобы научиться вязать необходимо уметь работать с информацией, запастись терпением, усидчивостью, быть наблюдательным;

- приятно дарить вещи, связанные собственными руками;

- зная алгоритм вязания простых изделий, можно взяться за сложные, как домашние животные.

Из многих ремёсел вязание самое древнее и самое привлекательное, требующее не только терпения, хорошего вкуса, но и умение видеть вокруг себя красоту. И тот, кого увлекло вязанием, ещё не раз займётся этим мастерством.

Литература

1. https://dzen.ru/a/Y8_P-hAlGC0nVKFJ

2. <https://roerich.kz/publication/kazahskoe-narodnoe-tkachestvo.htm>

3. https://vk.com/wall-21242429_794484

ЖАСТАР БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Имандосова Арай, 1 курс, «Мейірбике» жоғары медициналық колледжі» ЖШС

Ғылыми жетекшісі: Борина Аккенже Кенжегалиевна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына назар аударып, оны тарихи-философиялық тұрғыда зерделеуден өткізетін болсақ, онда бүгінге күнге дейінгі кезеңдерінің барлығы қатпар-қатпар қиындықтар мен қайшылықты кезеңдерге толы болғанын байқаймыз. Дегенмен қаншама ауыртпалы заман болса да жасындай жарқырап еліміздің өткен күндерінде көптеген дарынды тұлғалардың болғанын ауыз толтырып айтамыз. Тәуелсіздіктің сындарлы жылдары уақыттың қадірін білуді үйрендік. Өткен кезеңдер мен өмір сүрген парасатты тұлғаларды қадірлеуді үйренудеміз. Рухани құндылықтарымызды електен өткізу бағытында көптеген жұмыстар атқарылғаны баршамызға белгілі. Осы тарихи мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз халқымыздың өнегелі тұлғасы, ақын, данагөй ағартушы, өз халқының патриоты – Ыбырай Алтынсарин шығармаларының маңызы зор.

Мәселе: Қазіргі уақытқа дейін қазақ халқының әсіресе, жастар бойына рухани құндылықтар қалыптастыруда ұлы ұстаздың шығармаларына назар

аударатынымыз рас. Себебі қай уақытта болмасын бала тәрбиесі мен жастар бойына рухани құндылықтар қалыптастыру – күн тәртібінен түспеген үлкен мәселе.

Жұмыс мақсаты: Халықты оқытып, білім беру ісінің әлеуметтік мәнін терең ұғынған және туған халқын қараңғылықтан алып шығу жолына өз жүрегін от қылып жағуға берік бекінген ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының жастар бойында рухани құндылықтар қалыптастырудағы рөлін талдап, зерттеу жүргізу.

Міндеттері:

1. Ұлы ұстаздың ағартушылық, рухани мұрасын жандандыру;
2. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі Ыбырай Алтынсарин шығармаларының құндылықтары;
3. Өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухында тәрбиелеу;
4. Қазіргі заманның белсенділік ұстанымдары мен өзекті мәселелерінің өткеннің озық, гуманистік идеяларында терең тарихи тамыры бар екенін жастарға көрсету маңыздылығы;

Ы.Алтынсарин: «Менің жан сала талаптанатын себебім – қайткенмен де пайдалы адам болсам деуші едім, ал енді осы мақсатқа жетіп келемін деген ой мені барлық жағынан да жұбатқандай» - деп қайсарлықпен жазды [3].

Өзінің оқу-педагогикалық қызметінде Ы.Алтынсарин жастар бойына рухани құндылықтар қалыптастыруға және жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге көп көңіл бөледі. Ол исламнан бас тартпайды, ислам іліміне қарсы емес, бірақ дін ғылым мен техникаға сәйкес болуы және жастардың адамгершілік тәрбиесіне ықпал етуі керек. «...олардың (шәкірттерінің) адамгершілігіне, кейін парақор болып кетпеуі үшін бар күшіммен әсер етуге тырысамын. Мен кейде сабақтан бос уақытта балаларға ресми түрде молда боламын және рухани тарихтан білгенімді айтып, оған басқа пайдалы, оңай түсінікті оқиғаларды қосамын ... » [2].

Ы. Алтынсарин ағартушы-педагог ретінде, мектептің маңызы мен рөліне, сондай-ақ, оқу мен тәрбие үрдісінің мақсаттарын жүзеге асырудағы мұғалімнің әлеуметтік-адамгершілік құндылықтарына үлкен мән берді. Ол «...мектеп – тәрбиенің негізгі қайнар көзі [2] деп есептеді.

Қазіргі уақыттағы міндеттердің бірі – өткеннің мәдени-тарихи мұрасын жаңғырту, оның құрамдас бөліктерінің бірі – жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзінің бай дәстүрлері мен тәжірибесі бар халықтық педагогика құндылықтары болып табылады [1].

Ыбырай Алтынсарин туған халқына жан аямай еңбек етті, ұрпақтарына үлгі өнеге боларлық, тәлім аларлық, рухани нәр боларлық бай мұра қалдырды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұққан ол бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды. Оның мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалай келіп: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол - мектептің жүрегі» - деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ.

Оның қазақ балаларын оқу-тәрбиеге жетелеу жолындағы іс-әрекеті далаға кетпей, қазақ халқы соның нәтижесінде надандық құрсауынан өркениетті қоғамға аяқ басты. Ы.Алтынсарин қажырлы қайраттың, талмай ізденістің, өлшеусіз еңбектің арқасында қазақ сияқты тұтастай бір ұлттың рухани мәдениетін сақтап қалды.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды бойына рухани құндылықтар қалыптастыру. Парасат биігіне ұмтылған халқымыздан ойы көркем, толғауы терең текті тұлғалар өмірге келген. Даналықпен әлемге ақыл-ойдың күндей шуағын таратқан. Сондарына осылайша өшпестей із қалдырған. Демек, біздің көркем де, терең ойлауымыз аталар қанымен дарыған қасиет. Ойлары арқылы адам ішкі жан дүниесін танытады. Ой арқылы сана сезімін аңдатады. Асыл сөздің қарапайым сөзден айырмасын есті құлақ, алғыр ой ғана тани алады. Қашанда ұлттық ойдың басында – ұлттық әдебиет тұрады.

Ыбырай Алтынсарин жинақтаған, өзі шығармашылықпен қалыптастырған өлең, жыр, дастандары адамды адамгершілікке шақырып, мейірімді, адал болуға, білім алып оқуға шақырады. Міне ақынның замандастарын осы руханилыққа баулу қасиеттері мен талпыныстары ұлттың өзіндік санасын жетілдіруші күшке айналғанын да атап өту керек.

Ұлы жазушымыздың жастарға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, балалардың зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің ұлы ұстазы әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Осы әңгімелерді педагогтар мен ата-аналар балаларды ұқыптылыққа, сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында пайдалануға болады. Ұлы ағартушымыздың қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де, өз маңызын жойған емес.

Ыбырай мұрасы-ел тарихында ойып орын алған, өшпес із қалдырған құнды мұра.

Зерттеу нәтижелері: Бүкіл өмірін халқына білім беру жолындағы ағартушылық қызметіне арнаған Ыбырай бабамыздың санқырлы мұрасын зерделеп, зерттеу, насихаттау үлесі келер ұрпақтың еншісіне тиіп отыр.

Ы. Алтынсарин ағартушылық қоғамдық өмірдің барлық аспектілерінің ілгерілеуінің негізінде жатыр деп біржақты сенді. Бұл ағартылған халықтарға өмірлік игіліктер жасауға, гүлденген қоғам құруға мүмкіндік беретін білім, ал надандық пен білімнің жоқтығы адамды тағдырдың алдында дәрменсіз етеді. Ғылым мен білімді игеруге тырысатын адам ғана өз өмірінде тыныш бола алады. Адамдар үшін қарапайым және түсінікті сөздер. Ы. Алтынсарин зайырлы мектептерде білім алу, шынайы білім алу қажеттілігі туралы идеяны олардың санасына жеткізуге тырысты, оқушылардың басын емес, мектепке

қажетті схоластикалық нонсенс емес, өмірге пайдалы сабақтар берді. Надандық пен діни білім деп аталатын нәрсеге келетін болсақ, олар тоқыраудан, орта ғасырлық артта қалудан және тіпті кері қозғалыстан басқа ештеңе бере алмайды [4].

Қорытынды: Ы.Алтынсарин ғылымға деген қызығушылықты, еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді, халыққа қызмет етуге шақырды, адамгершілік пен әділеттілікке шақырды. Ыбырай Алтынсарин шығармалары, ағартушылық пен патриоттық идеялары жастар бойына рухани құндылықтар қалыптастыру сипатқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. А, 1975.
2. Джумагулов К.Т. Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. Алма-Ата: Казахстан, 1994.
3. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1995.
4. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1984.

РОЛЬ ЭЗОТЕРИКИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Ильдисов Ислам, студент 2 курса, ЧУ «Колледж ЗЕРЕК»

Научный руководитель: Шалапина Оксана Борисовна,
заместитель директора по УР

Тема роли эзотерики в современном мире остается актуальной, поскольку она связана с множеством вопросов, которые интересуют людей в нашем обществе. Вот несколько причин, почему эта тема остается актуальной:

1. Поиски смысла и духовного развития: Времена быстрого темпа жизни, различные стрессы и современные вызовы часто приводят к поиску смысла, благополучия и духовного развития. Эзотерика предлагает инструменты и практики, которые помогают людям найти внутреннюю гармонию и стабильность.

2. Популярность духовных практик: За последние десятилетия интерес к духовным практикам и альтернативным методам лечения (таким как рейки, медитация, тарология и другие) значительно возрос. Люди ищут альтернативы традиционной медицине и обратившись к эзотерическим методам, они находят в них эффективность источника помощи.

3. Развитие научного понимания эзотерических практик: В настоящее время существуют исследования, которые подтверждают определенные практики и идеи, связанные с эзотерикой. Например, медитация и ее положительные эффекты на здоровье и благополучие стали предметом внимания многих научных исследований.

4. Психологический аспект: Многие практики эзотерики могут быть полезны для психологического благополучия. Например, медитация и

визуализация могут помочь людям справиться со стрессом, тревогой и депрессией.

5. Исследование истории и культурного наследия: Эзотерика имеет свою собственную историю и культурное наследие, которые продолжают вызывать интерес у исследователей и ученых. Изучение этих аспектов может пролить свет на прошлые верования и практики, открывая новые мировидения и перспективы.

Несмотря на то, что существуют определенные критики в отношении эзотерики, она по-прежнему привлекает людей и остается актуальной темой для дискуссий и исследований. Более того, эзотерические практики и идеи могут продолжать развиваться и адаптироваться к изменяющимся условиям современного мира.

Цель: Изучить какое место занимает эзотерика в 21 веке.

Задачи:

- Изучить понятие эзотерики.
- Провести анализ знания людей, касаемо эзотерики.
- Опросить человека, имеющего опыт в работе с эзотерикой.
- Проанализировать астрологию, как одну из сфер эзотерики.

Гипотеза: я считаю, что в мире новых технологий и науки, в мире, где все основывается на фактах эзотерика играет небольшую роль в жизни современного человека.

В современном мире человек сам управляет своей судьбой, своим временем и сам принимает решения. До определенного времени люди не затрагивали тему эзотерики, как инструмент для принятия важных решений и проблем. Но в последнее время процент не скептически настроенных людей значительно растет, люди начали чаще обращаться к нумерологам, тарологам, гадалкам и прочим практикам для решения проблемы или приобретения новой информации.

Что такое эзотерика? Научным языком, эзотерикой называют различные учения, подразумевающие веру в нечто сверхъестественное и потустороннее.

В эзотерике находится несколько обширных понятий и областей, такие как магия, алхимия, астрология, теософия, йога и многое другое.

Для того, чтобы понять, что люди знают об эзотерике, был проведен опрос среди 310 человек. Первым вопросом было: «Что такое эзотерика?», 84% опрошенных ответили, что это совокупность знания, которая изучает скрытые или загадочные аспекты реальности. Стало известно, что люди понимают, о чем идет речь, когда слышат слово эзотерика. Остальные 16% ответили, что не знакомы с этим термином. Второй вопрос был «Как вы думаете, способна ли эзотерика решить какие-либо проблемы?» исходя из опроса, 3 из 10 человек считают, что эзотерика способна решать проблемы разного характера.

И последним вопросом был «Связывались ли вы когда-нибудь с эзотерикой для решения своих проблем?». На этот вопрос всего 29% людей ответили положительно.

По итогу и анализу опроса, были выявлены более 64% студентов, которые дали положительный ответ на все 3 вопроса.

Исходя из опроса, можно сделать небольшой вывод, что люди понимают, что такое эзотерика и, возможно, встречали ее в жизни.

Следующей задачей было побеседовать с некоторыми практиками и тарологами и узнать у них ответы на следующие вопросы:

«Как много людей обращается к вам за помощью?»

«Встречали ли вы полностью обнадуженных людей в своей сфере?»

«Из ваших клиентов больше представителей женского пола или мужского?».

Проделав работу и опросив 16 практиков и эзотериков, и исходя из их ответов можно сделать вывод, что среднее количество клиентов за месяц только у одного эзотерика около 36 человек.

На второй вопрос все ответили отрицательно, что никто не встречал полностью обнадуженных людей, то есть, современный человек в период полного отчаяния больше настроен на самоконтроль ситуации и веры в себя, чем по сравнению веры в сверхъестественное.

На 3 вопрос все опрошенные люди ответили, что это девушки, следовательно, девушки испытывают больший интерес к данной сфере.

Эзотерика играет важную роль в жизни современного человека, особенно в контексте духовного и личностного развития. Некоторые из ролей, которые эзотерика выполняет, включают следующее:

1. Духовное руководство: Эзотерическая практика может помочь людям осознать свой внутренний потенциал и найти свою жизненную цель. Многие эзотерические системы предлагают методы медитации, визуализации и другие инструменты для развития духовности и самопознания.

2. Исследование сознания: Эзотерические учения и практики также предлагают альтернативные подходы к пониманию природы сознания и его связи с внешним миром. Это может включать техники работы с энергией, ауру или чакрами, а также изучение мистических символов и архетипов.

3. Здоровье и благополучие: Многие эзотерические практики связаны с физическим и эмоциональным здоровьем. Например, йога и тайцзи помогают улучшить физическую форму и уравновесить энергетику организма. В то же время, практики как рефлексологии и рейки направлены на излечение эмоциональных и физических дисбалансов.

4. Подключение к природе и миру: Эзотерические учения акцентируют важность гармоничной связи с природой и миром в целом. Они популяризируют знания о экологическом сознании и уважении к окружающей среде, а также об искусстве жизни в гармонии с природными ритмами и циклами.

5. Личностное рост и смысл жизни: Эзотерика позволяет людям задуматься о больших вопросах смысла жизни и реализовать свой потенциал. Многие эзотерические учения поддерживают идею, что каждый человек является частью более высокого сознания или духовной реальности, и что мы можем улучшиться и стать лучшими версиями самих себя.

Эзотерика может быть источником вдохновения, помощью в самоисцелении и инструментом для личностного и духовного развития. Однако

исследование показало, что люди в современном обществе используют эзотерические знания больше как самоуспокоение, а в основном рассчитывают на свои силы и возможности. А значит гипотеза подтвердилась частично.

Список литературы

1. Адлер А. Наука о характерах: понять природу человека / А. Адлер. М.: Академический Проект, 2011. - 253 с.
2. Андреев Д. Роза Мира / Д. Андреев. М.: Мир Урании, 2008. - 608 с.
3. Бадж У. Магия Древнего Египта. Тайны Книги мертвых / У. Бадж. М.: Центрполиграф, 2004. - 207 с.
4. Балагушкин Е.Г. Аналитическая теория мистики и мистицизма / Е.Г. Балагушкин // Мистицизм: Теория и история / Отв. ред. Е.Г. Балагушкин, А.Р. Фокин. М.: ИФ РАН, 2008. - С. 14-71.
5. Балагушкин Е.Г. Предисловие / Е.Г. Балагушкин // Мистицизм: Теория и история / Отв. ред. Е.Г. Балагушкин, А.Р. Фокин. М.: ИФ РАН, 2008. - С. 313.

ПСИХИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕТЕЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Искандарова Рената студент 3 курса, Алматинский Государственный
Гуманитарно-педагогический колледж №2

Научный руководитель: Абдиева Газиза Ильясовна, м. п. н., преподаватель
спец.дисциплин

Современный мир стремительно меняется, и эти изменения влекут за собой новые требования к психическому развитию детей. В связи с этим, изучение закономерностей психического развития детей начальной школы в современных условиях приобретает особую актуальность.

Актуальность исследования обуславливается тем, что младший школьный возраст – это важный этап в жизни человека, когда закладываются основы его будущей личности. Понимание психических особенностей детей этого возраста поможет взрослым создать для них оптимальные условия для обучения и развития.

Основной проблемой исследования является изучение психических особенностей детей начальной школы, таких как: развитие познавательных процессов: внимания, памяти, мышления, речи; формирование самосознания, самооценки, мотивации; развитие социальных навыков, умения общаться со сверстниками; становление эмоционально-волевой сферы.

Решение этой проблемы позволит повысить эффективность обучения и воспитания детей начальной школы, а также предупредить возможные трудности в их развитии.

Целью нашего исследования является теоретическое обоснование закономерности психического развития детей начальной школы в современных условиях.

Объектом исследования выступает психическое развитие детей начальной школы.

Предмет исследования - закономерности психического развития детей начальной школы в современных условиях.

Для достижения поставленной цели необходимо решить **следующие задачи**:

1. Анализ и обобщение научных исследований психического развития детей младшего школьного возраста.

2. Изучение особенностей познавательной деятельности, эмоционально-волевой сферы, личности детей начальной школы.

3. Выявление влияния различных факторов на психическое развитие детей младшего школьного возраста.

4. Определение влияния информационных технологий на формирование личности детей начальной школы.

Методы научного исследования. Исследование данной темы осуществлялась с помощью следующих методов:

теоретических: системный анализ научной психолого-педагогической литературы; категориальный анализ основных теоретических понятий «младший школьный возраст», «познавательная сфера», «Эмоциональная сфера»; диагностическое исследование и обобщение материалов и результатов констатирующего эксперимента.

Эмпирических методов: наблюдение за детьми в естественных условиях, анкетирование и тестирование детей младшего школьного возраста. Изучение продуктов детской деятельности.

Ведущая идея исследования: психического развития детей младшего школьного возраста связана с учетом особенностей познавательной деятельности, эмоционально-волевой сферы, личности детей современных условиях школьной среды.

Теоретическая значимость данного исследования заключается в том, что

- в ходе теоретического анализа проблемы психического развития детей младшего школьного возраста уточнены понятия «особенности психического развития детей младшего школьного возраста»;

- обосновано влияние окружающей среды на развитие личности ребенка младшего школьного возраста.

Практическая значимость: Результаты исследования могут быть использованы в работе психологов, педагогов, родителей для разработки программ обучения и воспитания детей начальной школы, учитывающих особенности их психического развития в современных информационных условиях.

Результаты исследования - Исследование психических особенностей детей начальной школы выявило, что у младших школьников преобладает произвольное внимание, механическая память, наглядно-образное мышление и активное развитие речи. В личностной сфере формируется самосознание, учебная мотивация становится ведущей, эмоции детей постепенно стабилизируются, и развиваются социальные отношения со сверстниками. Кризис 7 лет проявляется через негативизм и снижение успеваемости, требуя

взрослой помощи и понимания. Психологическая готовность к школе включает интеллектуальную, личностную и эмоционально-волевою готовность. Рекомендации включают создание благоприятного климата, развитие познавательных процессов и самостоятельности, а также внимание к эмоциональному благополучию. В целом, понимание этих особенностей содействует созданию оптимальных условий для обучения и развития детей начальной школы, что является ключевым моментом на данном этапе их жизни.

Выводы: Теория психического развития в условиях информатизации общества определяет значимость информационных технологии. В последние годы появилось большое количество исследований, посвященных изучению психического развития детей в условиях информатизации общества. Эти исследования показали, что информационные технологии могут оказывать как положительное, так и отрицательное влияние на психическое развитие детей.

Научная статья о психических особенностях детей начальной школы представляет собой ценный ресурс для родителей, предоставляя понимание потребностей и развития детей, а также рекомендации по созданию благоприятной обучающей среды. Для педагогов она становится руководством по эффективному обучению и воспитанию, учитывая возрастные особенности. Психологи могут использовать статью в своей работе с детьми и семьями, обогащая свои знания о психических аспектах развития детей начальной школы. В целом, статья представляет собой важный вклад в понимание и поддержку успешного развития детей этого возраста.

Список использованной литературы

1. Выготский, Л.С. Психология развития человека / Л.С. Выготский. – М.: Изд-во Смысл, 2003. – 480 с.
2. Леонтьев, А.Н. Деятельность. Сознание. Личность / А.Н. Леонтьев. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
3. Дьяченко, О.М. Психическое развитие дошкольников в условиях информатизации / О.М. Дьяченко, Т.В. Лаврентьева. – М. : Изд-во Воронеж, 2004. – 240 с.
4. Мухина, В. С. Возрастная психология : феноменология развития, детство, отрочество / В. С. Мухина. – М. : Изд-во Академия, 2000. – 608 с.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ МУЗЫКА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Иният Айдана Әсембекқызы, 3 курс студенті

«Ы.Алтынсарин атындағы Рудный элеуметтік – гуманитарлық колледжі»

Жетекшісі: Турагулова Балжума Темирбековна, арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Ұлы дарынның салған сара жолымен жүріп, өткен күннің озық жетістіктерін бүгінгі күнге пайдалану үшін, шамшырақтың ән өнеріне қосқан үлесін анықтау күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Сол дәуірдің халқының ұлыларды дәріптеуге мүмкіндігі болмағаны даусыз. Ал қазіргі еркін, ой тәуелсіздігі бар заманда неге осы ата-бабамыз жете алмай кеткен асқақ

арманды орындамасқа?! Өз өнері мен туындыларын, тұлғалары мен дарындарын білген жастар – халқының, елі мен жерінің шынайы жанашыры бола отырып, ұлттық ән өнерін дәріптеп, болашақтың алтын көпірін бірге салады. Осылайша өткеніміз бен бүгінгіміз келешекпен үйлесім тауып, нағыз рухани кемелденген ұлтқа айналарымыз сөзсіз!

Мәселе: Қаныш Сәтбаевтың музыка саласына қосқан үлесімен қатар, оның бұл жолға келуіне не әсер еткендігін, түп тамыры қалай қаланғандығын білу, өнер жолының жалғасуы мен қоғамға тигізген әсерін талдау басты мәселелердің бірі. Осы жолда дұрыс бағыт алу арқылы оның музыкамен байланысына көз жеткізіп, ары қарай зерттеп отырған тақырыптың нәтижесіне жетуге мүмкіндік туады.

Жұмыс мақсаты: Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылымға қосқан үлесін, ұлт жолында атқарған қызметін зерттей отырып, ән өнерінде қалдырған мұраларын жас ұрпаққа паш ету.

Міндеттері:

- Қаныш Сәтбаевтың өмір жолы туралы мәліметтер жинақтау;
- Ғылымға қосқан үлесіне талдау жасай отырып, ерекшелігін саралау;
- Ұлт жолында жасаған ізгі амалдарын айқындау;
- Ән өнерінде қалдырған мұраларын зерттеу;
- Адам бойында эстетикалық тәрбиені қалыптастырудағы әннің әсерін дәлелдеу.

Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы) Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Нәрестеге – Ғабдул – Ғани деген есім берілген. Үлкен ұлы Ғабдул – Ғазизді еркелетіп Бөкеш деген сияқты, Ғабдул – Ғаниын да анасы Әлима "Ғаниым, Ғанышым" деп атаған. Бала облыстық мектепке барғанда журналға есімі Қаныш болып жазылып кеткен. Арғын тайпасы Сүйіндік руы Қаржас бөлімінен шыққан [1,3].

1911 жылы ауыл мектебінде бастауыш білім алып, Павлодардың орысша – қазақша училищесіне түседі, ал 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны бітірген соң, ауылында мұғалім және халық соты болып бірнеше жыл қызмет атқарады.

1921 жылы Томск технологиялық институтының геология ғылымдарының профессоры М.А. Усовпен кездесуі өміріне үлкен өзгеріс әкеледі. Қазақстан жер қойнауының байлықтары, жердің құрылысы туралы М.А.Усовпен болған әңгімеден кейін геолог болуды мақсат етеді. Сол жылы Томск технология институтының тау – кен факультетінің геология барлау бөліміне оқуға түседі. Бес жылдан соң оқуды бітіріп, тау – кен инженері – геолог мамандығын алады. Жас маман Жезқазған мыс – кен орнын және Қарсақбай мыс зауытын біріктіретін "Атбастүстімет" тресіне жұмысқа жіберіледі [2,15].

1926 жылы Қ.И.Сәтбаев Атбасар түсті металл серіктестігіне келгеннен бастап, көп жылдар бойы Жезқазған, Қарсақбай, Ұлытау, Торғай, Атбасар, Есіл даласын зерттеді. Сол зерттеудің нәтижесінде Жезөзғанның байлығын анықтап, көптеген кен орындарын ашады. Түсті металл кендері, марганец,

5. Дементьева И.Ф. Трансформация ценностных ориентаций в современной российской семье [Текст]. Вестник РУДН Сер. Социология 2004. – С. 6-7.

МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Раймова Арна, 4-курс студенті

Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Жайлаубаева Индира Жұбатқанқызы

арнайы пәндердің оқытушысы

Зерттелетін мәселенің өзектілігі: Сіз бен біз өмір сүріп жатқан қоғамда мектепке дейінгі балалардың арасында бүгінде сөздік қорының аздығы мен өз ойын толық жеткізе алуда қиналатын немесе сөз бен сөзді байланыстырып күрделі сөйлем құра алмайтын кекеш, анық дыбыстай алмайтын, физиологиялық және психологиялық ауытқулары бар балалардың көбеюі ең алдымен ата-ана мен мұғалімдерді қатты алаңдатады. Сонымен қатар бұдан басқа да мынандай мәселелерді шешу міндеттері тәрбиешіге жүктеліп отыр. Олар:

- балабақшаға бармай бірден үйден келген балалар сөз ішіндегі кейбір дыбыстардың айтылуын, артикуляциясын дұрыс қолдана білмейді.

- қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды айтуда қиналады.
- өз ойын жеткізуде үндемей құтылатын балалардың көбеюі;
- сабаққа қызығушылықтың танытпауы;

Бұл жұмыста мектеп алды даярлық сыныбы оқушыларының сөйлеу тілін қандай әдістермен дамыта аламыз деген сұрақтарға жауап іздеймін.

Зерттеудің мақсаты мектеп алды даярлық сыныбы балаларының сөйлеу тілін оларды оқыту барысында сабақ үрдісінде қызықты әрі мағыналы көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы олардың тұлғалық жеке қасиеттерін дамыту және ауызша сөйлеу қорының молаюына қол жеткізу.

Міндеттері:

- Мектеп алды даярлық сыныбында сабақта жағымды ахуал орнату әрі балалармен жақсы қарым-қатынас жасай білу;
- баланың жас ерекшеліктері мен тұлғалық дамуын ескере отырып дидактикалық ойын түрлерін нақты анықтау;
- көрнекілік принципіне сүйеніп дидактикалық ойындарды әр жеке сабақта түрлендіру;
- көрнекіліктердің қандай түрі болмасын оның эстетикалық тұрғыдан жасалуына мән беру;
- Көрнекілікті қолданудың маңызды шарттарын әрі мазмұнын жетік білу;
- Зерттеу жұмысында толыққанды ғылымилыққа негізделген диагностика жасау арқылы мақсатқа жету

Мектеп алды даярлық сыныбы балаларының байқау, көру қабілеттерінің физиологиясы өте күрделі. Олар айналадағы ортаны, дүниені, құбылыстарды көбіне көру сезім мүшесі арқылы көріп, танып кейін түсініп қабылдайды. Көзбен көру арқылы кітаптағы дайын ақпаратты есте жақсы сақтайды десек те алайда түрлі түсті ерекше әсер қалдыратын көрнекіліктерсіз бұл процесс баяу жүруі мүмкін. Сондықтан да мұғалім баланың тақырыпты дер кезінде дұрыс түсінуін мақсат етсе онда сабағын жоспарлауда көрнекілік принципін негізге алған жөн. Сонымен қатар баланың сөздік қорын молайтып қана қоймай әр сөздің мағынасын дұрыс түсініп, тиісті дәрежеде қолдана білуге үйретудің маңызы зор.

Психикалық процестерді дамыту (әсіресе ойлау, қиял және сөйлеу) көбінесе ойын деңгейіне байланысты. Ойын барысында баланың болашақта кездесетін функциясы пайда болады. Ойында өз іс-әрекеттерін жоспарлауға және оның серіктестерінің іс-әрекетін реттеуге үйренеді. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз-ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Білім беру үрдісінде ойын түрлері өте көп. Ең таңдаулысы да пайдалысы да дидактикалық ойындар. [4,120]

“Ойын” ұғымына түсініктеме берсек – бұл адамның мінез – құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс - әрекеттің бір түрі. Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынандай қызметтерді атқарады:

- ойын – сауық;
- коммуникативтік немесе қарым – қатынастық;
- диагностикалық (ойын барасында өзін - өзі тану);
- коррекциялық (өзін - өзі түзету);
- әлеуметтендіру

Ойын – балалар үшін еңбек те, оқу да. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.[2,15]

Зерттеудің болжамы егер балаларды мектепке оқуға дайындау барысында олардың сөйлеу тілін дамытуды көздейтін көрнекілік әдістері арқылы жүргізілетін дидактикалық ойындарды жүйелі бағыттап ұйымдастырса, төмендегідей жетістіктерге жетуге болады:

- Балалардың сөздік қоры арта түседі;
- Өз бетімен ауызша мәдениетті сөйлеуге талпынады;
- Логикалық ойлауы мен ақыл-ой белсенділігі артады;
- Өз ойын толық жеткізе алады;
- Суретті әңгімелеуде сөйлемді дұрыс құруға дағдыланады;
- Оқуға қызығушылығы оянады;

Зерттеу әдістері: баяндау, жинақтау, талдау, қорытынды шығару. Зерттеу жұмысының құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және қолданылған әдебиеттерден тұрады.

Зерттеу нәтижелері: Мамандығым тәрбиеші мұғалім болғандықтан бүгінде «Дипломалды іс-тәжірбиені» қаламыздағы №14 Д.Карбышев атындағы мектепте мектеп алды даярлық сыныбында өтіп жатырмын. Практика барысында аталмыш зерттеу жұмысының практикалық бөлімін іске асырудамын. Сабақтарда міндетті түрде өз қолымнан жасаған көрнекіліктерді пайдалану арқылы балалардың қызығушылығын оятамын әрі ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіре түсемін. Диагностикалық жұмыс барысында тақырыпты меңгертуде балалардың дидактикалық ойындар мен әрі ешқандай көрнекіліксіз тек оқу кітаптары мен жұмыс дәптерлерімен жұмыс жасауында олардың белсенділіктері төмен әрі сабаққа енжар қатысты. Кітапта берілген суреттерді әңгімелеу, өз ойын дұрыс әрі толық жеткізуде қиналды.

Ал керісінше сабақ және оның әр кезеңінде көрнекілік принципімен жанашыл оқыту әдістерін қолданғанда балалардың көзі жайнап, ерекше қуанып, білімге деген құштарлығын артып, ынталанып, танымды қабілеттері оянды.

Бұдан шығатын қорытынды көрнекілік әдісі арқылы жүргізілген дидактикалық ойындар баланың сөздік ұғымын кеңейтіп, оқуды түсінікті, қызықты, нақты етеді. Ойы мен бақылампаздығын дамытады.

Қорыта келе, мектепке дейінгілермен жұмыс жасауда оның түсінігі артып сөздік қорының белсенді дамуына апаратын бірден-бір дұрыс бағытталған жол ойын болып табылады. Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

- олар ойланады;

- эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілетімен дарыны ұшталады;
- ұжымдық сезімі қалыптасады;
- ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдереді.

Практикалық бөлімде ұсынылып отырған ойын-жаттығулар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін, ұсақ моторикасын дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, достық сезімге тәрбиелеуге үйретеді.

Әдебиет

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2002
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. -Алматы: Дарын, 2004
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика.- Алматы: Дарын, 2004
4. Педагогика. Оқулық/ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы- Алматы: Print-S, 2005
5. С.Ф. Бәтібаева, Ф.Н. Жұмабекова / Мектепке дейінгі педагогика тарихы: Оқулық. – Алматы: «Ақнұр» баспасы», 2017.-312 бет.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫ ТҮРЛЕНДІРУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Саматқызы Аяла, IV курс,

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Кусманова Назерке Ерболовна, шетел тілі және арнайы пәндер оқытушысы

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Педагогтердің I съезінде жасаған «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасында мектеп білімі саласында жалпыұлттық мақсаттарды бекіту қажеттілігін атап көрсеткен.

Ол мақсаттар:

- оқушылардың базалық білімінің жалпы деңгейін арттыру;
- дағдыларды (нақтылар болсақ, алған білімді, шығармашылық және сыни ойлауды, сұрақ қоя білу қабілетін және қолда бар деректерді талдауды іс жүзінде қолдану) және функционалдық сауаттылықты дамыту;
- Қазақстанның дүниежүзімен диалог орнатуы, бұл қазақ тілін білу, сонымен қатар орыс және шет тілдерінде еркін сөйлеп, халықаралық тәжірибені үйреніп, ғылыми, технологиялық және білім беретін ресурстарға қол жеткізе алуы арқылы жүзеге асады.

Белгіленген жалпыұлттық мақсаттарға жету үшін, қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігі артып отыр. Г.Бокльдің «Шынайы білім фактілерді білуден емес, оларды дұрыс қолдана білуден құралады» деген ойы бүгінгі Қазақстан үшін өзекті болып отыр.

Функционалды сауаттылықты дамыту ең алдымен пәндік білімді, ұғымдарды, жетекші идеяларды дамытуға негізделеді. Оқушылардың мектепте

алған білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын адам қызметінің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қарым-қатынаста кең ауқымды өмірлік мәселелерді шешу үшін пайдалана білу қабілетін бағалау қажеттілігі бар екені сөзсіз [1].

Қазіргі тез өзгеріп жатқан әлемде өмірлік жағдайларға интеграциялана алатын азаматтың көпқырлы тұлғасын дамытудағы білім берудің рөлі басты орында және функционалдық сауаттылықты дамыту қазіргі білім берудің негізгі міндеттерінің біріне айналууда.

Зерттеу жұмысының мәселесіне негіз болған PISA халықаралық бағдарламасы бойынша Қазақстан оқушыларының оқу сауаттылығы көрсеткішінің төмендігі болып отыр. Әлем елдері арасындағы он бес жастағы оқушыларының функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың ең ықпалды жобасы болып саналатын бағдарлама 2000 жылдардан бері үш жылда бір ұйымдастырылып келеді. Қазақстан оқушыларының PISA нәтижелері өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен, ал 2012 жылға және 2015 жылға қарағанда 2018 жылы қатты құлдырап кеткені байқалады [2].

Бұл Қазақстан оқу саласының жаңартуды талап ететіндігінің дәлелі болды. 2017 жылдан бастап Қазақстан Республикасы білім беру саласында жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жұмыстары қолға алына бастаған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқу мақсаттарын толық жүзеге асыру үшін оқушылардың коммуникативтік дағдылары мен функционалды сауаттылықтарын дамытуға баса назар аударуды көздейді. Бағдарлама күшіне енген уақыттан бастап еліміздің мектептерінде сабақ барысында оқушылардың оқушылардың сөйлеу, тыңдап- түсіну, оқылым және жазылым дағдыларын тиімді дамыту үшін критериалды бағалау, оқытудың белсенді әдістерін, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы және т.б. жұмыс түрлері жүйелі пайдаланылады.

Дегенмен, 80-ге жуық мемлекеттің ішінен оқу сауаттылығы бойынша 2018 жылы Қазақстан оқушылары 69-шы орында болса, 2023 жылы 61-ші орынды иеленіп отыр. Бұл көрсеткіштің себебін мәтінмен жұмыс барысында тек оқи алу (әріп тану), білу және түсіну деңгейіндегі тапсырмалармен шектелу деп түсіндіруге болады. Ал оқу сауаттылығын тексеруге арналған PISA тапсырмалары:

мәтін мазмұны бойынша жалпы бағыттылық және оның тұтас мағынасын түсіну (20%); ақпаратты анықтау (20%); мәтінді түсіндіру (тапсырмалардың 30%); мәтін мазмұны бойынша рефлексия (15%); мәтін формасы бойынша рефлексия (15%) тапсырмаларынан тұрады [3].

Яғни, бұл мәселенің алдын алу үшін сабақта Блум таксономиясы бойынша ойлаудың жоғарғы деңгейлерін назардан тыс қалтырмай, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру барысында ескеру қажет.

Жұмыстың мақсаты: оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін көтеруге бағытталған мәтінмен жұмыс түрлерін құрастыру.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Шетел және отандық авторлардың еңбектерінде функционалды сауаттылықтың зерттелу деңгейін анықтау;

- Функционалды сауаттылықтың бүгінгі Қазақстан үшін маңыздылығын айқындау;
- Отандық ағылшын тілі оқулықтарындағы мәтінмен жұмысқа арналған тапсырмаларды талдау;
- 7 сынып ағылшын тілі сабағында функционалды сауаттылықты қалыптастыруға арналған мәтінмен жұмыс тапсырмаларын әзірлеу.

Зерттеу нысаны: сабақта функционалды сауаттылықты дамыту процесі.

Зерттеу пәні: оқушылардың функционалды сауаттылығы.

Зерттеу гипотезасы: Егер мәтінмен жұмыс барысында ойлау деңгейінің жоғары сатыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі әзірленсе, оқушылардың функционалды сауаттылықтарын дамыту мүмкіндігі артады.

XIX ғасырдың ұлы педагогы К.Д.Ушинский: «Адамды өмір бойы үйретуге болмайды, оны өмір бойы оқуға үйрету керек», - дейді. Себебі білім - өмірде өз қажетін таба алатын білік пен дағды. Одан «не нәрсеге үйренсек те, оның барлығы да өмірмен тығыз байланыста болғаны абзал» деген ой түйіндейміз. Бұның өзі қазіргі заманғы өмір бойы білім алу тұжырымымен үндеседі. Оған жетудің бірден бір жолы – функционалды сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Ал функционалды сауаттылық кез келген тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, білімін үнемі жетілдіріп отыруын білдіреді.

Функционалды сауаттылық проблемасына зерттеушілер әр қырынан келгені белгілі. Атап айтсақ, білім беру философиясы тұрғысынан күзиреттілік тұрғысынан А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев қарастырған. Функционалды сауаттылықтың теориялық және практикалық жағынан зерттелуі көптеген ғылыми еңбектерге арқау болған. Нақты тоқталатын болсақ, Т.И. Акатов тілдік функционалды сауаттылықты тілдік мәдениетпен байланыста қарастырса, Л.М.Перминова, О.Е.Лебедев оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру технологиясын зерттеген.

Сондай-ақ, Н.Оразахынова, Г.М.Кенжебаева, А.К.Рауандина сынды отандық ғалымдарда қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру маңыздылығын анықтап, оны дамытудың тиімді жолдарын ұсынған. Зерттеу жұмысы барысында тапсырмалар құрастырмас бұрын Отандық ағылшын тілі оқулықтарындағы мәтінмен жұмысқа арналған тапсырмалар қарастырылды. Оқулықтарда дәстүрлі сұрақ-жауап, true or false, fill in gaps, сәйкестендіру тапсырмалары жиі кездеседі.

Зерттеу нәтижесі ретінде 7 сынып оқулығы бойынша оқушылардың функционалды сауаттылық деңгейін көтеруге негіз бола алатын мәтінмен жұмыс тапсырмалар жинағы құрастырылды. Жинақ мәтінді оқуға дейінгі, мәтін оқу барысында және мәтінді оқудан кейінгі тапсырмаларды қамтиды. Әр бөлімнің оқылым дағдысын дамытуға арналған мәтініне түрлі деңгейде тапсырма ұсынылды. Бірнеше таңдауы бар тапсырмалар, «Ақпаратты қосу» тапсырмалары, «Ақпаратты тасымалдау» тапсырмалары, «Деформацияланған мәтінді қалпына келтіру» тапсырмалары және т.б. Мұғалім дайын тапсырмаларды оқушылардың жылдам шешім қабылдау, шығармашылық және

сыни ойлау, ақпаратты іріктеу, өңдеу, жағдаятты мәселелерді шешу, негізгі идеяны анықтау және т.б. қосымша сауаттылықтарын дамытуға таңдап, пайдалана алады.

Әлемдегі дамыған елдермен қатар жүріп, заман талабына сай білім беру үшін Қазақстан оқушыларының бойында оқу (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) дағдысымен қатар, ойлау (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау), шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, сыни ойлау, алгоритмдік ойлау, проблемалық ойлау, технологиялық ойлау, тілдік құзіреттілік, коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы тұлғаның функционалды сауаттылығын арттыру қажеттілігі бар. Оқушының тілдік білімі қалыптасып, оқу сауаттылығы даму үшін оның таным белсенділігін арттырып, дайын ақпаратты қабыладаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы тұлғаға айналдыру үшін сабақ барысында мәтінмен жұмысты түрлендіріп, ойлаудың жоғарғы деңгейін дамытатын тапсырмаларды пайдалану қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудағы мәтін сұрақтарын шешудің тиімді жолдары. Сытышев Е. 2017 жыл
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
3. <http://pedagog-help.ucoz.ru/publ/3-1-0-338>

ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИИ ДОСТИЖЕНИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ СРЕДНЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Сейдахметова Газиза Женисовна, студентка 4 курса

ЧУ «Колледж предпринимательства КИИЭУ»

Научный руководитель: Муратов Бекнур Абсатович, преподаватель специальных дисциплин

Актуальность темы определяется совершенствованием системы образования, острой социальной необходимостью создания единой системы, целью которой является развитие у молодого поколения способности к самостоятельному приобретению знаний, устойчивости жизненной позиции, управление. мотивация достижения. успехов, но и проблема успешности учебно-познавательной деятельности учащихся, поскольку учебная мотивация низкая. Практика показывает, что люди, потерпевшие неудачу и мотивированные на избегание неудач, не находят или мало находят самостоятельно поле деятельности, где они могут реализовать свой потенциал.

Цель исследования: изучение особенностей мотивации достижения студентов и выявление возможностей ее повышения на основе реализации развивающей программы

Объект исследования: мотивация достижения.

Предмет исследования: особенности мотивации достижений студентов и ее развитие в условиях учреждения среднего профессионального образования.

Гипотезы исследования:

– существуют различия в мотивации достижения у студентов в зависимости от пола: уровень мотивации достижения у девушек в данном возрасте выше, чем у юношей.

– развитие мотивация достижения успеха можно осуществлять при реализации специально разработанной развивающей программы в условиях образовательного учреждения.

Задачи исследования:

1. Провести теоретический анализ исследований мотивации достижения в психологической науке.

2. Изучить особенности мотивации достижения у юношей и девушек, обучающихся в колледже.

3. Разработать и апробировать программу развития мотивации достижения у обучающихся среднего профессионального образования.

4. Проанализировать эффективность программы по формированию мотивации достижения успеха.

Методы исследования:

1. Обзорно-аналитический метод, позволяющий изучить и проанализировать исследования по данной проблеме в психологической науке.

2. Психодиагностический метод, с помощью которого происходит описание и анализ данных, необходимых для проведения исследования.

3. Эксперимент (констатирующий, формирующий) – направлен на изучение проблемы, реализация комплексной психолого-педагогической программы и проверку эффективности.

4. Методы выборочного среднего значения статистического анализа экспериментальных данных.

Успех среднего профессионального образования зависит от мотивации студентов. Профессиональная мотивация выступает движущим фактором профессионального развития и личностного развития обучающихся в образовательных центрах и может достичь лишь профессиональной подготовки и культуры личности при определении высокого уровня динамичного развития.

В своей статье М.В. Максимова утверждает, что период обучения в университете подобен второму периоду юности или первому периоду взрослой жизни, характеризующемуся сложностью структуры личностных характеристик. Психология знает, что ядром, стержнем человека является направление, то есть совокупность реальных импульсов, направляющих действия человека. Черты личности подростка характеризуются ценностями, интересами, отношениями, установками и мотивациями [1].

Афанасенкова пришла к выводу, что профессиональное и личностное развитие студентов, академические успехи, опыт и социализация после окончания учебы зависят от уровня мотивации студентов к профессиональной деятельности, которая организует их образование, профессию и труд [2].

Важный аспект – это структура организации, которая одновременно является и образовательным процессом. При этом эффективность мотивации выше, когда она ориентирована на процесс, а не на «результаты» работы. В то

же время на разных уровнях существуют разные пути в зависимости от характера образовательных методов и силы педагогического менеджмента [3].

Изучая особенности мотивации достижения успеха в теоретическом аспекте у юношей, можно сделать следующие выводы:

1. Эмоции играют важную роль в формировании мотивации молодых людей к успеху.
2. Молодые люди должны иметь право выбора своей карьеры. Это потому, что это дает вам больше времени, чтобы больше думать о том, что вы делаете.
3. Деятельность должна мотивировать студентов развивать мотивацию к успеху.
4. Позитивный настрой и готовность к сотрудничеству снижает страх неудачи и мотивирует молодых людей работать.

Экспериментальная работа проводилась на базе технического и профессионального образования в октябрь - декабрь 2023г. в ЧУ «Колледж предпринимательства КИНЭУ» г. Костанай. В исследование приняли участие 45 студентов с 15 до 17 лет. Для изучения текущего состояния проблемы учета гендерных особенностей в мотивации студентов, нами было проведено психолого-педагогическое исследование по изучению половых особенностей проявления мотивации достижения успеха студентов, таким образом, из 45 испытуемых мужского пола 24, женского пола 21.

Для исследования мотивации достижения успеха была использована методика А. Мехрабиана «Тест мотивации достижения» в модификации М.Ш. Магомед-Эминова

По констатирующему этапу эксперимента можно сделать вывод:

- Потребность в достижении успеха у студентов находится на ниже среднего уровня.

- Для значительной части студентов характерны преобладание мотивации к избеганию неудач, страх перед возможной неудачей, избегание соревновательных ситуаций.

- Уровень мотивации достижения у девушек в данном возрасте выше, чем у юношей.

- Результаты дают основание о необходимости реализации программы, направленной на развитие мотивации достижения успеха.

После формирующего этапа мы пришли к выводу:

1. Результаты диагностики преобладающего типа мотивации достижения по методике А. Мехрабиана у юношей и девушек на контрольном этапе, показало, что, уровень мотивации достижения у девушек в данном возрасте выше, чем у юношей.

2. У большинства студентов по сравнению с результатами констатирующего эксперимента начала доминировать мотивация к достижению успеха, имеется желание проверить свои силы в соревновательных ситуациях, достичь больших результатов.

3. Эмоциональная поддержка, оказываемая членами команды друг другу в процессе выполнения упражнений, способствовала снижению страха перед

возможной неудачей, многие студенты перестали избегать соревновательных ситуаций.

4. Проведенная программа по формированию мотивации достижения успеха не является единственным способом работы и необходимо комплексное воздействие на развитие мотивации достижения не только психолога, но и преподавателей и родителей, однако она может быть с успехом использована в рамках деятельности практических психологов.

Список литературы

1. Афанасенкова Е.Л. Мотивы учения и их изменение в процессе обучения студентов ВУЗа: автореф. дис. на соиск. учен. степ. к.псих.н. (спец. 19.00.07). М., 2015.

2. Магомед-Эминов М. Ш. Мотивация достижения: структура и механизмы: автореф. дис. ... канд. психол. наук / Мадруддин Шамсуддинович Магомед-Эминов. – Москва, 1987. – 23 с.

3. Максимова М.В. Формирование учебной мотивации у студентов средних профессиональных учебных заведений// Сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции «Наука, образование, бизнес: проблемы, перспективы, интеграция» Часть III. М.: АР-Консалт, 2018, 2 стр.

4. Максимова М.В. Формирование учебно-профессиональной мотивации у студентов колледжа// Журнал «Профессиональное образование и общество». М.: № 4, 2019, 12 стр.

5. Орлов Ю.М. Потребностно-мотивационные факторы эффективности учебной деятельности студентов ВУЗа. М.: Академия. 2014. 195 с.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Сартаева Аксымбат, 4 курс, «Қостанай жоғары педагогикалық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
Ғылыми жетекшісі: Кенжегарина Алмагуль Альмухановна
жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы

Өзектілігі: ХХ ғасырдың соңында шет тілдерінен алынған терминдердің үлкен көшкіні біздің өмірімізге ене бастады, бұл тілге, демек мәдениетке қауіп төндіреді. Сондықтан фольклордың шағын формалары арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеуін дамыту бүгінгі таңда ерекше маңызға ие. Халық бала өмірінің әр кезеңін, оның дамуының барлық жақтарын поэтикалық сөзбен мұқият сүйемелдеді. Бұл баланың отбасында тәрбиеленетін дәстүрлі ережелер мен қағидалардың тұтас жүйесі. Бұл жүйенің өзегі ғасырдан ғасырға, отбасынан отбасына берілетін ауызша халық сөзі болды және солай болып қала береді. Мұғалімдер балалармен сөйлеуді дамыту сабақтарында жұмбақтар, мақал-мәтелдер қолданады. Сондықтан мұғалімдер фольклордың шағын формалары арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың тәрбиелік мәнін дамыту әдістемесін жасау қажеттілігіне ие. Бұл процесс арнайы

ұйымдастырылған сабақтарда ғана емес, мектептің күнделікті өмірінде де болуы керек. Бұл мәселені шешу үшін мектептегі білім беру мұғалімдерінің қызығушылық танытуы және балалар осы процестің белсенді субъектілері болуы маңызды.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының тәрбиелік дамуындағы мақал-мәтелдердің ықтимал мүмкіндіктері мен мектепке дейінгі білім беру мұғалімдерінің мақал-мәтел арқылы балалардың тәрбиесін дамыту әдістемелерімен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі арасында қайшылық бар.

Мәселе: Психологтар мен әдіскерлер баланың ана тілін, ең алдымен, басқалардың сөйлеу тіліне еліктейтінін айтады. Бала уақытының көп бөлігін тірі ортаға қарағанда компьютерде өткізеді. Нәтижесінде алты-жеті жастағы балаларды айтпағанда, жас кезінде халық шығармашылығы (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, бесік жырлар) іс жүзінде қолданылмайды.

Жұмыстың мақсаты: мақал-мәтелдерді оқыту арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың тәрбиелік мәнін дамытудың оңтайлы жағдайларын анықтау.

Міндеттерің тұжырымдауға мүмкіндік береді:

- Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекеті процесінің мәні мен мазмұнын ашу;
- Мақал - мәтелдердің ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі теориялық негізін анықтау;
- Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиелік мәнінің ерекшеліктерін анықтау;
- Оқушылардың даму деңгейін педагогикалық және психологиялық жағынан сипаттау.

Мақал-мәтелдер-ауызша халық шығармашылығының кең таралған және өте маңызды жанры.

Ғасырлар бойы мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа ұжымдық ақыл мұрасы ретінде беріліп келді. Бұл ойлар халықтың жан-жақты өмірін оның тынымсыз күресімен, қайғы-қасіретімен және қуанышымен бейнелейді. А. М. Горький «мақал-мәтелдер қысқа болғанымен, ондағы нақыл сөздер бір кітапқа жүк болатындай» деп жазды. Мәтелдер мақалдармен бірге өмір сүреді. Мәтел-бұл адамдар арасында кең таралған, тақырыпты және құбылысты олардың сипаттамалық белгілері бойынша бейнелі түрде анықтайтын қысқаша сөз. Мәтел белгілі бір күнделікті жағдайға қатысты, факт, сөзге қолданылады, ойды растайды, сөйлеуді бояйды, ауызша сөйлеуге жандандырады. Мәтел, әдетте, мақалдан қысқа, ол қорытынды жасамайды, бірақ оны білдіреді. Ауызекі сөйлеу кезінде жиі мақал-мәтелдерге айналады. Мақал-мәтелдер әдетте халықтың әлеуметтік-тарихи тәжірибесін жинақтайтын және ауызекі сөйлеуге енетін қысқа тұрақты халық сөздері деп аталады. Мақал-мәтелдердің пайда болуы халықтың тарихымен, оның тілімен, құқығымен, күнделікті өмір салтымен тығыз байланысты. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, адамдар бастан кешкен дәуірлерді сипаттайды. Ежелгі уақытта мақал-мәтелдер нақыл сөздер деп аталды. Халық ауыз әдебиетінің әртүрлі шығармаларынан шыққан мақал-мәтелдер бар: әндер, ертегілер, эпостар, жұмбақтар. Мақал-мәтелдердің

мағынасын берудің негізгі тетігі бастауыш мектеп жасындағы балаларға қол жетімді болуы үшін, мазмұны бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарларын дәлелді түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайлар жасау керек, өйткені мақал-мәтелдер белгілі бір адамдардың тәжірибесін жеткізе алады. Бұл бірліктердің сөзсіз құндылығы-мақал - мәтелдер дауласпайды, дәлелдемейді-олар жай растайды немесе жоққа шығарады.

Зерттеу нәтижелері: Аталған жоба әртүрлі ақпарат көздерінең алынды және де, кіші жастағы оқушылардың көп уақытын әртүрлі шығармаларда , мақал мәтел мен ана тілін терең үйренуге мүмкіндік тудыру қажет екендігін көрсетеді. Оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін алға тарту мақсатында жұмыс жасалды.

Қорытындысы: Мақал-мәтелдерді педагогикалық тұрғыдан ойластырылған пайдалану оқу-тәрбие процесін жандандырады және байытады, оқушылар алдында қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін айқын көрсетеді, білім алушыларда ерекше сөз тіркестеріне назар мен қызығушылықты тәрбиелейді, үлкен лингво-өлкетану мәніне ие (білім алушыларды тұрмыспен, мәдениетпен және дәстүрлермен таныстырады), білім алушылардың логикалық ойлауын дамытады және олардың моральдық-адамгершілік тәрбиесіне қызмет етеді. Әдеби оқу сабақтарында арнайы жасалған жаттығулар мен тапсырмаларда мақал-мәтелдерді қолдану оқушылардың ойлау және сөйлеу белсенділігін ынталандырады және белсендіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Алексеевская А. Т. мақала: бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылықтарын қалыптастыру. - М., 2016. 18 б.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
3. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеуін дамытудағы мақал-мәтелдердің рөлі / / қол жеткізу режимі: <https://infourok.ru/statyapol-poslovic-i-pogovorok-v-razvitii-rechi-detey-mladshego-shkolnogo-vozrasta-1772550.html> (өтініш берген күні 2019 жылғы 12 желтоқсан)
4. Курбатова Г. мақал бекер айтылмайды ("бастауыш мектеп" журналы N3/2017)
5. Мамышева, З.З. көп мәдениетті білім беру ортасында бастауыш сынып оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастырудағы мақал-мәтелдердің тәрбиелік әлеуеті / З. з. Мамышева, З. У. Блягоз // электронды басылым. Адыгея мемлекеттік университетінің хабаршысы. 3 Серия: Педагогика және психология". 2013. Қатынау режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/14503409> (өтініш берген күні 2019 жылғы 12 желтоқсан)

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Соқабаева Аружан Мәлікқызы, курс 2,
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Білісбекова Динара Білісбеқызы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының оқытушысы

Өзектілігі. Біздің елімізде болып жатқан демократиялық институттардың қалыптасуы мен нарықтық қатынастардың дамуынан туындаған әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер жағдайында шығармашылық, дербес, дәстүрлі емес ойлауға және әрекет етуге қабілетті мамандарды кәсіби даярлау мәселесі маңызды болып табылады.

Мәселе. Тіл пәндерін оқу процесінде оқушылардың ой өрісін дамыту үшін ұлттық және дидактикалық ойынды қолданудың теориялық негіздемесін анықтап дәлелдеу. Оқу үрдісінде ұлттық және дидактикалық ойынды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі бойынша ұсыныстар әзірленіп талқыланды.

Жұмыс мақсаты. Орта буын оқушыларымен оқыту үдерісінде ұлттық және дидактикалық ойындарды қолдану жолдарын анықтау.

Міндеттері:

- Оқыту үдерісінде дидактикалық және ұлттық ойындарды мақсатты пайдалану мәселелерін зерттеу;
- Ұлттық және дидактикалық ойындарды жобалау, экспериментті ұйымдастыру және талдау;
- Ұлттық және дидактикалық ойындарды оқыту үдерісіне қолдану бойынша ұсыныстар құрастыру.

Ұлттық ойындарды дидактикалық материал ретінде пайдалану бірыңғай ойын сабақтарын өткізуді білдірмейді. Оны тиімді пайдаланудың жолдары бар. Бұл тиімділікті арттыруға және оқушылардың әр сабақта жұмыс істеу қабілетін сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ ұлттық ойындарының тәрбиелік негізін бір сөзбен айтуға болмайтын күрделі іс-қимылдар шеңбері құрайды. Өскелең ұрпаққа берілетін Ұлттық ойындардың тәрбиелік негіздерін, оларды практикалық қолданудың тиімділігін ескере отырып, біз келесідей топтастыруды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда: ақыл-ой тәрбиесі, дене тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, салауатты өмір салтын тәрбиелеу, еңбек тәрбиесі, эстетикалық және көркемдік тәрбие, патриоттық тәрбие, Халықаралық тәрбие және т. б. Бұл негізгі мақсатқа мектептегі біртұтас педагогикалық процесті, тұлғаны, салауатты өмір салтын бағдарлайтын, жастардың бойында білім, Дағдылар, іскерлік қасиеттерді сіңіретін оқу орындарындағы басқа дидактикалық құралдармен үйлесімде қол жеткізуге ықпал етеді.[2,б32]

Ұлтымыз тәуелсіздік алғаннан кейін ел өмірінің барлық салаларында елеулі жаңалықтар келтірілді. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысының негізгі идеялық негізіне айналдыру міндеті тұр. Осы әлеуметтік-педагогикалық идеяларды жүзеге асыруда ұлттық ойындар негізгі көмекшілер болып табылады. Ежелден бері өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық ойындар қоғамдағы қарым-қатынасқа, қоршаған әлеммен өзара іс-қимылға ықпал етеді, болашақта біз өз өміріміз бен өнерімізге жаңа көзқараспен қарауымыз керек,

ұлттық мүдделерді, халқымыздың ежелгі арманын ескере отырып, жастарды тәрбиелеуді өзгертуге белсенді қатысуымыз керек.

Зерттеу нәтижелері. Елімізде ұлттық ойындарды оқу процесінде қолдану туралы зерттеушілер А. Бүркітбаев, Д. Жолымбетов, Е. Сағындықұлы, Ш. Ибраев еңбектері білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде пайдалану құндылығын ашады. [4,бб]

Орта буындағы сынып оқушыларын оқыту процесінде ұлттық және дидактикалық ойындардың белсендіруші мүмкіндіктері анықталды; орта сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту мақсатында тіл сабақтарын оқыту процесінде ұлттық және дидактикалық ойындарды қолданудың педагогикалық шарттары айқындалған; 5-7 сыныптарға арналған тіл сабақтары бойынша ұлттық және дидактикалық ойындардың ойын оқу жиынтығының мазмұны теориялық тұрғыдан негізделген.

Қорытынды. Орта мектеп оқушыларын оқыту үшін тіл сабақтары бойынша ұлттық және дидактикалық ойындар кешені эксперименталды түрде тексерілді, тіл пәндерді оқытуда ойын оқу жинағын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Зерттеудің негізгі идеялары мен нәтижелерін сынау анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттерге жеке қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу материалдары мен нәтижелері эксперименттің әртүрлі кезеңдерінде талқыланды: отырыстарда, ғылыми-практикалық конференцияларда, мұғалімдердің семинарында, сондай - ақ әдістемелік ұсынымдар мен ғылыми мақалалар жинақтарда көрініс тапты.

Әдебиет

1. Аймауытов Ж. Психология.- Алматы, 1995.
2. Алдамұратов Ә. Қызықты психология.- Алматы, “Қазақ университеті”, 1992.[мәтін]
3. Алдамұратов Ә. Жалпы психология.- Алматы, “Білім” 1996.
4. Әбдірахманов А.,Жарықбаев Қ. Психологиялық орысша- қазақша сөздік.- Алматы, “Мектеп”, 1976.[мәтін]
5. Елеусізова С. Қарым- қатынас психологиясы.- Алматы, 1995.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Сапабекова Нұрай Нұрғазықызы, 3 курс студенті

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Нургазиева Бакытира Акансериевна
директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары,
арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Кәсібіміз білім беру саласы болғандықтан, ел болашағына осы тұрғыдан үлес қосу негізгі міндетіміз. Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу және педагогтар құрамының сапасын арттыру.

Әлемдік өркениетке кіруге қатысты білім беру саласына қойылып

отырған заман талабының бірі - педагогикалық кәсіби қарым-қатынасты меңгерген, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеп қалыптастыру. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында да көрнекті орын алған .

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына, өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандардың қажет етілуіне байланысты білім сапасын арттыру міндеті қойылып отыр.

Білім туралы заңда білім берудің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Ол үшін «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген міндеттер қойылады. Демек, оқу-ағарту саласында өзекті мәселенің бірі - болашақ маман иелерін сапалы қарым-қатынасқа даярлап, олардың кәсіби құзыретін қалыптастыру.

Мәселе: мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру

Жұмыстың мақсаты: болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерін дамытуды әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу және оны жүзеге асыруды әдістемелік жүйемен қамтамасыздандыру.

Міндеттері:

1. «Қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті», «қарым-қатынас стилі» «педагогикалық қарым-қатынас» ұғымдарының мәнін ашу;
2. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттарының әдіснамалық негіздері айқында.

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуынан, қарым-қатынастан тұрады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дегенді қалай түсінеміз? Қарым-қатынас ұғымы – адамның ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі, олардың күнделікті өмір тіршілігіндегі бейнесін жасаудағы іс-әрекеті.

Өмірдегі әр-түрлі тіршілік жағдайына, өмірлік, қоғамдық қажеттілікке қарай адамдар арасындағы қарым-қатынасты бөліп қарауға болады. Жеке тұлғаның қалыптасуындағы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың орны ерекше. Қандай адам болсын, мейлі қарапайым жұмысшы болсын, мектеп өмірі туралы аса бір жылылықпен еске түсіндіруі жиі кездеседі. Бұл қарым-қатынас оқушының жеке қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді.

Мұғалім мен оқушы – әр түрлі екі субъект. Мәселенің негізгісі осы әр түрлі рухани дүниені біріктіру. Педагог міндетті түрде ықпал ету нысанын көріп қана қоймай, жасалған ықпалдың нәтижесінде көру керек. Мұғалім көп жағдайда өзінің сәтті ұйымдастырылған іс-әрекеттің тәрбиеленушіге сәтті ықпал ететініне сөзсіз сенеді. Алайда баланың бағынуы, келісімі, эмоциясы, іс-әрекеті міндетті түрде ескерілуі керек. Мұғалім үшін кері байланысты түсініп, қабылдауы өте маңызды.

Мұғалімдер қалыптасқан әдет бойынша өзімен әңгімелескен оқушыға өз сырларын айта бермейді. Өзінің оқушылары, жұмысы туралы бәріне әңгімелеп бергісі келіп тұрса да, ол басқа әңгімелесушінің жан дүниесіне саңырау болады.

Сонымен қатар, педагогикалық қарым-қатынастарды қалыптастырудың құрылымдық, мазмұндық моделі жасалды. Көпшілік алдында сөйлеу үшін қарапайым қарым-қатынасты барынша жаттықтыра түсу қажет. Тек осындай кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынаста, оған қоса балаларды шынайы жақсы көргенде ғана педагогикалық процестің бүкіл мәні айқындала түседі. В.А. Сухомлинский айтқандай, мұғалім өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен, адам жүрегін баурап алу өнерімен көрінеді. [1]

Сыныппен алғаш кездескен жас педагогтар, жаңадан үйретіп жүрген тәрбиешілер, практикадағы студенттер сыныппен қарым-қатынас жасаудың қиын екенін айтады. Педагогикалық практика кезінде мынандай сұрақтарды жиі кездестіруге болады: «Балалармен қалай сөйлесу керек?», «Әзіл айтуға бола ма?», «Балалар неге тыңдамайды?», «Бұйығылық пен ұялшақтықты қалай жеңуге болады?» т.б. осы сұрақтардың барлығы – педагогикалық қарым-қатынасты меңгере білмеудің нәтижесі.

Оқушылар қарым – қатынаста тең дәрежелі. Мұғалім шешімді оқушылармен білесіп қабылдайды, олардың ойларын, пікірлерін ескереді. Мұғалім тек үлгерімге ғана емес, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларына мән береді. Мұндай мұғалімдерге үлкен кәсіби тұрақтылық, өз мамандығына қанағаттану тән. Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор С.М.Жақыпов адамның психикалық дамуы оқыту процесі әсерінен тыс болмайды, ол үшін оқушы мен оқушы арасында нақты байланыс, оқытудың формасы мен мазмұны екі жақты біріккен іс-әрекетте орындалады деген. [2]

Педагогикалық іс-әрекеттегі тәуелділік және оның орындау процесі кезіндегі тәуелділік және оны орындау процесі кезіндегі қарым-қатынастың туу себептері, сонымен қатар қоғамдық ортадағы өмірдің тәуелділігі, пікірлесушілердің арасындағы ара-қатынастың барлығы қарым-қатынастың түрлері. Қарым-қатынастың түрлері адамның дүниеге келген күнінен бастап жас ерекшелікке қоршаған ортаның ықпалына байланысты дамиды.

Зерттеу нәтижелері: зерттеу тақырыбының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, кешенді әдістерді пайдаланумен, зерттеу нәтижелерін практикаға ендірумен, алынған деректердің дәлелділігімен, тәжірибелі-эксперимент барысында пайдаланылған ұсыныстардың тиімділігімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен қамтылды.

Қорытынды: Қарым-қатынас мәселесі бұл әлеуметтік психологияның негізгі проблемалары. Бұл мәселелермен тек психологтар, педагогтар ғана айналысып қоймайды, оны философтар, социологтар, политологтар да жан-жақты зерттеуде. Мектеп оқушыларымен жұмыс істейтін мұғалімдер өз ара түсіністіктің күрделі әлеуметтік- психологиялық процесі бола отырып, қарым-қатынасының түрін пайдаланады. Қарым-қатынастың қай түрі болмасын ол мұғалімнің шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты дейміз. Психологтар педагогикалық қарым-қатынастың нәтижесі мұғалімнің баланы біліп, тануына

және әр баламен диалогқа түсуіне байланысты деген. Әрине, қанша тәжірибелі мұғалім болса да, балалармен қарым-қатынас жасау, әр баланы білу, оларды тану, әр баланы іс-әрекетке кірістіру, оларды сөйлеттіру мұғалімдерге оңай жұмыс емес.

В.А.Сухомлинский: «Сөз-ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың» - деп оның маңызына ерекше назар аударды. [3]

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағымен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет.

Бұл ойымыз дәлелді болу үшін Ы.Алтынсариннің пікірін келтірейік: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін, өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздермен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек». [4]

Білім беру жүйесін реформалау негізінде шығатын педагогқа қойылатын жаңа талаптар болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесі алдына инновациялық іс-әрекетке дайын, зерттеу іс-әрекетіне белсенді, заманауи жаңалықтардан хабары мол, өз пәнін жетік білетін, жаңа озық іс тәжірибеден өз қажетін тауып, өз керегіне жарата білетін, кәсіби шеберлігін ұштай жүретін, жаңалықты сезіне білетін, оны өз пәнін оқыту әдістемесіне батыл енгізе білетін болашақ маман иесін шығару.

Әдебиеттер

1. Алтынсарин Ы. «Таңдамалы шығармалары», Алматы.
2. Бәшірова Ж.Р. «Болашақ педагогтардың коммуникативтік біліктілігінің басты мәселелері» 2006.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» Алматы, 2007.
4. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты Алматы, 2006.
5. Құрманалина Ш, Мұқанова Б. «Педагогика» Астана, 2014

ЗАИМСТВОВАНИЯ В РЕЧИ СОВРЕМЕННЫХ СТУДЕНТОВ. ВРЕД ИЛИ ПОЛЬЗА?

Сабуров Марат, студент 1 курса ЧУ «Колледж предпринимательства КИНЭУ»
Научный руководитель: Гарбузова Вера Сергеевна, преподаватель иностранного языка

Актуальность исследования связана с тем, что заимствования – одно из составляющих процесса развития языка, его пополнения и многообразия.

Проблема состоит в том, что с одной стороны появление новых слов расширяет словарный запас носителей русского языка, а с другой - утрачивается его самобытность и неповторимая красота.

Цель работы изучить особенности англицизмов и выявить использование иноязычной лексики студентами ЧУ «Колледжа предпринимательства КИНЭУ»

Задачи

1. Определить причины заимствований английских элементов в русском языке;
2. Проанализировать теоретические материалы, связанные с заимствованиями;
3. Рассмотреть способы образования англицизмов;
4. Классифицировать наиболее употребляемые англицизмы по сферам общения;
5. Провести анкетирование и определить, какие англицизмы используются студентами ЧУ «Колледж предпринимательства КИНЭУ» наиболее часто.

Примеры англицизмов в русской речи можно услышать повсеместно. «Новомодные гаджеты и дивайсы пользуются особой популярностью среди покупателей молодого возраста. По ТНТ в субботу вечером зрители могут посмотреть танцевальный батл. Программа «Танцы» объявила очередной кастинг для профессиональных танцоров. Невезучего человека называют лузером. Фасады саманных домов часто отделывают немецким сайдингом. Есть психологические методики, направленные на измерение IQ учеников и студентов. Без промоушена трудно добиться успеха в трудовой деятельности. Туристы наслаждаются апельсиновым фрешем на отдыхе. Трансляции **саммитов** и репортажи с подведением их итогов вызывают большой интерес у зрительской аудитории зрелого и пожилого возраста. Сериалы обычно заканчиваются **хэппи-эндом** и т.д.»

У обычных людей на слуху многочисленные экономические и финансовые термины, такие как: бартер, брокер, дилер, дистрибьютер, маркетинг, инвестиция, кредиты и т.д. Для любителей спорта появляются новые виды спортивных занятий: виндсерфинг, армрестлинг, фристайл, скейтборд, сноуборд, кикбоксинг.

С развитием компьютеризации появились термины, относящиеся к компьютерной технике: не только само слово компьютер, а также дисплей, файл, интерфейс, принтер, сканер, ноутбук, драйвер, браузер, сайт и т.д. Ну а женская косметичка изобилует вещицами, для обозначения которых используются только английские лексические единицы: консилер (карандаш-корректор), пиллинг-крем, (убирающий мелкие ороговевшие частички кожи), лифтинг – крем (крем, подтягивающий кожу), парфюм (духи), лайнер для глаз (подводка для глаз) и т.д.

Заимствования из английского языка охватывают все сферы молодежной жизни. Сфера учебы представлена следующими лексическими единицами (тичер, инстительют, деп, инглиш, хостел, джим, ридинг рум, тест и т.д.) Есть сленгизмы, относящиеся к сфере досуга – пати, тусовка, поинт, файтинг и т.д.;-заимствованные студентами из жаргона компьютерщиков и программистов – киборд, маус, мессидж и т.д. - заимствованные из жаргона музыкантов - рок, поп, джаз, блюз, рэп, драммер, клаббер , дансер, шоппер и т.д.-выяснение отношений - кипиш, бэтл и т.д.- межличностные отношения – френд, митинговать (зн. встречаться) - наименования одежды и аксессуаров - дрес, трузера, тишортка, пины, ринги и т.д.-части тела – фейс, тифы, хэнды, футы, фингеры, нейлы и т.д.- наименования бытовой техники –тиви, фридж ,

комп. и т.д. -существительные, обозначающие деньги – мани, кэш и т.д.- названия членов семьи – паренты, фазер, анкл, анти и т.д..-оценочные наречия и прилагательные, заимствованные из английского языка, – грейт, бэд, кул и т.д..

Безусловно, в использовании англицизмов есть и свои плюсы. Заимствования из английского языка помогают учащимся изучить его максимально быстро. Иногда даже им легче выразить свою мысль и чувства с помощью английского, а не родного языка. Среди главных причин использования английских слов в речи подростки и молодые люди указывают – возможность передавать друг другу информацию, так, что, окружающие их преподаватели, родители не поняли, о чем идет речь.

Оправданным является заимствование, которое означает в языке то понятие, которого ранее в этом языке не существовало. Например, таких понятий, как "шоколад", "галоши", "телефон" и многих других, в русском языке не было. Эти вещи вошли в наш мир, и, соответственно, слова, их обозначающие, появились в языке. В основном, оправданные заимствования встречаются в медицине, науке и технике.

Неоправданным заимствованием является слово, которое вводится в язык из иностранного языка (и используется в нём) в качестве синонима для определения того или иного понятия, при том что русские слова, определяющие это понятие, уже имеются в наличии.

Однако многие считают, что такие слова, наоборот, обогащают русский язык. Используя такую логику, можно для каждого русского слова набрать тысячи синонимов из разных языков и "обогатить" русский язык в тысячи раз. Естественно, что результат мало кому понравится.

Ненужные английские заимствования употребляют сейчас все: политики, дикторы радио и телевидения, предприниматели, студенты. В речи молодежи можно насчитать около 1000 неоправданно-используемых английских слов, такие как "прессинг", "никнейм", "голкипер", "делит", "логин", "тренинг" и т.д. Даже иностранцы, хорошо владеющие русским языком, удивляются громадному количеству иноязычных слов в нашей прессе, журналах, книгах, рекламе. В настоящее время наблюдается процесс варваризации русского языка, то есть проникновение в речь иноязычных слов, имеющих в русском языке эквиваленты.

Результаты исследования показали, что 93% студентов колледжа используют английские заимствования в своей речи при общении со сверстниками.

Выводы: Заимствования активно используются студентами ЧУ «колледж предпринимательства КИНЭУ» очень часто в повседневной жизни. В некоторых областях знаний заимствования необходимы, так как являются важным инструментом. Иногда англицизмы употреблять удобнее, так как они короче, четче выражают смысл. Англицизмы многим понятнее, чем длинный перевод на русском языке. Для того чтобы сохранить чистоту русского языка, нужно употреблять как можно меньше англицизмов.

Литература

1. Бегларян С.Г. Заимствование англицизмов в русском языке// Молодой ученый. – 2014 – URL: <http://www.philology.ru>
2. Брейтер М.А. Англицизмы в русском языке: история и перспективы: Пособие для иностранных студентов-русистов. - Владивосток: изд-во "Диалог".
